

**А.С. АҚТАНОВА, А.К. ЖУНДИБАЕВА, Л.К. ЖҮМЕКЕНОВА**

# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық

# 6

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының  
сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2018

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 83.3(5Қаз)я72  
А 38

**Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен негізгі орта білім беру деңгейінің 5–9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің жаңартылған мазмұндағы Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.**

### Шартты белгілер:



– сұрақтар



– Ләйлә



– есте сақтап, жатқа меңгеру



– жұппен орындайтын тапсырмалар



– тыңдау арқылы тапсырмаларды орындау



– топпен орындайтын тапсырмалар



– Нұрасыл



– ғалым пікірі

**Ақтанова А.С. т.б.**

**А 38 Қазақ әдебиеті:** Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық/  
А.С. Ақтанова, А.К. Жұндібәева, Л.К. Жүмекенова. – Алматы: Атамұра, 2018. –  
128 бет.

ISBN 978-601-331-133-3

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 83.3(5Қаз)я72

ISBN 978-601-331-133-3

© Ақтанова А.С., Жұндібәева А.К.,  
Жүмекенова Л.К., 2018  
© «Атамұра», 2018

Бөлімі	Шығарманың атауы	Авторы	Жанры	Теория
<b>Сөз басы</b>				
<b>Туған жерім – аялы алтын бесігім</b>	«Аяз би»		ертегі	ертегі, шыншыл ертегілер
	«Алып Ер Тұңға»		жыр	кейіптеу, градация, арнау
	«Қашықтасың туған жер»	Әбу Насыр өл-Фараби	өлең	метафора
	«Тіршілікте құрыштай бол төзімді»			
	«Қоғалы көлдер, қом сулар»	Доспамбет жырау	толғау	антитеза, аллегория, гипербола, литота
«Айналайын Ақжайық»				
<b>Абайды оқы, Абайды оқы, табырқа!</b>	«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»	Абай Құнанбайұлы	өлең	өлең құрылысы
	«Ғылым таппай мақтанба»			
	«Бірінші сөз»		қарасөздер	
	«Жетінші сөз»			
	«Отыз бірінші сөз»			
<b>Мен – балаң, жарық күнде сөзге құған...</b>	«Шығамын тірі болсам адам болып»	Сұлтанмахмұт Торайғыров	өлең	метонимия
	«Шәкірт ойы»			
	«Жусан иісі»	Сайын Мұратбеков	повесть	тақырып, идея
	«Тортай мінер ақ боз ат»	Оралхан Бөкей	әңгіме	типтік образ
	«Қажымұқан»	Қалмақан Әбдіқадыров	повесть	көркем бейне
<b>Тәуелсіздік – қасиет тұнған ұлы ұғым</b>	«Менің атым – Тәуелсіздік»	Ерлан Жүніс	өлең	лирика, лирикалық образ
	«Прописка»	Асқар Алтай	әңгіме	пейзаж
	«Ана тілі»		өлең	
	«Менің Дағыстаным»	Расул Ғамзатов	повесть	
<b>Сөз соңы</b>				



## СӨЗ БАСЫ



– Оқу жылының басталуымен құттықтаймын, Ләйлә!



– Қазақ әдебиетіндегі бірқатар жанр түрлерін меңгердік.



– Рақмет, Нұрасыл! Барлық достарға жаңа оқу жылында мол табыстар тілеймін!



– Қымбатты достар! 6-сыныпта «Туған жерім – аялы алтын бесігім», «Абайды оқы, таңырқа!», «Мен – балаң, жарық күнде сәуле құған...», «Тәуелсіздік – қасиет тұнған ұлы ұғым» бөлімдері бойынша ауыз әдебиетінен бастап, тәуелсіз еліміздің таңдаулы туындыларымен танысамыз.



– Өткен оқу жылында әдебиетіміздегі рухани мұраларымызбен таныстық. Әдеби-теориялық ұғымдарды білдік.



– Әдебиет айдынындағы сапарымыз сәтті болсын!



– Көркем шығармаларды талдауды үйрендік.



## ТУҒАН ЖЕРІМ – АЯЛЫ АЛТЫН БЕСІГІМ



– Халық ауыз әдебиеті – халықтың ғасырлар бойы ауызша шығарып, сақтап келген әдебиеті, рухани асыл қазынасы.



– Ертегі, мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш, батырлар жыры, аңыз-әңгімелер, түрлі өлең-жырлар есте жоқ ескі замандардан бері жалғасып, ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырған. Сол ұзақ ғасырлар бойында олардың алғашқы шығарушылары – авторлары да ұмыт болып, өзгерістерге ұшыраған.



– Ауыз әдебиетінен халықтың тарихын, тұрмыс-тіршілігін, салт-санасын, ой-арманын т.б. білеміз. Ол – халықтың бай әрі шұрайлы тілінің жемісі.

Ертегілер – адам баласының жазу өнері болмаған кезде ауызша шығарған көркем әңгімесі, ауыз әдебиетінің көне әрі күні бүгінге дейін өз мәнін жоймаған түрі.



**Ертегі** деп баяғы замандағы елдің дүниеге көзқарасын білдіретін, я сол көзқарастың белгілі ізін көрсететін, онан соң елдің белгілі салтын білдіретін, арнаулы үлгі айтатын, жамандықты жерлеп, жақсылықты көтеріп айтқан, ойдан шығарған көтерме әңгімені айтады.

**Мұхтар Әуезов**



– Ертегілер қиял-ғажайып ертегілері, жануарлар жайындағы ертегілер, шыншыл ертегілер болып бөлінеді. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар.





**Шыншыл ертегілерде** өткен ғасырдағы қоғамның, халықтың өмірі, тұрмысы суреттелген.

Онда басқа ертегілердегідей қиялдан, ойдан туған ғажайып кейіпкерлер (жеті басты дәу, мыстан, таусоғар, саққұлақ т.б.) болмайды.

**Шыншыл ертегілердің басты қаһармандары** – қарапайым адамдар.

Мұндай ертегілерде ең әділ, ең ақылды адам өзінің тапқырлығымен, адал еңбегімен жеңіске жетіп отырады. Жағымсыз кейіпкерлердің іс-әрекеті өшкереленеді. Сондай ертегілердің бірі – «Аяз би».



**1-тапсырма.** Ауыз әдебиеті дегеніміз не? Оның авторы кім? Не себепті ауыз әдебиеті деп аталады?



**2-тапсырма.** Ертегілердің қандай түрлерін білесіңдер? Олардың бір-бірінен айырмашылығы қандай? Ұқсастығы бар ма?




**3-тапсырма.** Шыншыл ертегілердің басқа ертегілерден айырмашылығы неде? Не себепті шыншыл деп аталған?



**4-тапсырма.** Ертегіні кімдер зерттеді? М. Әуезов қандай пікір айтқан?



**5-тапсырма.** Ұсынылған графикалық органайзер бойынша ертегі түрлеріне анықтама беріп, дәптерге жазыңдар.



## АЯЗ БИ

(*Ертегі*)

Ертеде Мадан деген хан болыпты. Оның ақылы, тапқырлығы өзінің заманындағы көп хандардан артық екен. Ханның қырық уәзірі бар екен. Бір күні хан уәзірлерімен мәжілістес болып отырып:

– Уәзірлерім! Сендер қырқың да асып туған ақылды, данышпан едіңдер. Мен сендерді бір жұмысқа жұмсаймын, сендер маған



дүниедегі адамның жаманын, құстың жаманын және шөптің жаманын тауып әкеліндер. Он бір ай уақыт беремін. Сол он бір айдың ішінде тауып әкелмесеңдер, жазалы боласыңдар, – депті.

Хан бұйырған соң, амал жоқ, уәзірлері өзара ақылдасып, іздеуге кіріседі.

Көп іздеп, азап шегіп, шеңгел деген шөпті тауып: «Өзі – тікен, арасынан жүрсе киім жыртады, мал жемейді екен, шөптің жаманы осы ғой», – деп шеңгелді алады. Қырғауыл деген құсты тауып: «Үстінде жүні жоқ, ұсқыны келіссіз, құстың жаманы осы екен», – деп қырғауылды атып алады. Енді адамның жаманын таба алмай, қырық уәзір келе жатса, таудың етегінде үстінде жыртық тоны, басында тері тымағы бар, ұсқынсыз бір адам бес-он қойды бағып жүр екен. Уәзірлер таңырқап: «Адамның жаманы, сірә, осы болар-ау», – деп тұрғанда, әлгі адам:

– Уа, мырзалар, неге таңырқайсыңдар? – депті.

Уәзірлер ханның сондай бір жұмысқа жұмсағанын, шөптің, құстың жаманын тауып, енді адамның жаманын таба алмай, ол адамның ұсқынын көріп таңданып: «Адам жаманы осы болар», – деп таңырқап тұрғандарын айтыпты.

**Жаман тұрып:**

– Болды, адамның жаманы керек болса, мен боламын. Ханға мені алып барсаңыз, сіздердің жұмысыңыз бітеді, – дейді.

**Уәзірлер:**

– Олай болса, жарайды, – деп Жаманды аттың артына мінгестіріп алып, ханға жөнеледі. Ханға келе жатып, Жаман:

– Адамның жаманын тауып алдыңыздар, бірақ шөптің, құстың жаманын таба алмаған екенсіздер. Шөптің жаманы – қарақоға, құстың жаманы сауысқан еді, – деп уәзірлерге қырғауыл мен шеңгелді тастатып, олардың орнына қарақоға мен сауысқанды алдырады. Уәзірлер мәнісін сұрайын деп еді, ол:

– Хан алдында айтам, – деп сөйлемеді. Уәзірлер келген соң, хан әкелген адамның ұсқынына қарап:

– Әкелген адамың жарайды. Мұнан жаман кісі дүниеде жоқ шығар. Қазір аспазшыға апарыңдар, көже мен нан берсін, сыйласын. Ертең ортаға алып, тамаша етеміз, – деп Жаманды асүйге жіберді.



– Бірақ құстың жаманы мен шөптің жаманын таба алмаған екенсіңдер. Құстың жаманы – қырғауыл, шөптің жаманы шеңгел еді. Осыны көре, бұларды әкелулеріңнің не мәні бар еді? – деп хан уәзірлеріне қатулана бастады.

Сонда уәзірлер:

– Тақсыр, айтқаныңыз дұрыс. Біз шөп жаманы деп шеңгелді, құс жаманы деп қырғауылды алып едік. Бірақ жолшыбай әлгі Жаман: «Шөптің жаманы – қарақоға, құстың жаманы – сауысқан», – деп, бізге оларды тастатып, қарақоға мен сауысқанды алдырды, – деп жауап берді.

Хан аз кідіріп:

– Е, Жаманның не білгені бар екен?! Шөптің жаманы – қарақоға, құстың жаманы сауысқан екенін қайдан білді? Алып кел, сұралық! – деп бұйрық етті. Жаманды ханға алып келді.

Хан Жаманның бетіне қарап:

– Мен құстың жаманы – қырғауыл, шөптің жаманы – шеңгел деп ойлаушы едім, сен оларды уәзірлерге тастатыпсың. Сен шөптің жаманы – қарақоға, құстың жаманы сауысқан екенін қайдан білдің? – деді.

– Тақсыр хан, елу жасқа келіп жаман болған жоқпын, жасымнан-ақ жаман едім. Өмірімде отын-су тасып, еткенім кісінің құлшылығы болды. Сол уақытта шеңгелді әкеліп отқа жақсам, кешке жаққан отым ертеңге дейін сексеуілдің шоғындай жайнап жататын еді. Сол уақытта: «Киім жыртып, мал жемейтін шеңгел отын ретінде пайдаға асады екен-ау», – деп ойлаған едім. Ал енді қарақоғаны алып отқа жақсам, отқа жанбайтын еді, үрsem, жалыны мен шоғы бірге сөніп, күлі бұрқырап, үйдің ішін алып кететін еді. Отқа жанбаған соң, апарып малға салсам, мал жаманы сиыр екеш, сиыр да мұрнын шүйіріп жемейтін. Сонан соң қарақоға тіпті пайдаға аспайтын шөп қой деп ойлаушы едім. Қарақоғаның жамандығын содан білдім, – деді Жаман.

– Сауысқанның жаман екенін қайдан білдің? – деді хан.

– Қырғауылдың жүні жоқ болса да, қанаты бар, адамның пайдасына жарайтын адал құс еді. Біреудің сиықсыз болуы – төңірдің ісі. Қырғауылдың айыбы – тек сиықсыздығы. Ал сауысқанның жүні ала болғаны сияқты, өзі де ала, бірлігі жоқ. Екеуі бірігіп

ұшпаған, екеуі бірігіп қонбаған, адам пайдасына аспайтын арам құс еді. Сондықтан құс жаманы сауысқан деймін.

– Хош, сауысқан мен қарақоғаның жамандығын білдің. Енді өзіңнің жамандығыңды қайдан білдің? – деді хан.

– Уа, тақсыр! Менің жасым елуге келді. Мен қатарлылар әйел алып, бала көрді, келін жұмсап, қызық көріп отыр. Мен қайда болса сонда, әлі күнге дейін әркімнің артына мінгесіп, басқа біреудің құлшылығында жүрмін. Енді мен жаман емей, жақсымын ба? – деп Жаман ханға қарады. Хан басын шайқап:

– Апыр-ай, сен жаман болсаң жарар еді... Құстың, шөптің, өзіңнің жамандығыңа дәлел айттың, жарайды. Енді менің бір тұлпарым бар, соны сынап бересің бе? – деді.

– Жақсы, сынап берейін.

Тұлпарды алып келген соң, Жаман тұлпардың алды-артына қарап:

– Тұлпарыңыздың сипатынан мін таба алмадым. Енді мініп қарар едім, – деп ханнан рұқсат сұрап алып, тұлпарға мініп, есік алдындағы өзеннен әрі-бері өтті де, қайтып келіп:

– Тақсыр! Тұлпарыңыздан басқа мін таба алмадым. Тұлпарыңыз тек сиырға шатыс екен, – деді.

Хан танданып:

– Апыр-ай, залым, оны қайдан білдің? Айтқаның рас. Менің Ақша хан деген құдам бар еді. Соның тұлпар табатын бір буаз биесін қалап алдырған едім. Бие күні жетіп, құлынды туа алмай, өлер болған соң: «Бие өлсе, құлын қалсын», – деп биенің ішін жарып, құлынды алғанмын. Сол құлын осы еді. Әбден отығып кеткенше, сиырдың сүтімен асырап едім. Ал енді сен мұның сиырға шатыс екенін қайдан білдің? – деді хан.

– Тұлпардың одан басқа мінін таба алмадым. Бірақ тұлпарыңыз судан әрі-бері өткенде, аузын суға малып, артқы аяғын сілкіп өтті. Сиырды күніне қырық суарсам да, судан айдағанда, аузын суға малмай, артқы аяғын сілікпей өтпеуші еді. Тұлпардың сиырға шатыс екенін содан білдім, – деді.

Отырған жұрт таңғалып, бір-біріне қарасты.

Хан біраз ойланып отырып:

– Енді менің бір гауһар тасым бар. Сол тасымның қандай қасиеті бар екенін тап, – деп қазынасындағы тасты алдырып берді.

Жаман тасты қолына алып салмақтап, шайқап қарап отырды да:

– Сіздің тасыңыз, рас, қасиетті тас екен. Бірақ екі жылдан соң қасиеті бітеді. Тасыңыз көзіккен екен. «Адам тілі тас жарар, тас жармаса, бас жарар» деген. Тастың ішінде көз тиіп түскен екі қара бас құрт бар. Тасыңыздың пышақ сыртындай ғана қалыңдығы қалыпты. Сол құрт екі жылдан соң тесіп шығады. Тесіп шыққан соң, тасыңыз пайдаға аспайды, – деді.

Бірсыпыра жұрт не дерін білмей: «Бөрібір екі жылдан соң пайдаға аспайтын болса, тасты жаралық», – десті. Бірсыпырасы: «Жаманның сөзіне бола тастан айырылмайық», – десті. Ақырында, тасты жармақшы болды. Тасты жарып қараса, ішін екі қара бас ақ құрт кеулеп, тесуге жақындап қалған екен.

– Тастың ішінде құрт бар екенін қайдан білдің? – деді хан.

– Тастың өз қасиетіндей салмағы да болуы керек. Тас жеңілдеген екен. Құрт бар екенін содан білдім, – деп Жаман жауап берді.

– Апырым-ай, сен жаман болмадың ғой, тіпті бір данышпан болып жүрме! Ал сен менің өзімді сынашы? Мен неше атамнан бері хан екенмін?– деді хан. Жаман:

– Жақсы, – деп тақта отырған ханның алды-артына шығып, алдына келіп, ханның бетіне тіке қарап тұрып:

– Жоқ, тақсыр, сіздің басыңыздан басқа тегіңізде хандық жоқ екен, хандық қара басыңда екен. Қарадан туып хан болғансың, атаңда хандық жоқ екен! – деді. Жаманның сөзін бітірмей, хан оның сөзін бөліп:

– Жоқ, қате айтасың, мен жеті атамнан бері ханмын. Өзімді қойғанда да алты атамды қайда жібересің,– деп Жаманға жекірді. Жаман саспады.

– Жоқ, тақсыр, сіздің қара басыңыздан басқа тегіңізде хандық жоқ. Сіз нағыз наубайдың баласысыз, – деді.

Хан не дерін білмей, халыққа қарап:

– Апырым-ау, мына Жаман не дейді? Халқым, мен хан баласымын деп жүр едім, шақырыңдар анамды! – деді. – Ақыретке



біреудің қанын жүктеп барып, төңірі алдында қарабет болмасын, не де болса, шынын айтсын. Әйтпесе ашумен мына Жаманның басын кесермін, – деді.

Шешесі келген соң, хан шешесіне Жаманның сөзін айтты. Шешесі терең күрсініп, сөзге кірісті:

– Е, шырағым, жасым сексенге келгенде, біреудің қанын жүктеп не қылайын. Бір сыр бар еді, оны төңірінің өзі ғана білетін еді, мен білетін едім. Мынау Жаманың біліпті, енді айтайын.

Атаң сенің Зәрлі хан еді. Менен бұрын 19 әйел алып, кілең қыз тапқаны үшін бөрінің де ішін жарып өлтірген екен. Соның үшін де «Зәрлі хан» деп халық ат қойып еді. Жиырмамыншы әйелге мені алды. Мен де екіқабат болған соң, жалғыз жанымнан қорқып, тәуіптерге қаралып едім: «Сенің ішіндегі қыз», – деді. «Қыз тапсам, мені де өлтіреді ғой», – деп көп қайғы жедім. Сол күндерде бас аспазшы-наубайдың әйелі де екіқабат екен. Оның да тамырын ұстатып қаратып едім: «Мұның ішіндегі ұл», – деді. Жалғыз жаным үшін сол жерде маған ой келді. Әйелді оңаша шақырып алып, барлық мұңымды айтып, қазынадан табақтап алтын беріп: «Ақыреттік дос болайық, ұл тапсаң, ұлыңды маған бер, менің қызымды ал. Бірақ бұл сырды ешкім білмесін!» – деп жалындым. Әйел табақтап алтын алып, бір жағынан мені аяп, сол жерде уәдесін берді. Туар кезімізде Зәрлі хан аңда еді, екеуіміздің толғағымыз бір күнде келіп, бір сағатта босандық. Сырды ешкім білмесін деп, басқа біреуді де жолатпай, біріміздің баламыздың кіндігін біріміз кесіп, сол қолыммен қызымды беріп, оң қолыммен сені алған едім, шырағым!.. Енді бұл күнде мына Жаманың соны біліпті. Сыр ашылуға төңірі жазса, не шарам бар? – деп сөзін аяқтай алмай, шешесі жылап жіберді.

– Сөз тапқанға қолқа жоқ! Олай болса, мен таққа лайық емес екенмін, осы оқиғаны оймен білген сіз лайықты екенсіз, – деп хан тағынан түсіп, тақты Жаманға береді.

**Жаман:**

– Жоқ, тақсыр, кешегі күні «Жаман кісі керек», – дегенде, ат артына салып келген Жаман едім, бүгін таққа отырмаймын. Сіздің көлеңкеңізде жүрсем де жарар. Тағыңызға өзіңіз отырыңыз, – деп болмайды.



Хан таққа отырып:

– Апырмай-ай, тақсыр, менің наубайдың баласы екенімді қайдан білдіңіз? – дейді.

Сонда Жаман:

– Мен жаман-жақсы болсам да, үйіңізге келген қонақ едім. Хандардың ішер асы – жал мен жая аузыңызға түспей, нан, көже түсіп, келісімен аспазшыға жібердіңіз. Салтыңызға тарттыңыз. Сіздің аталы хан емес екеніңізді содан байқадым, – деді.

Жиылған жұрт таңғалды.

Сол күйінше хан тағы да хандық құрды. Жаман оған жақсы үзір болды. Жаман ханға ақылымен, тапқырлығымен жақты. Содан былай қарай қырық үзір елеусіз боп шетте қалды...



**Аяз би** – халық арманынан туған кейіпкер. Шешен, қара қылды қақ жарған би, абыз. Кейбір деректерде Аяз би Майқы бидің кеңесшісі, XII–XIII ғасырларда өмір сүрген, тарихта болған адам деп те айтылады.



**1-тапсырма.** Ертегідегі түспал, жұмбақ, ишара сөздерге назар аударып, идеясын түсіндіріңдер.



**2-тапсырма.** «Аяз би» ертегісінің сюжетін топта талдап, оқиғаның шиеленісуі мен аяқталуы туралы пікір білдіріңдер. Ханның бейнесіне сипаттама жасаңдар.



**3-тапсырма.** Берілген үзіндіні мәнерлеп жатқа оқып, диалог түрінде айтып беріңдер.

«Жаман:

– Жоқ, тақсыр, кешегі күні «Жаман кісі керек», – дегенде, ат артына салып келген Жаман едім, бүгін таққа отырмаймын. Сіздің көлеңкеңізде жүрсем де жарар. Тағыңызға өзіңіз отырыңыз, – деп болмайды.

Хан таққа отырып:

– Апырмай-ай, тақсыр, менің наубайдың баласы екенімді қайдан білдіңіз? – дейді.

Сонда Жаман:

– Мен жаман-жақсы болсам да, үйіңізге келген қонақ едім. Хандардың ішер асы – жал мен жая аузыңызға түспей, нан, көже түсіп, келісімен аспазшыға жібердіңіз. Салтыңызға тарттыңыз. Сіздің аталы хан емес екеніңізді содан байқадым, – деді».



**4-тапсырма.** Ертегінің толық нұсқасын хрестоматиядан оқыңдар. «Ай, Аяз, баймын деп аспа, ханмын деп таспа, Аяз, әліңді біл, Құмырсқа жолыңды біл» деген нақыл сөз арқылы Аяз биге мінездеме, портрет жасаңдар.



**5-тапсырма.** Жаман мен оның әйелі Меңдінің адамгершілік қасиеттерін білдіретін үзінділерді хрестоматиядан табыңдар.



**6-тапсырма.** Шығармадағы көріктеу-айшықтау (көркемдегіш) құралдарын, мақал-мәтелдерді, ауыспалы сөздерді тауып, дәптерге жазыңдар.

Ауыспалы сөздер	Мақал-мәтелдер	Теңеулер	Эпитеттер	Метафора



**7-тапсырма.** Шығарманың қаһарманы деген ұғымға анықтама беріңдер. Ханның Жаманды «Барсакелмеске» жұмсауына не себеп болды?



**8-тапсырма.** Жаман мен Меңдіге мінездеме беріңдер. Екі кейіпкердің ерекшелігін нақты мысалдармен дәлелдендер.

Кейіпкер	Мінезі	Ертегіден үзінді
Жаман		
Меңді		



**9-тапсырма.** «Біреуге ор қазба, өзің түсерсің» деген мақалды негіз етіп, уәзірлердің қылығын өз көзқарастарың бойынша талдап, сыни хабарлама жазыңдар.



**10-тапсырма.** «Аяз би» ертегісінде айтылатын құстар мен өсімдік түрлеріне қосымша дереккөздерді пайдалана отырып, түсінік беріңдер.

1 - топ  
Қырғауыл

2 - топ  
Сауысқан

3 - топ  
Шеңгел

4 - топ  
Қарақоға

Жақсы. Неге?				
Жаман. Себебі...				



**11-тапсырма.** Мәтінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

**Уақыт мөлшері: 20 минут.**

1. Хан мен қойшының арасындағы диалогке назар аударыңдар.
2. Олар не туралы сөйлесті деп ойлайсыңдар? Жазыңдар.
3. Жауаптарыңды хрестоматиядан тексеріп оқыңдар.



– Қазақ әдебиетінің тарихы – қазақ халқының қадім замандардан бастап, бүгінгі күнге дейін жасап келе жатқан көркем әдеби туындыларын қамтиды.



– Қазір әдебиет тарихы зерттеліп отыр. Ежелгі дәуір әдебиеті, түркілік дәуір әдебиеті деген ұғымды белгілі ғалым, профессор Бейсенбай Кенжебаев қалыптастырды.



– Түркі әдебиеті төмендегідей дәуірлерге бөлінеді:

1. Заманымыздан бұрынғы жазу-сызулар, аңыз-жырлар (сақ, ғұн, үйсін дәуірі: б.з.б. VII ғ. – б.з. IV ғ.).
2. Түрік қағанаты дәуіріндегі әдебиет (V–VIII ғғ.).
3. Оғыз дәуіріндегі әдебиет (IX–X ғғ.).
4. Ислам дәуіріндегі әдебиет (X–XII ғғ.):  
Сыр бойы әдебиеті;  
Қарахан әдебиеті.
5. Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет (XIII–XIV ғғ.).



– Б. Кенжебаев, М. Жолдасбеков, Н. Келімбетов, А. Қыраубаева, Х. Сүйіншәлиев және т.б. ғалымдарымыз әдебиетіміздің кезеңдік ерекшеліктерін анықтап, ежелгі төл мұраларымызбен қайта қауыштырды. Бүгін біз «Алып Ер Тұңға» шығармасымен танысатын боламыз.



**Кейіптеу** – әртүрлі табиғат құбылыстарын, жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп немесе қалайда жан бітіргендей етіп суреттейтін көркемдік тәсіл.

Абай «Қыс» атты өлеңінде жылдың осы мезгілін мейірімсіз, түсі суық, қатал көрі құданың кейпінде бейнелейді.

Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,  
Басқан жері сықырлап, келіп қалды.  
Дем алысы – үскірік, аяз бен қар  
Көрі құдаң қыс келіп, өлек салды.





**Градация** (біртіңдеп көтеру), яғни дамыту – айшықтаудың бір түрі: алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды асыра, асқақтата түсу. Поэзияда, прозада да қолданылады. Мысалы, «Қобыланды батырдағы» Тайбурылдың шабысы. Градация қолдану сипатына қарай екіге бөлінеді. Бірі – түйдектету: «Қиқу салып құзға ұшқан, Құздан суық мұзға ұшқан, Мұздан биік бұлтқа ұшқан» (Т. Жароков); екіншісі – баяулату: «Әм жабықтым, әм жалықтым» (Абай). Кейде екеуі қосарланып қолданылады: «Безілдет. Сарнат. Зарлат! Үздіктірші! Керек жоқ! Лақтыр әрі! Қысқарт. Қысқарт» (І. Жансүгіров).



**Арнау** – әдеби шығарманың басында берілетін, сол шығарманың кімге, қандай оқиғаға байланысты екенін көрсететін, көбінесе өлең түрінде келетін автордың сөзі. Егер шығарманың авторы белгісіз болса, оның мазмұнынан кімге арналғанын аңғаруға болады.

## АЛЫП ЕР ТҰҢҒА

(б.з.б. VII ғ.)

Алып Ер Тұңға – түркі мемлекетін басқарған көсем. Ол замандағы түркілер Енисей мен Ертіс, Дунай бойлары, Ауғанстан мен Иран, Сирия, Түркия жерлерін мекендеген.



Қазақ халқына көп ғасырдан бері мұра болып келе жатқан ғажайып аңыздарды, мазмұны ертегіге айналған мифтерді, жай-күйін көкке сермейтін асқақ ерлік жырларын тереңнен алып қарасақ, онда бүкіл дүние мәдениетіне қосылатын сәулетті сыр бар.

**Әлкей Марғұлан**

Тұран әскері қолбасшысының атына қосылып айтылатын «алып» сөзі сол заманда «күшті», «батыр», «қаһарман», «ержүрек» деген мағынаны білдірген. «Алып» – сақтар мен ғұндар заманынан бері ел қорғаған батырлардың, қолбасшы ерлердің мәртебелі есімі. Алып Ер Тұңға – Иранның ұлы ақыны Фирдоусидің «Шаһнама» кітабына кейіпкер болған. Онда Афрасиаб, яғни Алып Ер Тұңға Тұран патшасы болып суреттеледі. «Тұран» – Тұр елі – түркілер елі деген сөз. Иран патшалары мен Афрасиабтың соғысы Сейхун (Сырдария) – Жейхун (Әмудария) шегарасында өткен.



Бұл б.з.б. VII–VI ғасырда болған оқиға. Бұл дерек бізге қайдан келді дегенде, ирандықтардың «Авеста» деген кітабы бар. Ирандықтар күнге табынған. Ол кезде түркілер көк төңіріге табынған. Жырда Иран мен Тұран арасындағы соғыс кезіндегі оқиға суреттеледі...

**Мекемтас Мырзахметов**

Алып Ер Тұңға – тарихи адам. Ақыл-айласымен, күшімен, айтса сөзін өткізіп, тіресе жеңіп, елді ел қылған батыр. Ол қайтыс болғанда, артында қалған елі жоқтау шығарған. Сол жоқтау ауыздан-ауызға тарап, одан XI ғасырда түркі ғалымы Махмұт Қашғаридің «Диуани лұғат ат-түрік» («Түрік тілдерінің сөздігі») еңбегі арқылы біздің дәуірімізге жеткен.



Афрасиабтың аңыздағы бейнесі Қорқытқа ұқсас. Ол өмірінің ақырында адам бойынан мың есе ұзын, есік-тесігі түгел бекітілген қорған салып алып, тығылып жатыпты. Алтын мен күмістен бірі – Ай, бірі – Күн, екі шам орнатыпты. Қорғанның іші асыл тастардың жарқылынан күндізгідей жарық болып тұрады екен. Бірақ ажалдан құтыла алмапты. Ажал адам кейпіне еніп келіп, жанын алыпты. Афрасиаб сияқты, Қорқыт ата да ажалдан қашқан. Өздері өлсе де, жасаған жақсы ісі, даналық сөздері қалды. Өлмеудің жолы сол екен.

**Алма Қыраубаева**

«Алып Ер Тұңға» жырының негізгі идеясы – Тұран елін сыртқы жаудан қорғау, түркі жұртын ішкі ынтымақ-бірлікке үндеу, туған жердің абырой-даңқын арттыру.

### АЛЫП ЕР ТҰҢҒАНЫ ЖОҚТАУ

Шеңгелін ажал салды ма,  
Ер Тұңғаны алды ма,  
Сұм дүние артта қалды ма...  
Қайғылы жүрек жыртылды-ау.

Сұм ажал бүгін жылатты,  
Құрығын салып құлатты,  
Бектердің бегін сұлатты.  
Қыршын да ғұмыр қырқылды-ау.

Өмірдің күні зырлайды,  
Адамның күшін ұрлайды,  
Ғұмыр да мәңгі тұрмайды,  
Құтылмас ешкім ажалдан.

Тәңірім торын құрғанда,  
Тұтылмай адам тұрған ба,



Кертілер алып шыңдар да,  
Тағдырдың оғы қадалған.

Ажалмен төңірім сынаған,  
Тұра алар қарсы кім оған,  
Құздар да одан құлаған,  
Құтылып ешкім кетпедің.

Аш арландай аларып,  
Қадалғаннан қан алып,  
Нұрлы жүздер қабарып,  
Тұр қайғыға қамалып  
Жауға шабар бектерім.

Ерлікті қаза сынады,  
Бектерім жасын бұлады,  
Бөрідей ұлып жылады,  
Жоқтады жыртып жағасын.

Көңілімді қайғы жандырды,  
Жазылмас жара қалдырды,  
Кешегі күнге зар қылды,  
Кеткенді қайдан табасың?

Жалғанның туып заманы,  
Жауыздар қаптап барады,  
Ашылды сұмның араны,  
Сиреді қайран бектерім.

Біліктілер қалмады,  
Заман оны жалмады,  
Сүрінді бектің тарланы,  
Салды жанға жараны.

Ажал жұтып ағаны,  
Жауыз жайлап барады,  
Жақсының өшіп жанары,  
Дүние азып барады.

*Аударған Фариза Оңғарсынова*





**1-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Әдебиеттің кезеңдері деген ұғымды қалай түсінесіңдер?
2. Түркілік дәуір әдебиеті қай уақыт аралығын қамтиды?
3. Қазақ әдебиеті тарихын зерттеуге қандай ғалымдар үлес қосты?



**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріп, тапсырмаларды орындандар.

1. «Алып Ер Тұңға» жырында не баяндалады?
2. Тұран әскері қолбасшысының атына қосылып айтылатын «алып» сөзі қандай мағынаны білдірген?
3. Алып Ер Тұңғаға мінездеме беріңдер.
4. Берілген мәліметті негізге ала отырып, бүгінгі күні онда кімдер тұратынын картадан көрсетіңдер.

*«Тұран» – Тұр елі – түркілер елі деген сөз. Иран патшалары мен Афрасиабтың соғысы Сейхун (Сырдария) – Жейхун (Әмудария) шекарасында болған.*



**3-тапсырма.** «Алып Ер Тұңғаны жоқтауды» мөнерлеп, үзіндісін жатқа оқыңдар.



**4-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Жыр шумақтарының идеясы неде?

Көңілімді қайғы жандырды,  
Жазылмас жара қалдырды,  
Кешегі күнге зар қылды,  
Кеткенді қайдан табасың?

2. Жоқтау жыры қазақ әдебиетінде қандай шығармаларда кездеседі?



**5-тапсырма.** Берілген тапсырмаларды орындандар.

1. Шумақта қандай көркемдік тәсілдер бар?

Шеңгелін ажал салды ма,  
Ер Тұңғаны алды ма,  
Сұм дүние артта қалды ма...  
Қайғылы жүрек жыртылды-ау.

2. Алып Ер Тұңғаға портреттік мінездеме беріңдер.



**6-тапсырма.** Шығармадан көріктеу-айшықтау құралдарын тауып, дәптерге жазыңдар. Өлең құрылысына талдау жасаңдар.



**7-тапсырма.** *Сұм дүние, қайғылы жүрек, қыршын ғұмыр, тәңірдің торы, аш арлан* сөздерін пайдаланып, Алып Ер Тұңғаның дүниеден өтуі туралы әдеби эссе жазыңдар.



**8-тапсырма.** «Алып Ер Тұңға» жырының тарихи және көркемдік құндылығы неде? Дәлелдеп, кестені дәптерге толтырыңдар.

### «Алып Ер Тұңға» жыры

Тарихи құндылығы	Көркемдік құндылығы



**9-тапсырма.** Шығармашылық жұмыс.

1. Жырдағы көк түріктердің адамды ақтық сапарға шығарып салған кездегі жағдайын білдіретін сөздерді дәптерге теріп жазыңдар.
2. Көнеден жеткен ұлттық дәстүрлеріміздің ерекшеліктеріне баға беріп, «Салт-дәстүрін құрметтемегенді ешкім құрметтемейді» тақырыбында сыни хабарлама жазыңдар.



**10-тапсырма.** Мәтінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

**Уақыт мөлшері:** 15 минут.

Жыры жолдарын тыңдай отырып, бунақ, шумақ санын жазып, ұйқасын табыңдар.



– Әл-Фараби – ғылымның алуан түрлі саласымен, оның ішінде әдебиет теориясымен де жан-жақты шұғылданған ғалым. Әдебиет теориясы бойынша көптеген зерттеулер жазғанын әл-Фараби шығармаларының сақталып қалған мұраларынан білеміз. Араб ғалымы ибн Әби Усайбаның (1203–1270) айтуы бойынша, әл-Фарабидің өлең құрылысын зерттеуге арнаған «Өлең және ұйқас туралы сөз», «Өлең ырғағы туралы» деп аталатын еңбектері болған.



– Бұл салада әл-Фарабидің бізге толық күйінде жеткен екі кітабы бар. Олардың бірі «Өлең өнері» деп аталады. Кітапта араб поэзиясының теориялық мәселелері айтылады. Мұнда өлеңнің мазмұны мен формасы арасындағы үндестік мәселесі т.б. жазылған. Екіншісі – «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат» деп аталатын зерттеу. Онда грек поэзиясының жанрларына, терминдеріне, өлең өлшемдеріне талдау жасаған.

## ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ (870–950)

Әбу Насыр әл-Фараби – қыпшақ даласынан шыққан ұлы энциклопедист ғалым. Ойшыл, философ, математик. Ол – әдебиет пен музыка зерттеушісі, ақын. Толық аты-жөні: Әбу Насыр Мұхаммад ибн Тархан ибн Ұзлағ әл-Фараби.

Болашақ ғалым алғашында туған жері Отырар медресесінде, кейін Шаш, Самарқан, Бұхара, Мысыр, Халеб, Бағдад қалаларында оқып, жан-жақты білім алған. Дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің Аристотельден кейінгі екінші ұстазы атанып, көп тілді меңгерген.

Оның философия, жаратылыстану, астрономия, математика, медицина, логика, этика, метафизика, жағрафия, әдебиеттану, тіл білімі, музыка сияқты ғылым салаларынан 164 трактат жазғаны мәлім.

Ұлы ғалымның көптеген еңбектерінің ішінен бүгінгі ұрпақтың қолына қырыққа жуық ғылыми жазбасы жеткен.



Әл-Фарабидің туғанына 1100 жыл толуы Қазақстанда кеңінен атап өтілді. Оның шығармалары қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне аударылған. Алматыдағы Қазақ ұлттық университеті әл-Фараби есімін иеленген.

**Трактат** – ғылыми еңбек.



**1-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Әл-Фарабидің шын есімі кім? Қай жерде дүниеге келген?
2. Әл-Фарабидің қандай еңбектерін білесіңдер?



**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріп, тапсырманы орындаңдар.

1. Әл-Фараби неше трактат жазып қалдырды?
2. Ғалымның қанша ғылыми жазбасы біздің заманымызға жетті?
3. «Әлемнің екінші ұстазының» еңбектерін атап, не туралы екенін дәптерге жазыңдар.



**Метафора (ауыстыру)** – екі нәрсені, құбылысты салыстыру және жанастырып-жақындату негізінде астарлы тың мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі. Мысалы, Абай өлеңдерінде кездесетін *жастықтың оты, жүректің көзі, дүние есігі, өмірдің өрі* деген метафора үлгілерін атауға болады.

Ақын – жел, есер, гулер жүйрік желдей,  
Ақын – от, лаулап жанар аспанға өрлей.  
Қиялы, жан, жүрегі – ойнаған от,  
Ақынды аласұртар, тыныштық бермей.

(М. Жұмабаев)



## ҚАШЫҚТАСЫҢ ТУҒАН ЖЕР

Қашықтасың туған жер – қалың елім,  
Небір жүйрік болдырып жарау деген.  
Шаршадым мен, қанатым талды менің,  
Шаңыт жолға сарылып қарауменен.

Кері оралмай жылдарым жатыр ағып,  
Қасіреттің жасына көз жуынар.  
О, жаратқан, көп неткен ақымағың,  
Құм сықылды тез ысып, тез суынар.

Зиялы аз бір тұтам тіршілікте,  
Өкімдікке күллісі жүгіреді.  
Көкірекпен сезініп, күрсініп көп,  
Жаным менің түршігіп, түңіледі.

*Аударған Аян Нысаналин*



Мінез бен ақыл жарасса, адамгершілік ұтады.

**Әл-Фараби**



**1-тапсырма.** Өлең жолдарындағы *шаршадым*, *шаңыт жол* сөздеріне назар аударып, шығарманың идеясын түсіндіріңдер.



**2-тапсырма.** Туған жерден жырақта жүрген ақынның сағынышын сипаттап, дәптерге жазыңдар.



**3-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп жатқа айтып беріңдер.



**4-тапсырма.** Ақынның адамгершілік қасиетін ашатын үзінділерін тауып оқып, мағынасын өз ойларыңмен жеткізіндер.



**5-тапсырма.** Берілген тапсырманы орындаңдар.

Кері оралмай жылдарым жатыр ағып,  
Қасіреттің жасына көз жуынар.

О, жаратқан, көп неткен ақымағың,  
Құм сықылды тез ысып, тез суынар, –

деген сөздер арқылы әл-Фарабиге мінездеме, портрет жасаңдар.



**6-тапсырма.** Шығармадағы көріктеу-айшықтау құралдарын тауып, дәптерге жазыңдар.



**7-тапсырма.** Әлемнің екінші ұстазы, терең ойлы ғалым тіркестерін қолданып, әл-Фараби туралы эссе жазыңдар.



**8-тапсырма.** Әл-Фараби еңбектерінің тарихи құндылығы неде? Ойларыңды дәлелдеп айтып беріңдер.



**9-тапсырма.** Шығармашылық жұмыс.

1. Қашықтасың туған жер – қалың елім,  
Небір жүйрік болдырып жарау деген.  
Шаршадым мен, қанатым талды менің,  
Шаңыт жолға сарылып қарауменен.

Берілген өлең жолдарын негізге алып, туған елсіз, жерсіз адам ешкім бола алмайтынын өз ойларыңмен дәлелдеңдер.

2. «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл» мақалын талдай отырып, сыни ертегі (хабарлама, өлең, эссе) жазыңдар.



**10-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырманы орындаңдар.**

*Уақыт мөлшері: 20 минут.*

Өлең жолдарынан өз түсінгендеріңді шығарма түрінде жазыңдар.

## ТІРШІЛІКТЕ ҚҰРЫШТАЙ БОЛ ТӨЗІМДІ

Тіршілікте құрыштай бол төзімді,  
Сан мәртебе алдаса да өзіңді.  
Тағдырыңды еш уақытта жазғырма,  
Тіпті кейде болса да өзөзіл азғырған.

Өрге жүзген өнегелі ісімен,  
Таңда адал дос, өз теңіңнің ішінен.  
Жүргендер көп достық атын малданып,  
Алайда тек қалма оған алданып.

*Аударған Аян Нысаналин*



**1-тапсырма.** Өлең жолдарындағы *төзімді, тағдыр* сөздеріне назар аударып, шығарманың идеясын түсіндіріңдер.



**2-тапсырма.** Өлеңнің тақырыбы мен идеясына талдау жасаңдар. Ақынның достық туралы ойын тауып оқып, өз пікірлеріңді айтыңдар.



**3-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп, жатқа айтып беріңдер.



**4-тапсырма.** Берілген кестеге сай достыққа тән қасиеттерді талдап, дәптерге жазыңдар.

Адал дос	Амал дос



**5-тапсырма.** Көріктеу-айшықтау құралдарын пайдаланып, достарыңа мінездеме жазыңдар.



**6-тапсырма.** «Тіршілікте құрыштай бол төзімді», «Жүргендер көп достық атын малданып» тіркестерін қолдана отырып, төзімділікке, өмірге, достыққа арнап өлең шығарыңдар.



**7-тапсырма.** Әл-Фараби еңбектерінің көркемдік құндылығы туралы не ойлайсыңдар? Ойларыңды ғылыми пікірлермен дәлелдеп айтып беріңдер.



**8-тапсырма.** Шығармашылық жұмыс.

1. «Тағдырыңды еш уақытта жазғырма» деген өлең жолдарына мән беріңдер. Адамның жақсы болуы, жетістікке жетуі өзінен басталатынын өз ойларыңмен дәлелдеңдер.

2. «Өмірің – өз қолыңда» тақырыбында қоғамдағы байқалатын келеңсіздіктерге қарсы сыни үндеу жазыңдар.





**Антитеза (шендестіру)** – 1) Кереғар ұғымдарды бетпестік қоятын айшықтаудың (фигураның) бір түрі. Екі затты не құбылысты шендестіру арқылы басқа бір құбылыстың, ұғымның, нәрсенің суреті, сыр-сипаты, кескін-кейпі аңғарылады. Қазақ әдебиетінде фольклордан бастап қазіргі қазақ әдебиетіне дейін қолданылады. Мысалы, «Қара жерге қар жауар, Қарды көр де етім көр» («*Ер Тарғын*»), «Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл...» (*Абай*). 2) Бүгінгі әдебиеттанудағы қарама-қарсылықты айқындау, көбінесе ашық, антоним сөздер арқылы да беріледі. «Өсе тілім, мен де бірге өсемін, Өссе тілім, мен де бірге өшемін» (*Ө. Тәжібаев*).



**Аллегория (тұспалдау)** – ойды орағытып, тұспалдап айту.



**Гипербола (әсірелеу)** – әдебиеттегі көріктеу тәсілдерінің бірі, әртүрлі құбылысты немесе белгілі бір нәрсені шамадан тыс асыра суреттеу тәсілі. Мысалы, «Қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұң болар»; «Астындағы бурылдың, Жоғарғы ерні көк тіреп, Төменгі ерні жер тіреп...» («*Қобыланды батыр*»).



**Литота (кішірейту)** – заттың не құбылыстың қасиетін кішірейте суреттейтін көркемдік құрал. Батырлар жырында, өтірік өлеңдерде литота жиі қолданылған. Мысалы, «От орнындай тұяқтан, оймақтайы қалыпты» («*Ер Тарғын*»).

## ДОСПАМБЕТ ЖЫРАУ

(XVI ғасыр)



Доспамбет жырау XV ғасырдың 90-жылдарының орта шенінде Азау қаласында дүниеге келген. Сол кезде Донның төменгі ағысын, Азау маңын мекендеген Кіші Орданы билеуші әскери шонжарлар тұқымынан шыққан болашақ жырау заманы мен ортасының талабына сай тамаша тәрбие алып өскен. Доспамбеттің бүкіл Дешті-Қыпшақты жақсы білгені, Стамбұл мен Бақшасарайда болғаны, сахара тұрмысымен қатар, мұсылман кенттерінің жайына да қаныққаны аңғарылады. Өз заманындағы талай әскери жорыққа қатысқан жауынгер жырау туыстас түркі тайпаларының арасындағы көп қырқыстың бірінде, 1523 жылдың бас кезінде Астрахан түбінде қаза табады. Ол кезде Доспамбеттің жасы өлі отызға да толмаған еді.

## ҚОҒАЛЫ КӨЛДЕР, ҚОМ СУЛАР

Қоғалы көлдер, қом сулар,  
 Қоныстар қонған өкінбес...  
 Кілең бұздай кілшейтіп,  
 Көбелер киген өкінбес...  
 Торы төбел ат мініп,  
 Той тойлаған өкінбес.  
 Құрама шапшақ көп қымыз  
 Құйып ішкен өкінбес.  
 Екі арыстан жауға шапса,  
 Оқ қылқандай шаншылса,  
 Қан жусандай егілсе,  
 Аққан судай төгілсе,  
 Бетегелі Сарыарқаның бойында  
 Соғысып өлген өкінбес!

**Көбе (көбе сауыт) – батырлардың соғыста кебенек (киіз кеудеше) сыртынан киген сауыты.**



**1-тапсырма.** «Қоғалы көлдер, қом сулар» толғауы не туралы? Толғауда қандай өзекті мәселелер көтерілген?



**2-тапсырма.** Шығарма мазмұнын қандай мақал-мәтелдермен алмастырып айтуға болады? Мысал келтіріңдер.



**3-тапсырма.** Өлеңді жатқа мәнерлеп оқыңдар.



**4-тапсырма.** Жыраудың негізгі ойына тірек болған сөздерді дәптерге жазыңдар. Адам қандай жағдайда өкінбейді дейді?



**5-тапсырма.** Шығармадағы көріктеу-айшықтау құралдарын тауып, өлең құрылысына қарай талдау жасаңдар.



**6-тапсырма.** Жыраулар поэзиясының тақырыбы мен идеясын ғылыми дереккөздерге сүйене отырып, баяндап беріңдер.



**7-тапсырма.** Берілген тапсырмаларды орындаңдар.

1. Доспамбеттің хрестоматиядағы шығармаларын оқыңдар.
2. Тарихи сөздерге мұғалімнің көмегімен назар аударып, мағыналарына анықтама беріңдер.
3. Анықтамаларды дәптерге жазыңдар.





**8-тапсырма.** «Адамның кейбір кездері» (қуаныш болғанда тасу, жамандық келгенде жасып қалу т.б.) тақырыбына сыни ойтолғау жазыңдар.

## АЙНАЛАЙЫН АҚЖАЙЫҚ

Айналайын Ақжайық,  
 Ат салмай өтер күн қайда?  
 Еңсесі биік боз орда,  
 Еңкеймей кірер күн қайда?  
 Қара бұлан терісін  
 Етік қылар күн қайда?  
 Күдеріден бау тағып,  
 Кіреуке киер күн қайда?  
 Күмбір-күмбір кісінетіп  
 Күреңді мінер күн қайда?  
 Толғамалы ақ балта,  
 Толғап ұстар күн қайда?





Алты құлаш ақ найза  
 Ұсынып шаншар күн қайда?  
 Садақ толған сайгез оқ  
 Масағынан өткеріп,  
 Басын қолға жеткеріп,  
 Созып тартар күн қайда?  
 Кетбұғадай билерден  
 Кеңес сұрар күн қайда?  
 Еділдің бойын ен жайлап,  
 Шалғынына бие біз байлап,  
 Орнықты қара сабадан  
 Бозбаламен күліп, ойнап,  
 Қымыз ішер күн қайда?!

**Күдері** – жұмсартылған бұлан не бұғы терісі.

**Кіреуке** – оқтан, найзадан қорғану үшін киетін темір сауыт.

**Сайгез** – садақ оғының бір түрі.

**Масақ** – садақ оғының түп жағы.



**Жайық** – Еуропа мен Азияның ортасында орналасқан өзен. Жалпы ұзындығы – 2428 км. Жайық өзені туралы «Қыз Жібек» дастанында, Махамбет жырларында жиі айтылады. Италияның әйгілі саяхатшысы Марко Поло Қытайға жасаған сапарында Еуропадан Азияға Жайық арқылы өткен. Жайықтың бойы – Исатай мен Махамбет тұлпарларының дүбірі қалған, даңқты қолбасшы Бейбарыс сұлтан туған өлке.



**1-тапсырма.** Хрестоматияны пайдаланып, Доспамбет жырларының тақырыбы мен идеясын айтып беріңдер.



**2-тапсырма.** Берілген шығарма не туралы? Доспамбет өмір сүрген кездегі қазақ елінің тарихи жағдайы қандай еді?



**3-тапсырма.** Өлеңнің өздерің қалаған үзіндісін мәнерлеп, жатқа оқыңдар.



**4-тапсырма.** Толғаудың негізгі идеясын ашатын сөздерді тауып, дәптерге жазыңдар.



**5-тапсырма.** Толғаудағы көріктеу құралдарына талдау жасаңдар.



**6-тапсырма.** Шығармашылық жұмыс.

Айналайын Ақжайық,  
Ат салмай өтер күн қайда?  
Еңсесі биік боз орда,  
Еңкеймей кірер күн қайда?..

Толғауды өз ойларыңмен жалғастырып жазыңдар.



**7-тапсырма.** «Айналайын Ақжайық» толғауының тарихи және көркемдік ерекшелігі неде?



**8-тапсырма.** «Әр мекені елімнің – қарашығындай көзімнің» деген тақырыпта өздерің тұратын аймақтағы өзен-судың бүгінгі жай-күйі туралы эссе жазыңдар.



## АБАЙДЫ ОҚЫ, ТАҢЫРҚА!



Қазақтың бас ақыны – Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбайұлы. Одан асқан бұрын-соңғы заманда қазақ даласында біз білетін ақын болған жоқ.

**Ахмет Байтұрсынұлы**



– Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы артына мол мұра қалдырды. Абай атамыздың әрбір сөзі, өлеңі үлгі-өнегеге, ақыл-насихатқа толы, ал қарасөздері – есті адамның шамшырағы.

«Абай жолы» романы – Абай Құнанбайұлының өмір сүрген кезеңі мен қазақ халқының салт-дәстүрін толық қамтыған тарихи шығарма. Авторы – заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезов.



– Абай атамыздың әр сөзін оқи отырып, тамсанамыз, таңырқаймыз. Ақын дәл осы кезді жырлап отырған, жазып отырған секілді болып көрінеді. Заман шындығы, қоғам көрінісі, алауыздық пен татулық, өнер мен білімге құштарлық, адамзат баласына жол көрсете білу және т.б. көптеген мәселе – Абай Құнанбайұлы шығармаларының негізгі тақырыбы.



Абай – өз заманынан озық туған дара ақын. Абай тұсындағы әрбір сөз зергері, би-шешені, ақыны мен әншісі Абай бойына ақындықтың, шешендіктің дәнін егіп кетті. Абай солардан үлгі алды, үйренді, көбімен сөз жарыстырып жүріп жетілді.

**Мұхтар Әуезов**

## АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

### (1845–1904)



Абай Құнанбайұлы 1845 жылы бұрынғы Семей уезі Шыңғыс болысында (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданында) дүниеге келген. Азан шақырып қойған есімі – Ибраһим. Абайдың әкесі Құнанбай Қарқаралы округіне аға сұлтан болған. Абайдың өз әкесі – Құнанбай, атасы – Өскенбай, арғы атасы – Ырғызбай. Әкесі Құнанбай Өскенбайұлы – шешен, ел ағасы.

Абайдың әжесі Зере аса ақылды, әңгімешіл, балаға мейірімді, ағайынға қамқор, кісі ренжітпейтін жұмсақ мінезді, ортасына сыйлы жан еді.

Анасы Ұлжан өте сабырлы, кең мінезді, сөзге ұста, тапқыр адам болған.

Абай әуелде Ғабитхан деген татар молдасынан мұсылманша хат таниды. Абайды он жасында Семей қаласындағы Ахмет Ризаның медресесіне оқуға береді.

Ол бос уақытында Шығыстың ұлы ақындары Низами, Сағди, Науаи, Физули, Фирдоуси шығармаларын оқиды.

Абай медреседе небәрі үш жыл жүріп, кейін өз бетімен «приходская школаға» түсіп, үш айдай орысша да білім алады.



Жас Абай

Бірақ бұл оқу ұзаққа бармайды. Жасы он үшке келіп, ерте есейіп, ақыл-ойы тола бастаған шақта өткір, зейінді Абайды әкесі Құнанбай ел билеу ісіне араластырып тәрбиелемек болып, оны оқудан елге алып кетеді. Құнанбай қажының басқаруымен Абай ел ішіндегі түрлі істерді шешуге араласады.

Көптеген ескі әңгімелерді, өлең-жырларды халық ішінен үйренеді. Өз бетімен араб, иран, шағатай тілінде жазылған ертегі, дастан, қисса сияқты т.б. әдеби мұралармен танысады.



**Медресе** – мұсылманша сабақ беретін мектеп.  
**Молда** – діни рәсімдерді меңгерген ұстаз.

### Аудармалары, шығармашылығы

Абай Пушкин мен Лермонтовты, Крыловты, Батыс және Шығыс ақындарының өлеңдерін аударып, қазақ жазба әдебиетіне зор үлес қосты. Абай аудармалары – еркін аударма. Халықтың ойына, түсінігіне сай.

Поэмалары: «Ескендір», «Масғұт», «Өзім әңгімесі». Артына үлгі-насихаттың қайнар көзі саналатын қарасөздерін қалдырған.

### Абайдың ақын шәкірттері

Ұлы ақынның ізін қуып, орыс әдебиетін насихаттап, өлең жазған шәкірттері болды. Олар: Көкбай, Кәкітай, балалары Ақылбай, Мағауия, немере інісі атақты Шәкәрім Құдайбердіұлы.

### Зерттелуі

Абай туралы ғұлама жазушы М. Әуезов ғылыми еңбектерін, әйгілі «Абай жолы» эпопеясын, Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласын жазды. Ал ғалым Қайым Мұхамедханов т.б. әдебиетшілер абайтану саласын жан-жақты зерттеп, жаңа қырынан дамытты. Абай шығармашылығы өте терең. Оны көптеген ғалымдар зерттеді. Ғылыми еңбектер жарық көріп, диссертациялар қорғалды. «Абай» атты есімнамалық энциклопедия басылып шықты. Абайдың шығармашылық әлемі әлі де зерттелуде.



Абай – өз халқының ең ардақты, аяулы арманын, ой-пікірін, терең сезім-сырын, ұлттық мінез-кұлқын жеріне жеткізе жырлаған, жарқын бағыттағы жаңа жазба әдебиеттің атасы, қазақ көркем әдебиетінің көрікті тілін ұстартқан, құдіретті ақындық өнерімен үлгі-өнеге жайған классик ақын.

**Қайым Мұхамедханов**



**1-тапсырма.** Абай Құнанбайұлы кім? Әкесі, әжесі мен анасы туралы не білесіңдер?



**2-тапсырма.** Абай қайда оқыды? Шығыстың қай ақындарын оқыған? Шығыс және Батыс ақындары туралы мұғалімнің көмегімен түсінгендеріңді кестеге түсіріп, айтып беріңдер.



**3-тапсырма.** Абай Құнанбайұлының өздерің білетін шығармасын жатқа айтыңдар.



**4-тапсырма.** «Жас Абай» портреті қай суретшінің туындысы деп ойлайсыңдар? Мұғалімнің көмегімен суретшінің өмірбаяны және көркемсурет туындысы туралы дәптерге жазыңдар.



**5-тапсырма.** Абай туралы белгілі ғалымдардың ойларын дәптерге жазып, түсінгендеріңді талдап, айтып беріңдер.



**6-тапсырма.** Бала Абайға, ақын Абайға, ел билеуші Абайға, дана Абайға мінездеме беріңдер.



**7-тапсырма.** Абай өмірбаянын, шығармашылығын кімдер зерттеді? Зерттеушілер туралы ғылыми дереккөздерге сүйеніп, білгендеріңді кестеге сызып, баяндаңдар.



**8-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріп, тапсырманы орындаңдар.

1. Мұхтар Әуезов Абай туралы қандай еңбек жазды?
2. Қайым Мұхамедханов кім? Оның абайтануға қосқан үлесі туралы дәптерге жазыңдар.



**9-тапсырма.** Мәтінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырманы орындаңдар.

*Уақыт мөлшері: 10 минут.*

Абайдың даналық сөздерін тыңдай отырып, көріктеу құралдарын (эпитет, метафора) дәптерге теріп жазыңдар.



**Өлең** буын саны, тармағы, ырғағы арқылы үйлесіп, ұйқасты шумақпен жазылады.

Оны **өлеңнің құрылысы** деп атайды.

## МЕН ЖАЗБАЙМЫН ӨЛЕҢДІ ЕРМЕК ҮШІН

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,  
 Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.  
 Көкірегі сезімді, тілі орамды,  
 Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.  
 Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,  
 Көңілінің көзі ашық, сергек үшін.  
 Түзу кел, қисық-қыңыр, қырын келмей,  
 Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей.  
 Шу дегенде құлағың тосаңсиды,  
 Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей.  
 Таңғаламын алдыңғы айтқанды ұқпай,  
 Және айта бер дейді жұрт тыным бермей...



**1-тапсырма.** Өлеңнің идеясы мен тақырыбында не туралы айтылған?



**2-тапсырма.** Абай өмір сүрген орта қандай еді?



**3-тапсырма.** Өлеңнің бірінші шумағын мәнерлеп, жатқа оқыңдар.



**4-тапсырма.** Абай өз шығармасында қандай ойды қозғайды?  
Пікірлеріңді ортаға салыңдар.



**5-тапсырма.** Өлеңдегі көріктеу құралдарын табыңдар. Құрылысына қарай талдандар.



**6-тапсырма.** Шығармашылық жұмыс.

Көкірегі сезімді, тілі орамды,  
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін...

Өлеңді өз ойларыңмен толықтырып, сөз өнеріне, поэзияға арнап шығарма (арнау, толғау) жазыңдар.



**7-тапсырма.** Мұғалім көмегіне сүйеніп, берілген шығарманың жазылу тарихы және көркемдік ерекшелігі жайлы деректер жинақтап, сыныптастарыңмен бөлісіңдер.





**8-тапсырма.** «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» деген тақырыпта бүгінгі күннің поэзиясы туралы сыни эссе жазыңдар.

## ҒЫЛЫМ ТАППАЙ МАҚТАНБА

Ғылым таппай мақтанба,  
 Орын таппай баптанба,  
 Құмарланып шаттанба,  
 Ойнап босқа күлуге.  
 Бес нәрседен қашық бол,  
 Бес нәрсеге асық бол,  
 Адам болам десеңіз.  
 Тілеуің, өмірің алдыңда,  
 Оған қайғы жесеңіз.  
 Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
 Еріншек, бекер мал шашпақ –  
 Бес дұшпаның, білсеңіз.  
 Талап, еңбек, терең ой,  
 Қанағат, рақым, ойлап қой –  
 Бес асыл іс, көнсеңіз.  
 Жамандық көрсең нәфрәтлі,  
 Суытып көңіл тыйсаңыз.  
 Жақсылық көрсең гибрәтлі,  
 Оны ойға жисаңыз.  
 Ғалым болмай немене,  
 Балалықты қисаңыз?  
 Болмасаң да ұқсап бақ,  
 Бір ғалымды көрсеңіз.  
 Ондай болмақ қайда деп,  
 Айтпа ғылым сүйсеңіз.  
 Сізге ғылым кім берер,  
 Жанбай жатып сөнсеңіз?  
 Дүние де өзі, мал да өзі,  
 Ғылымға көңіл берсеңіз.

**Рақым**

**Қанағат**

**Еңбек**

**Талап**

**Терең ой**



*«Бес асыл іс» шыңы*



**Ақын пікірі**

Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты боларға керек... Ең жоғары, ардақты орын – Абайдікі.

**Міржақып Дулатов**



**1-тапсырма.** Өлеңнің идеясы мен тақырыбына талдау жасай отырып, мұғалімнің көмегімен «нәфрәтлі», «ғибрәтлі» сөздеріне түсінік беріп, дәптерге жазыңдар.



**2-тапсырма.** Өлеңді мұқият оқып, кестені дәптерге толтырыңдар. Жазғандарыңнан түсінгендеріңді айтып беріңдер.

Бес асыл іс	Бес дұшпан



**3-тапсырма.** Берілген тапсырманы орындаңдар.

1. Өлеңді мәнерлеп, жатқа айтыңдар.
2. Өлеңге әдеби талдау жасаңдар.



**4-тапсырма.** Өлеңдегі антонимдік қатар құрай алатын сөздерді тауып, дәптерге жазыңдар.



**5-тапсырма.** Абай айтқан «Бес асыл іс» шыңына жету жолдары туралы не ойлайсыңдар? Абай қандай ойды ұсынады?



**6-тапсырма.** «Бес дұшпаннан» алыс болу үшін не істеу керек?



**7-тапсырма.** 1. Өлең жолдарынан түсінгендеріңді айтып беріңдер.

Болмасаң да ұқсап бақ,  
 Бір ғалымды көрсеңіз.  
 Ондай болмақ қайда деп,  
 Айтпа ғылым сүйсеңіз.  
 Сізге ғылым кім берер,  
 Жанбай жатып сөнсеңіз?  
 Дүние де өзі, мал да өзі,  
 Ғылымға көңіл берсеңіз...

2. «Ғылымның пайдасы» тақырыбында өз ойларыңды ортаға салыңдар.



**8-тапсырма.** Мұғалім көмегіне сүйеніп, берілген шығарманың жазылу тарихына назар аударыңдар.



**9-тапсырма.** 1. Бүгінгі күні ұялы телефонды шектен тыс пайдалану немесе компьютер ойындарын үздіксіз ойнау дұрыс па? 2. Өз қатарластарың жайлы «*Жақсы мен жаман*» тақырыбында сыни эссе жазыңдар.



Абай – ұлттық, халықтық ақын, ғұлама ойшыл.  
 ...Абай әлемі шексіз. Абай заман ағымын қатты сезінді.  
 Ілгерідегіні болжады. Соған ыңғайланып қазақ халқын  
 тәрбиеледі. Сөйтіп, өз ұлтының ұстазына айналды.

**Мырзатай Жолдасбеков**



– Қарасөздерді Абай өзі «ғақлия» деп атаған. Ғақлия – көркем қарасөз, нақыл сөздің бір түрі, ой саларлық ақыл-кеңес жазылған даналық сөзі. Осы еңбегі туралы ақынның өзі былай дейді: «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын...»



– Мұхтар Әуезов: «Бұл шығармаларда Абай өзінің оқушыларымен әңгімелесіп, жүзбе-жүз кездесуде мәслихат, кеңес құрып отырған ойшыл ұстаз тәрізді», – дейді.

## БІРІНШІ СӨЗ

Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – өүрешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын.

Ел бағу? Жоқ, елге бағым жоқ. Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса, не албыртқан, көңілі басылмаған жастар бағамын демесе, бізді Құдай сақтасын!



Мал бағу? **Жоқ**, баға алмаймын. Балалар өздеріне керегінше өздері бағар. Енді қартайғанда қызығын өзің түгел көре алмайтұғын, ұры, залым, тілемсектердің азығын бағып беремін деп, қалған азғана өмірімді қор қылар жайым жоқ.

Ғылым бағу? **Жоқ**, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгенінді кімге үйретерсің, білмегенінді кімнен сұрарсың? Елсіз-күнсізде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұңдасып, шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі – бір тез қартайтатұғын күйік...

Балаларды бағу? **Жоқ**, баға алмаймын. Бағар едім, қалайша бағудың мәнісін де білмеймін, не болсын деп бағам, қай елге қосайын, қай харекетке қосайын?..

Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ.



**1-тапсырма.** «Бірінші сөзде» Абай не туралы айтады? Төменде көрсетілген ұғымдарға түсінік беріңдер.

Ел бағу

Мал бағу

Ғылым бағу



**2-тапсырма.** Қарасөзді мұқият оқи отырып, ел, жер, ғылым туралы мақал-мәтел жазыңдар.



**3-тапсырма.** Қарасөздің өздеріңе ұнаған үзіндісін жатқа оқыңдар.



**4-тапсырма.** Үзіндіні оқып, Абайдың жастар жайлы пікірінен түсінгендеріңді айтып беріңдер. *«...Ел бағу? Жоқ, елге бағым жоқ. Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса, не албыртқан, көңілі басылмаған жастар бағамын демесе, бізді Құдай сақтасын!..»* Жастар қандай болуы керек? Олар не үшін білім алады? Жастардың елге тигізер қандай пайдасы бар?



**5-тапсырма.** Берілген қарасөздегі Абайдың ұстанымына өз көзқарастарың бойынша талдау жасаңдар. Пікірлеріңді тұжырымдап, төмендегі кестеге толтырып, дәптерге жазыңдар.

Абай ұстанымы	Өзімнің тұжырымым
<b>Өмірлік ұстаным</b>	
<p><i>Менің өмірлік ұстанымым...</i></p>	



**6-тапсырма.** Жақсы өмір, жаман өмір тіркестеріне өз ойларыңнан мақал-мәтел құрастырыңдар.



**7-тапсырма.** Берілген тапсырманы орындаңдар.

1. Үзіндіден өз түсінгендеріңді айтып беріңдер: *«...Балаларды бағу? Жоқ, баға алмаймын. Бағар едім, қалайша бағудың мәнісін де білмеймін, не болсын деп бағам, қай елге қосайын, қай харекетке қосайын?..»*

2. Ата-ана тәрбиесі дегенді қалай түсінесіңдер?



**8-тапсырма.** Мұғалім көмегіне сүйеніп, Абайдың басқа қарасөздеріне шолу жасаңдар.



**9-тапсырма.** «Өмірдің мәні» тақырыбында сыни эссе жазыңдар.



**10-тапсырма.** Мәтінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырманы орындаңдар.

*Уақыт мөлшері: 7 минут.*

Түсінгендеріңді өз сөздеріңмен айтып беріңдер.

## ЖЕТІНШІ СӨЗ

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақүй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демектік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген.

Дүниенің көрінген Һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса, денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады. Өзелде Құдай Тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқаны. Сол қуат жетпеген, ми толмаған ессіз бала күндегі «бұл немене, ол немене?» деп, бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, ұйқы, тамақ та есімізден шығып кететұғын құмарымызды, ержеткен соң, ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп,

кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екеміз?

Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді. Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық. Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды төнге бас ұрғыздық, еш нәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу кеткенін айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Өз білгенің – өзіңе, өз білгенім – өзіме», «Кісі ақылымен бай болғанша, өз ақылыңмен жарлы бол!» деген дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса, ұқпаймыз.

Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлертірілерімізді білмей, күретамырымызды адырайтып кетеміз.



**1-тапсырма.** Қарасөздің негізгі идеясы неде?



**2-тапсырма.** Ақынның көздеген мақсаты мен көңіл күйін білдіретін жолдарды тауып оқыңдар.



**3-тапсырма.** «Жетінші сөзден» өздерің қалаған үзіндіні мәнерлеп жатқа айтып беріңдер.





**4-тапсырма.** Адам мінезіне қатысты ойларды тауып оқып, түсінгендеріңді айтыңдар.



**5-тапсырма.** Берілген қарасөз мазмұнын негізге ала отырып, Абайға мінездеме беріңдер.



**6-тапсырма.** Шығармадағы көріктеу құралдарын тауып, дәптерлеріңе жазыңдар.



**7-тапсырма.** «Адамзаттың Абайы, көңілдің сарайы» сөз тіркестерін пайдаланып, Абайдың қарасөздеріне арнап өлең шығарыңдар.



**8-тапсырма.** Абай қарасөздерінің тарихи құндылығы неде? Ойларыңды дәлелдеп айтып беріңдер.



**9-тапсырма.** «Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласамыз...» деген ойшыл ақын тағылымына сыни хабарлама жазыңдар.



**10-тапсырма.** Мәтінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырманы орындаңдар.

*Уақыт мөлшері: 30 минут.*

Өз түсінгендеріңді шығарма түрінде жазыңдар.



### Ақын пікірі

Асыл сөзді издесең,  
Абайды оқы, ерінбе.

Сұлтанмахмұт Торайғыров

## ОТЫЗ БІРІНШІ СӨЗ

Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер.



**1-тапсырма.** Адамның әртүрлі мінез-құлқын қарасөз мазмұны арқылы түсіндіріп беріңдер. Берілген қарасөздің идеясын талдап, дәптерге жазыңдар.



**2-тапсырма.** Мәтіндегі автордың ішкі сырына назар аударыңдар. Абайдың айтпақ ойын өз сөздеріңмен жеткізіңдер.



**3-тапсырма.** Қарасөзді мәнерлеп жатқа айтыңдар.



**4-тапсырма.** Берілген қарасөз мазмұнын ашатын мақал-мәтелдерді тауып, айтып беріңдер.



**5-тапсырма.** Қарасөз мазмұнын негізге алып, адам бойындағы жағымды әрі теріс әрекеттерді салыстырып, дәптерге жазыңдар.

Жағымды әрекет		Теріс әрекет	
1.		1.	
2.		2.	
3.		3.	



**6-тапсырма.** Қарасөз мазмұнын пайдаланып, образдардың эпитеттік қатарын тауып, дәптерге жазыңдар.



**7-тапсырма.** «Қазақтың қамын ойлаған» тақырыбында ақпараттық таныстырылым жасаңдар.



**8-тапсырма.** Бүгінгі зерттеуші ғалымдар пікірлеріне назар аудара отырып, Абайдың қарасөздері туралы ойларыңды дәлелдеп айтып беріңдер.



**9-тапсырма.** «Абай және заман» тақырыбына сыни ойтолғау жазыңдар.



**10-тапсырма.** Мәтінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырманы орындаңдар.

**Уақыт мөлшері: 30 минут.**

Өз түсінгендеріңді эссе түрінде жазыңдар.



## МЕН – БАЛАҢ, ЖАРЫҚ КҮНДЕ СӘУЛЕ ҚУҒАН...



– Біз осы бөлімде алаштың ардақты ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров өлеңдерімен танысамыз. Оның рухты жырлары әр қазақтың баласына өнеге, терең тәрбие береді.



– Шындықтың ауылын іздеп түстім жолға,  
Разымын не көрсем де осы жолда.  
Шаршармын, адасармын, шалдығармын,  
Бірақ бір табармын деп, көңілім сонда.

Бұл – қазақтың аса көрнекті ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өлеңі.



– Алаш туы астында,  
Біз – алаштың баласы.  
Күніміз туып көгерді,  
Сарыарқаның даласы, –

деп жырлаған жалынды ақын аз ғұмыр сүрсе де, артына мол мұра қалдырды. Ақынның «Таныстыру» поэмасы халқымыздың біртуар перзенттері – Алаш зиялылары туралы жазылған.



**Метонимия (алмастыру)** – бір-бірімен өзара байланысатын екі құбылыстың, заттың атын бірінің орнына бірін ауыстырып қолдану. Мысалы:

Күшік асырап, ит егтім,  
Ол балтырымды қанатты.  
Біреуге мылтық үйреттім,  
Ол мерген болды, мені атты.

*(Абай)*





– Сонымен қатар Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі», Оралхан Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат», Қалмақан Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» шығармаларын оқимыз.



### *Ақын пікірі*

Қазаққа ілгерілеу керек болса, мұны аз қалыпта қалдырмай, көбірек тұрсын, бәріне таныс жетілген жұрттардың қатарына қосу керек; олармен бірге адам баласының жеңіл күн көруіне, тегіс бақытты болуына жол табу керек, іздесіп, атсалысу керек... Бізге керегі – қайткенде солардың білімін тез үйреніп, қайткенде сол қатарға тез қосылу ...

**Сұлтанмахмұт Торайғыров**

## **СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ (1893–1920)**

Сұлтанмахмұт Торайғыров 1893 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысында кедей шаруаның үйінде туған. Белгілі ақын, ағартушы. Бір жасында анасы қайтыс болады. Әкесі Шоқпыт (Әбубәкір) кедей болса да, әрі балажан, көзі ашық, көңілі сергек, бірбеткей, өжет, ақпейіл, жомарт адам еді. Ол Сұлтанмахмұтты тәрбиелеп өсіруге бар күшін салады.



Сұлтанмахмұт 1912 жылға дейін ауылда өседі. Әкесінен, ауылдағы молдалардан сабақ алып, хат танып, көзін ашады. 1912 жылы Троицк қаласына барып оқи бастайды. Дәл осы кезден әдебиетпен айналысуы, өлең жазуы басталады.

1915 жылы ол Семей қаласына барады, оқуға түспек болады. Бірақ оқуға түсе алмайды. Бір жағынан, жасы, білімі келмейді. Екінші жағынан, қаржысы тапшы болады. Сондықтан 1915–1916 жылдары Зайсан жақта бала оқытады. 1916 жылдың

қысында Сұлтанмахмұт Томскіге барып оқуға түседі. Бірақ сырқаттанғандықтан, оқи алмайды. 1917 жылы Семей қаласына қайта оралады.

Ол өмірінің соңғы жылдарында өзінің «Айтыс», «Адасқан өмір», «Кедей» сынды поэмалары мен өлеңдерін жазып қалдырды. Сұлтанмахмұттың артында қалдырған мәңгі өлмес жарқын, бай әдеби мұрасын біз бүгінгі күні барынша қадірлеуіміз керек.

*Бейсенбай Кенжебаев*



**1-тапсырма.** Сұлтанмахмұт Торайғыров кім? Ол қайда білім алды?



**2-тапсырма.** С. Торайғыровтың қандай шығармаларын білесіңдер? Мұғалім берген ақпарат көмегімен өз түсінгендеріңді кестеге түсіріп, айтыңдар.



**3-тапсырма.** «Алаш ұраны» шығармасынан алынған үзіндіні мәнерлеп, жатқа айтып беріңдер.

Алаш туы астында,  
 Біз – алаштың баласы.  
 Күніміз туып көгерді,  
 Сарыарқаның даласы...  
 Жасасын, алаш, жасасын!  
 ...Алаш туы астында,  
 Күн сөнгенше сөнбейміз,  
 Енді ешкімнің алашты,  
 Қорлығына бермейміз!  
 Адамдықтың жолына,  
 Бастаған ерлер соңында,  
 Басқаға көңіл бөлмейміз.  
 ..Бұл заманға жеттік біз,  
 Жасасын, алаш, өлмейміз!  
 Жасасын, алаш, жасасын!



**4-тапсырма.** «Сұлтанмахмұт және қазақ халқы» тақырыбында пікір алмасыңдар.



**5-тапсырма.** Сұлтанмахмұт Торайғыров туралы белгілі қаламгерлердің ойын іздеп тауып, дәптерге жазыңдар.



**6-тапсырма.** Ақынға мінездеме беріңдер.



**7-тапсырма.** Сұлтанмахмұттың өмірбаянын, шығармашылығын кімдер зерттеді?



**8-тапсырма.** С. Торайғыров туралы Б. Кенжебаев қандай мақала жазды?



**9-тапсырма.** «Сұлтанмахмұт Торайғыров – қазақтың ойшыл ақыны» тақырыбында эссе жазыңдар.



**10-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «Алаш» деген ұғымды қалай түсінесіңдер?
2. Ел есінде қалған қандай алаш азаматтарын білесіңдер?
3. Сұлтанмахмұт өлеңінде нені үндейді?

## ШЫҒАМЫН ТІРІ БОЛСАМ АДАМ БОЛЫП

Шығамын тірі болсам адам болып,  
 Жүрмеймін бұл дүниеде жаман болып,  
 Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе,  
 Жүргенше өмір сүріп надан болып.

Мен – балаң, жарық күнде сәуле құған,  
Алуға, күнді барып, белді буған.  
Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,  
Болмасам толған айдай балқып туған.

Бұл сөзім асып айтқан асылық емес,  
Ойында оты барлар асылық демес.  
Тебем деп, тірі болсам надандықты,  
Серт етіп, өз-өзіме еткем егес.



**1-тапсырма.** Шығарманың идеясын түсіндіріңдер.



**2-тапсырма.** Өлеңдегі автордың ішкі сырына назар аударыңдар. Ақынның мақсаты мен арманын талдап, дәптерге жазыңдар.



**3-тапсырма.** «Мен – балаң, жарық күнде сәуле құған, Алуға, күнді барып, белді буған» деген өлең жолдарындағы ақынның айтпақ ойына мән беріңдер. Аталған өлең жолдарының мағынасын өз ойларыңмен жеткізіңдер.



**4-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп, нақышына келтіріп, көтеріңкі, рухты дауыспен жатқа айтыңдар.



**5-тапсырма.** «Сұлтанмахмұт шыңы» деген сөзжұмбақ құрастырыңдар.



**6-тапсырма.** «Шығамын тірі болсам адам болып, Жүрмеймін бұл дүниеде жаман болып» өлең жолдары негізінде ойларыңды тұжырымдап, айтып беріңдер.





**7-тапсырма.** Төмендегі ұғымдарды негізге ала отырып, өлеңге әдеби талдау жасаңдар.

*Өз ойым*

*Көріктеу құралдары*

*Құрылысы*

*Идеясы*

*Тақырыбы*



**8-тапсырма.** С. Торайғыров еңбектерінің құндылығы неде?



**9-тапсырма.** «Адамның арманы алдамайды» тақырыбына сыни ойтолғау жазыңдар.



**10-тапсырма.** Мәтінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырманы орындаңдар.

**Уақыт мөлшері: 10 минут.**

Өлең жолдарынан түсінгендеріңді қарасөз түрінде дәптерге жазыңдар.

## ШӘКІРТ ОЙЫ

Қараңғы қазақ көгіне  
Өрмелеп шығып, күн болам!  
Қараңғылықтың кегіне  
Күн болмағанда, кім болам?

Мұздаған елдің жүрегін  
Жылытуға мен кірермін!

Еңбек, бейнет тарауы  
Рақатқа сарқылар.  
Қыздырып күннің қарауы,  
Надандық теңізі тартылар.

Орны отайып көгерер,  
Қызығын жайлап ел көрер...

**Отайып** – қаулап, көктеу, *бұл жерде:* жайнайды.  
**Жайлап** – біртіндеп.



**1-тапсырма.** «Қазақ көгі» деген тіркеске назар аударып, шығарманың тақырыбы мен идеясына талдау жасаңдар.



**2-тапсырма.** Берілген тапсырманы орындаңдар.

Мұздаған елдің жүрегін  
Жылытуға мен кірермін! –

деген жолдардағы ақынның мақсаты қандай? Осы өлең жолдарының мағынасын ашатын үш мақал-мәтелді дәптерге жазыңдар.



**3-тапсырма.** «Білім – жарық нұр» тақырыбында ой бөлісіңдер.



**4-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп, жатқа айтыңдар.



**5-тапсырма.** *Білім, ғылым, мәдениет, биіктік, мақсат* сөздерін пайдаланып,

Еңбек, бейнет тарауы  
 Рақатқа сарқылар.  
 Қыздырып күннің қарауы,  
 Надандық теңізі тартылар, –

деген өлең жолдарын төмендегі сызбаны негізге ала отырып, талдаңдар.

Бейнет	Еңбек	Рақат



**6-тапсырма.** Үзіндідегі автор бейнесіне мінездеме беріңдер.

Қараңғы қазақ көгіне  
 Өрмелеп шығып, күн болам!  
 Қараңғылықтың кегіне  
 Күн болмағанда, кім болам?



**7-тапсырма.** Берілген суреттегі ұғымдар арқылы өлеңге әдеби талдау жасаңдар.

*Өз ойым*

*Көріктеу құралдары*

*Құрылысы*

*Идеясы*

*Тақырыбы*



**8-тапсырма.** «Қараңғы қазақ көгіне  
Өрмелеп шығып, күн болам!» –

деген өлең жолдарын пайдаланып, ақын өмір сүрген қоғамға сипаттама беріндер.



**9-тапсырма.** Шығармашылық жұмыс.

Өлең жолдарын аяқтап, өздерің шумақ құраңдар.

*Тәуелсіз қазақ көгінде,  
Самғаймын мен қырандай.*

.....  
.....



**10-тапсырма.** «Білімсіздің күні қараң...» тақырыбына сыни ойтолғау жазыңдар.



**11-тапсырма.** Мәтінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырманы орындаңдар.

**Уақыт мөлшері: 10 минут.**

Өлең жолдарынан түсінгендеріңді дәптерге жазыңдар.

## САЙЫН МҰРАТБЕКОВ (1936–2007)



Сайын Мұратбеков 1936 жылы 15 қазанда Алматы облысы Қоңыр ауылында туған. 2014 жылы республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясы қазылар алқасының шешімі бойынша С. Мұратбековтің «Жусан иісі» және «Басында Үшқараның» атты шығармалары қалың оқырман қауымға жыл кітабы болып ұсынылды. «Жусан иісі» атты повесінде 1942 жылдың



оқиғалары суреттеледі. Бас кейіпкер Аянның соғыс зардабынан бақытсыздыққа ұшырағанына қарамай, өмірге құштарлығы туралы айтылады.

Жазушының бірқатар туындылары көптеген шетел тілдеріне аударылған. 1977 жылы автордың сценарийі бойынша «Тел өскен ұл» көркем фильмі түсірілді. Сайын Мұратбековтің алғашқы әңгімелер жинағы «Менің қарындасым» деген атпен 1961 жылы жарық көрді. Одан кейін «Ауыл оты» (1964), «Көгорай» (1967), «Жабайы алма» (1972), «Дос іздеп жүрмін» (1973) әңгімелері мен повестері басылып шығады. Автор өз шығармаларында қарапайым халықтың мақсат-мұраттарына жетуі жайлы әңгімелейді. Оның туындыларының басты кейіпкерлері – ауыл зиялылары мен тұрғындары, балалар. С. Мұратбеков Ә. Әлімжановтың «Жаушы» романын және «Көгілдір таулар», «Отырардан жеткен сый» повестерін қазақ тіліне аударды.



**1-тапсырма.** Сайын Мұратбековтің шығармашылығына байланысты шағын зерттеу жүргізіңдер. Зерттеу нәтижесі ретінде жазушының өмірі мен шығармаларынан хронологиялық кесте құрыңдар.



Жазушының шығарманы не туралы жазуын **тақырыбы** десек, шығармадағы суреттелген өмір құбылыстарына оның көзқарасы, қалай бағалаушылығы шығарманың **идеясы** болмақ.

Шығармадағы оқиға байланысы, дамуы, дәлелденуі, шарықтау шегі, шешуі, құрылысы, адам образы, олардың жасалу жолдары – бәрі негізгі идеяны оқушыларға жеткізу үшін керек.

**Қажым Жұмалиев**



– Көркем шығарманың **тақырыбы** деген сөзді екі мағынада қарастырамыз. Біріншісі – шығарманың аты. Ол шығарма мазмұнынан хабар беріп тұрады. Мысалы, «Абай жолы» романы дегенде шығарма Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы екенін байқаймыз. Автор кейде шығарманың атын мазмұнындағы негізгі оқиғаны меңзеп, астарлы мағынада қояды. Айталық, А. Байтұрсынұлының «Адамдық диқаншысы» деген мысал өлеңінде шығарманың тақырыбы астарлы түрде берілген.



– Сонымен, **идея** дегеніміз – жазушының өз көзқарасы, шығармадағы оқиғалар, кейіпкерлер арқылы берілетін негізгі ойы екен. Жазушының идеясын түсіну үшін шығармамен танысқаннан кейін, ондағы кейіпкерлерді талдап, автордың ұстанымын анықтау керек. Жазушы идеясы шығармадағы жалпы көтерілген тақырыппен ұштасады. Сондықтан жазушы идеясы мен шығарма тақырыбын анықтау үшін көркем шығарманы толық оқып шығу керек.

Сондай-ақ көркем шығармадағы тағы бір ерекше бейне – автордың бейнесі. Автор бейнесі дегеніміз – көркем шығармадағы жазушының өз бейнесінің көрінуі.

Эпикалық туындыларда автор, негізінен, оқиғаны баяндаушы болады. Автор бейнесін оқырмандар оқиғаны баяндау стилі, кейіпкерлерді суреттеуі, табиғат бейнесі мен сөз қолдану шеберлігі арқылы айқындай алады. Бірақ автор бейнесі тікелей көрінбейді.



**2-тапсырма.** Повестің толық нұсқасын хрестоматиядан оқыңдар. Оқулықта берілген үзіндінің мазмұнын айтып беріңдер.



**3-тапсырма.** Жусан еліміздің қай жерлерінде өседі? Жусанның емдік қасиеттері туралы не білесіңдер? Осы өсімдік туралы қосымша деректер жинаңдар. Повестің аты неліктен «Жусан иісі» деп аталғанына назар аударыңдар. Автор шығарманың атына қандай мағына берген?



**4-тапсырма.** Повесті оқып шығып, тақырыбы мен идеясын анықтаңдар. Бөлімдерге ат қойып, шағын жоспар құрыңдар.

## ЖУСАН ИІСІ

(Повестен үзінді)

### 1

Алыста қалған балалық шағым... Ойымнан жарғақ сары тоны қаудырлаған, тобығы тайған сол аяғын сүйрете жүгіретін, шілбиген ақсақ қара бала бір кетпейді. Көзімді сәл жұмсам-ақ: шуылдаған балалардың ең соңында сол аяғын жер сыпырғандай көлденең сүйретіп, есі қалмай далбақтап жүгіріп келе жатқан Аянды көргендей болам. Сондайда оның алқына шыққан әлсіз, жіңішке дауыспен: «Ей, тоқтаңдаршы, мен сендерге бүгін кешегіден де қызық ертегі айтамын», – деген жалынышты үнін естимін. Өуелде біз, балалар, оның ертегі айтатынын білгіміз жоқ. Ол әжесі екеуі біздің ауылға қырық екінші жылдың жазында көшіп келген. Мал дегеннен тек бұзаулы қоңыр сиыры бар еді. Аянның әкесі майданға аттанып, туған анасы содан екі ай бұрын қайтыс болыпты. Біздің ауылда әжесінің жамағайын төркіндері бар екен, соларды сағалап келсе керек. ...Біз, балалар, көшеде екіге жарылып ап, қағазға топырақ орап, бұрқылдата лақтырып, атысып ойнап жүргенбіз. Желсіз тымырсық күнде бұрқылдаған май топырақ тұманша қалқып, шаңытып тұрып алады. Жуық арада сейіле қоймайды. Соның арасында тұншыға жүріп, көзіміз ғана жылтырап, бір-бірімізге «уралап» ұмтыламыз. Ойынның осындай бір қызу шағында біздің «атаман» – Садық кілт тоқтай қап:

– Әй, анау кім-ей? – деген. Бәріміз сол нұсқаған жаққа қарадық. Анадай жерде: шолақ жең ақ жейде, тізеден жоғары қысқа қара шалбар киген, кекіл шашы бар, мұнтаздай таза бір бала тұр екен. Біз қараған кезде ол өзінше әлдеқандай боп кейкиіп, екі қолын қалтасына сап шіреніп қойды. Ойынды тастай сала бәріміз бірдей топырлап жүгіріп әлгінің қасына келдік. Адам көрмегендей бір-бірімізді кимелеп, қоршалай тұра қалдық. Үстіміздегі киімнің кімдікі қара, кімдікі ақ екенін біліп болмайды, баттасқан шаңтопырақ. Шетімізден ит талағандай алым-жұлым, алқа-салқамыз. «Бұл кім-ей? Қайдан келген-ей?» – деп бірімізді-біріміз түртпектей береміз. Өзіне бастан-аяқ шұқшия қарап шықтық. Ол да сынағандай әрқайсымызды бір-бір шолып өтті. Біздің ұсқынсыз түрімізге көңілі толмаған сияқты, шолақ танауын тыржитып қойды. Қоңырқай

жүзі тершіп, маңдайындағы біркелкі етіп қиылған кекіл шашын үрлеп тұрды. Кекіліміз жоқ бізге оның сол қылығының өзі кереметтей сүйкімді көрініп, қызыға қарадық.

– Кекілін қара-ей, өзінің, жаман әліне қарамай, – деп қағытып өтті Есікбай.

Біз күлкіміз келмесе де, оның сөзіне қошемет білдіріп сықылықтай күлдік. Жаңа келген бала қызараңдап, теріс айналып кетті.

– Ә... Мен білдім, – деді Садық мақтана дауыстап. Онан соң өлгі баланың алдын орай өтіп:

– Ей, бала, сендер кеше көшіп келдіңдер ғой, ө? Қоңыр сиырларың бар ғой, ө? – деді.

– Иә, – деді, томсырайып тұрған бала оның сөзіне күлімсіреп.

– Қоңыр сиырымыз бар.

– Атың кім?

– Аян.

Біз, бәріміз, тегіс ұмытып қалмайық дегендей: «Аян, Аян»... – деп күбірлесе қайталап қойдық.

– Жүр, жолдас боламыз, – деді Садық, оның аппақ білегінен қап-қара қолымен ұстай алып. Аян оның қолына қарады да, қызараңдап тұрып, ақырындап білегін босатты.

## 2

Күзде оқу басталып, жеті менен он жастың аралығындағы өңшең бірөңкей балалар бірінші сыныпқа бардық. Бізді Иманжанов деген шашы аппақ қудай, қолы-басы тоңған адамша дірілдей қалшылдап, көзі қып-қызыл боп жасаурап отыратын қарт кісі оқытты. Бұл кісі денсаулығының нашарлауы себепті қаладан көшіп келген мұғалім екен. Бізге күн сайын үйінен әкелген қағазды бір-бір парақтан үлестіріп беріп, әріптерді үйрете бастады. Аян екеуіміз бір партаға отырғанбыз. Бірінші күннен-ақ ол зеректігімен көзге түсті. Мұғалімнің тақтаға жазған әріптерін айна-қатесіз қағазға түсіріп, тез жаттап алып жүрді. Тіпті келе-келе күніне бір-екі әріптен ғана өткенімізге көңілі толмай:

– Барлық әріптерді тезірек неге үйретпейді екен. Шіркін, ағама хат жазар едім, – деп күңкілдейтін. Әрине, майдандағы әке-



ағамызға хат жазу бәріміздің де көкейіміздегі асыл арманымыз еді. Сонымызды сезгендей, Иманжанов та бізге тезірек хат танытуға бар күшін салып бақты. Сөйтіп, бас-аяғы бірер айдың ішінде әріптерді тегіс жаттап, бірлі-жарым сөздерді құрап, жаза алатындай халге жеттік. Ал Аян болса кәдімгідей: «Аса жаннан артық көретін аға...» деп бастап, хат жазатын болды. Ендігі оның қуанышында шек жоқ еді. Күнде сабақтан кейін үйіне келісімен, төр алдына етпетінен түсіп, сиялы қарындашты тілімен жалап қойып, бет-аузын сия-сия ғып ағасына хатты үсті-үстіне жазатын да жататын. Күніне екі-үш хаттан жазады. Кейде әжесінің айтқанын жазса, кейде өз бетінше жаза беретін. Біз, басқа балалар, өлі де сөйлем құрап жаза алмайтынбыз. Сондықтан Аянға кеп:

– Хат жазуды үйретші, – деп жата жабысатынбыз. Аян бөлденбейтін. Жымың-жымың етіп күлетін де:

– Мә, мына менің хатымды көшіріп жаз, тек менің ағамның орнына өз ағаңның атын жаз, – деп қоятын. Сөйте-сөйте хат жазуды бәріміз де үйрендік. Енді біздің ауылдан күніне майданға сөзі де, мазмұны да, кейде тіпті кісі аттары бірдей жиырма-отыз хаттан кетіп жататын болды. Дәл біздің хат тануымызды күтіп жүргендей-ақ екі айдан кейін Иманжанов қатты науқастанып, төсек тартып жатып қалды. Бір қол, бір аяғынан сал болған. Басқа мұғалім келмеді. Осылайша, біздің оқуымыз да келер жылға дейін тоқтаған еді. Бірде Аян өрістен мал қайырып келе жатып үйретемін деп, өзінің қасқа бұзауына секіріп мінген. Семіз бұзау мөңкіп-мөңкіп жығып кетті. Сол жолы Аянның тобығы тайып, бір айдай үйінде ауырып жатты. Осыдан кейін-ақ Аянның тобығы тайғыш болып алды. Қит етіп алысса, иә секірсе тобығы тайып кететін де, Аян:

– Ойбай, ойбай, аяғым-ай... аяғым-ай... – деп жанұшыра бақырып жата қалатын. Бірте-бірте ол алысып-жұлысып ойнайтын ойындарға араласпай, шеттеп, бар қызыққа тек анадайдан сырттай қызыға қарап тұратын болды. Тобығы үшінші рет тайғанда, ол үйінде бұрынғыдан да ұзағырақ жатты.

### 3

Күні бойы Ешкіөлместің күнгейінде жайылған мал ешкім қайырмаса да, бір ізбен шұбырып ауылға қайтқан. Кенет бүкіл

ауылды шулыға шыққан ащы дауыстар селт еткізді. Төбе құйқаны шымырлатып жоқтау айтқан дауыстар. Аянның үйінен шығып жатыр. Мұндайда балалар еліккіш келеді ғой. Сырғанақты тастай бере дәл бірдеңеден құр қалатындай бәріміз бірдей дүрліге дүркіресіп, Аянның үйіне қарай лап қойдық. Артымыз жетпей жатып, алдымыз не боп қалғанын естіп те үлгердік. «Аянның әжесі өліп қапты», – деген сыбырды алқына тұрып сүйінші сұрағандай бірімізге-біріміз жеткіздік. Жарғақ сары тон киген Аян күлімдеп тұратын қара көзі шарасынан шыға жаутаңдап, өңі боп-боз, есігінің алдында тұр екен. Үйінде көрші-қолаң әйелдер бір-бірімен шуылдаса көрісіп, азан-қазан боп жатқанмен ол көзіне жас алмапты. Біз өзара сөйлескеніміз болмаса, оған үн қатқамыз жоқ. Аян да бізді үнсіз қарсы алды. Сүйреткен шанамызға, конькиімізге көз салды. Тоңғаннан ба, танауын жиі-жиі тартып, дір-дір етеді. Күн ұясына еніп бара жатыр. Аян болса сол мелшиген күйде жалтақ-жалтақ етіп, ауылдың әр тұсынан «әжетайлап» дауыс қойып келе жатқан үлкен адамдарға қарайды. Бірақ олардың бірі де бұған назар аударар емес. Біз болсақ, енді қайтер екен деп қызықтағандай, одан көз айырмастан ортаға ап, қоршалай тұрмыз.

## 4

Ертеңіне Аянның әжесі жерленді. Жұрт ат қойып зираттан қайтқанда, Аян әжесінің қабірінің басында елдің ең соңынан шошайып жалғыз қалды. Ол бұл күні де жылаған жоқ. Қарлы топырақ араласқан жас қабірге жаутаңдап біраз қарап тұрды да, бір уыс топырақты іліп ап: «Топырағың жеңіл болсын, әже!» деп шашып жіберді. Онан соң қып-қызыл боп тоңған екі қолын аузымен кезек-кезек үрлеп қойып, ауылға қайтты. Сол күні Аян әжесінің тумаласы Бапай деген шалдың үйіне көшті. Біз көшеде сырғанақ тебуге кіріскенбіз. Дәл осы кезде, азын-аулақ көрпе-жастық тиелген шананы Бапай айдап, Аян өзі қоңыр сиырын бұйдасынан жетелеп, көшенің басындағы шалдың үйіне көшіп бара жатты. Қоңыр сиыр үйренген қорасынан шыққысы келмей тартыншақтай бастаған, біз – бір топ бала шуылдаса қаумалап артынан айдадық. Қоңыр сиыр көзі шарасынан шыға шатынап, танауын пысылдатып, басын шайқап-шайқап, Аянды сүзіп жіберердей боп алға қарай

оқтана жүрді. Бірақ сүзген жоқ, жүріп келе жатқан бойда Аянның қаудырлаған сары тонының етегінен иіскеді де, тұмсығын созып, ыңырана мәңіреді. Аян ақсаңдаған күйде бізге бұрыла қарап:

– Жануар, бәрін біледі... – деді.

Аянның сиырын Бапай шалдың үйіне дейін айдасып барғаннан кейін, біз сырғанаққа оралып, ойынға қайта кірістік. Сәлден соң, Аян да сырғанақ басына келді. Өзінің шанасы жоқ, сондықтан елдің шана тепкенін қызықтап қарап тұрды. Бірде менің көк тақтайлы шанамды нұсқап:

– Менің де шанам дәл осындай еді, көшкенде ана жақта қалды, – деп қойды. Мен оның жаудырап қарап тұрғанына шыдай алмай:

– Мә, Аян, сен бір жол теуіп кел, – деп шанамды бердім. Қуанғанынан ол езуін жия алмай, ыржия күліп кеп, шанаға отырды да:

– Ал, кім менімен жарысады?! – деп айқайлап, еңіске қарай зулата жөнелді. Менен кейін оған шанасын Садық берді, онан кейін Есікбай берді, қысқасы Аян бәріміздің шанамызды бір-бір реттен теуіп шықты. Ол қып-қызыл боп, қара терге түсе еңтігіп, алабұртып, елден ерекше даурыға сөйлеп, сақылдап күлумен болды.





Бімырт сәулесі ыдырап, қараңғылық үйіріле бастаған кезде, басынан тымағын алып желпіне тоқтаған Аян:

– Жүріңдер, бүгін мен кешегіден де қызық ертегі айтамын, – деді.

Біз опыр-топыр болып шуласып, Аянның бастауымен Бапай шалдың үйінің іргесіне келдік. Аянды ортаға алып, енді жайғасып отыра бергенімізде, есік ашылып, сыртқа Бапайдың кемпірі шықты да:

– Үйбай, бетім-ай, бұ дүбірлеген не десем, мыналар екен ғой. Аулақ жүріңдер әрі, өй, өңшең топырлаған немелер! Онысы несі-ай, тап терезенің түбіне кеп үймелегендері! – деп қуып жіберді.

Енді қайттік дегендей, көшеде аңтарылып тұрғанымызда Садық:

– Мен таптым қай жерге отыруға болатынын, – деді. Бәріміз соған қарай қалдық.

– Анау ат қораның төбесіне шығайық та, шөпке белуардан кіріп ап отырайық...

Біз санымызды шапақтап, «уралап», ауылдың шетіндегі ат қораға қарай жүгірдік. Арт жағы аласа тас қораның үстіне тырмыса-тырмыса шығып алдық та, сол күні ғана Қараойдан әкелінген көк жауқазын шөпті үңгіп-үңгіп жіберіп, отыра-отыра кеттік. Құрғақ шөптің танауды жарған хош иісі мас қылғандай тұла бойды шымырлатады. Шетімізден пысқырынып, мұндай рақат дүние тапқанымызға мәз-мейрам боп, бірімізді-біріміз итеріп қап, шөпке аунатып, сықылықтай күлісіп, жұмсақ шөпке тығыла түсеміз.

Бәріміз алқа-қотан жайғасқаннан кейін ортамыздағы Аян тісінің арасынан сызылта шырт дегізіп түкіріп қойып, көтеріле түсіп, астына шөп жұмарлап, басқамыздан орнын биіктеу ғып отырды. Онан соң қабағын шытып, ойға батқан күйде төмендегі үңірейе қарауытып жатқан терең құзға көз жіберді. Біз де еріксіз енді солай қарай жалтақтадық. Құз іші қорқынышты.

– Ертеде бір жетім бала бопты... – деп Аян екінші ертегісін бастады.

Сыбырлай шыққан дауысында өз айтқанына қалайда қалтқысыз сендіретіндей керемет бір күш бар. Біз тым-тырыс боп тына қалдық. Бір сәтке дәл астымыздан – қораның ішінен жылқылардың



күтір-күтір шөп жеп тұрғаны, пысқырғаны, тарпығандары, қасынғандары естілді. Бірақ біртіндеп Аянның ертегісі қызған сайын, әлгі дыбыстардың бәрі құлақтан шет қалып, төңіректі – бүкіл Ешкіөлмес баурайын, төмендегі терең құзды ғажайып бір тыныштық басты. Бұл дүние – ертегі-қиял дүниесіне, сиқырлы дүниеге айналып, біз өзіміздің бар-жоғымызды да ұмытқандай болдық.

## 6

Дүниедегі жақсылық атаулының бәр-бәрі: ерлік те, ізгілік те, сұлулық пен ақылдылық та, әйтеуір адамға тән небір асыл қасиеттің барлығы да сол Аянның ертегілерінде болушы еді. Аян батырлық туралы ертегі айтқанда, біз – алым-жұлым киінген қара борбай балалар бір сәтке жадау қалпымызды ұмытып, шетімізден көк семсерді жарқ-жұрқ еткізіп, ат ойнақтатып жауға қарсы арыстанша шабатын нағыз қас батырдай сезінуші едік өзімізді. Өмірімізде қосауыз мылтықтан өзге ештеңені көрмесек те, жарқ-жұрқ еткен көк семсер тұрғанда, зеңбірек, пулемет дегендер айтар сөзге, көңілге олқы түсіп, ойыншық сияқты боп қалатын. Өйткені Аянның ертегілеріндегі батырлар сілтеген көк семсерге қызығып иланатынымыз сонша, оны қару біткеннің құдайы көретінбіз.

– Ух, шіркін, сондай семсерім боп мен де соғысқа барсам, фашистерді тура бауша қияр едім, – деп тістенетін Есікбай.

– Ал мен бар ғой, тек бастарынан ғана шабар едім, – дейтін Садық арман еткендей дауысын соза сөйлеп, құшырланып.

– Көк семсерді жарқ-жұрқ еткізіп келе жатқанымда, алдымнан көкем шыға келсе...

Ой, керемет болар еді-ау, ә? Мұнан әрі соғысқа баруды, фашистерді қыруды, сөйтіп, әке-ағаларымызды тауып алуды әрқайсымыз өзімізше сөз етіп, тәтті арманға шоматынбыз... Өзі жетім болған соң ба, кім білсін, Аянның ертегілері көбіне жетім бала туралы болушы еді. Жетім баланың тағдырына байланысты үрейлі ертегіні бастаған кезде, ауылдың шетіндегі сай-саланы, жыра-құзды тегіс жалмауыз кемпірлер, жезтырнақтар, жалғыз

көзді дәулер, дию-перілер жайлап кеткендей болушы еді. Төңірек үрейге толатын. Құз жақтан соққан суық желдің ызыңы неше түрлі боп құбылып естілетін. Бірде сыңсып, бірде ұлығандай үн келетін құлаққа...

Біз әр дыбысты қалт жіберместен үрпиісіп, біреу «а!» десе, «ойбай», «аттанға» бірдей салып тым-тырақай зытуға дайын отыратынбыз. Ғажап ертегілер!..

## 7

Сөйтіп, Аян бір құлық тауып алды. Енді ол күнде кешкісін бізге сол күні ойлап шығарған жаңа ертегісін тездетіп айтып бітіреді де, біреуіміздің шанамызды сұрап ап, түннің бір уағына дейін сырғанақта жападан-жалғыз ойнайды. Бір күні күн бұлттанып, оңынан баяу ғана ызғырық жел соғып тұрды. Қараңғылық ерте түскен. Біз де дағды бойынша, ауыл үйлері шам жаға бастаған кезде ат қораның төбесіне жинала қалдық. Аян бұл күні өте-мөте көңілді еді.

– Әй, мен сендерге бір қызық айтайын ба, – деді ол сүйінші сұрағандай қуанышты үнмен.

– Мен бүгін таң алдында түсімде ағамды көрдім. Рас айттам. Түнде жатарда ағамның пальтосын басыма жастап, көпке дейін иісін иіскеп жатқам. Ағамның иісі сіңіп қапты. Біртүрлі жусанның иісі сияқты жақсы иіс. Мен бүйтіп жағасына мұрнымды тығып алдым да, ұзақ-ұзақ иіскедім... Әжем ылғи: «Ағанды анау Жусандытөбенің үстінде, мал қайырам деп жүргенде, айдалада тапқанмын» дейтін...

Менің ағамда жусанның иісі содан қалған... Сөйтіп жатып ұйықтап едім, түсіме кірді...

– Мен де ылғи көкемнің пальтосын жамылып жатамын. Менің көкемнің пальтосынан да жусанның иісі шығып тұрады, – деді бір бала. Сөйткенше болған жоқ, тұс-тұстан жамырай дуылдап, соғыста жүрген әкелеріміздің, ағаларымыздың үйде қалған киімдерін еске алып, олардан шығатын иісті сөз етіп кеттік. Және бір қызығы – көпшілігіміз ол иісті жусанның – дәл өзіміздің ауылдың іргесіндегі жусанның иісіндей дестік. Онан бір кезде Аян:

– Менен де жусанның иісі шығып тұрады, ағама тартқанмын. Міне, иіскеп көріңдерші, – деп өз омырауына тұмсығын тықты. Біз дереу кезектесіп оның омырауын иіскеуге кірістік. Өзі айтқаннан ба, әлде шынымен солай ма, әйтеуір, Аяның омырауынан бұрқырап жусанның иісі шығып тұрғандай көрінді бізге.

– Рас-ей, жусанның иісі шығады.

– Қандай сүйкімді-ей, жусанның иісі... – дестік бірауыздан. Онан соң әрқайсымыз өз омырауымызға тұмсығымызды тығып, өзіміздің иісімізді өзіміз иіскеп, жаңалық ашқандай:

– Әй, менен де жусанның иісі шығады-ей.

– Менен де... Міне, иіскеп көрші... тура жаздыгүнгі Жусандытөбенің иісіндей... – десіп жан-жақтан шулап кеттік.

## 8

Сары су іркілген ат қораның іші тұншығардай қапас, тымырсық еді. Тастай қараңғы. Төбесіне ұя салған торғайлардың, олардың шырылдаған қызылшақа балапандарының үні құлақты тұндырады. Құжынаған шыбындардың ызыңы бір басқа. Қараңғылыққа көзім үйренгенше есік алдында тұрдым да, онан соң қабырғаны жағалап түкпірге қарай жүре бастадым. Аяқ асты сазданып, басқан сайын шұрқ-шұрқ етеді. Түкпірге де жеттім. Аян қараңғы бұрышта бір уыс боп бүрісіп, екі алақанымен бетін басып солқылдап жылап отыр екен. Ұзақ жылады. Онан соң көзін сұртті де, қорадан шықты. Сыртқа шыққан соң көрдім, көзі қып-қызыл боп кетіпті. Маған қарады да, өз-өзінен жымыып күлді.

– Күн ыстық, ө, – деді. Осыдан кейін бір жеті өткен соң, ертеңгісін он шақты қозы-лақты тауға қарай өргізіп жіберіп, қайтар жолда Бапайдың есігінің алдында тұрған арбаға көзім түсті. Бірсыпыра балалар осы арада екен. Аян жолға жүретін адамдай бар-жоғын киініп апты. Мен таяп келгенде, шеттеу тұрған Есікбай сыбырлап қана:

– Аян балалар үйіне кеткелі жатыр, – деді. Осы кезде үйлерінен арба айдаушы жігіт және Бапай мен кемпірі шықты. Бапай арба айдаушыға Аянды станцияға дейін аманат қып тапсырғанын қайта-қайта айта береді. Ал кемпірі кеп, Аяның бетінен сүйді, көзіне жас алды.





– Қарағым, жолың болсын, – деді жыламсырап. – Жақсыдан қалған тұяқ ең, қайда жүрсең аман бол. Адам болсаң, тауып келерсің әлі...

Бапай да кеп, Аянның бетінен сүйді.

Біз, балалар, Аянды көп уақытқа дейін еске алып, сөз қылушы едік. Кейде кешкілік бір жерге жиналып ап, ала қыстай Аян айтқан ертегілердің есте қалғандарын қайталай айтып та жүрдік. Аянның ертегілерінің көңілімізде ұялағаны сонша, кейін ержеткен кездерімізде өзімізден кіші балаларды тамсандыра отырып айта-тынбыз. Тіпті күні бүгінге дейін, сонан бері талай ондаған жылдар өтсе де, кей күні түнде далаға шыға қалсам, қараңғыда бөрікше шошайған Ешкіөлмес шоқысы – астында жалғыз көзді дәу ұйықтап жатқандай, соның қорқыраған демінен теңселіп тұрғандай көрінеді. Сол дәумен алысатын жетім бала қайда екен деймін сол сөт. Жазға салым Жусандытөбе жақтан қоңырсалқын самал еседі. Ашқылтым иіс аңқиды. Жусанның иісі. Сондайда есіме тағы Аян түседі.

Шынында да, бұл күнде Аян қайда екен? Тірі ме екен? Ондай бала тірі болуы тиіс. Ондай бала алдына нендей мұрат қойса да жетеді. Ал тірі болса, Жусандытөбеге бір оралмауы қалай?! Жусанның иісін сағынбауы мүмкін емес қой.





**5-тапсырма.** Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар. Кейіпкерлерге мінездеме беріп, кестені дәптерге толтырыңдар.

Кейіпкердің аты	Шығармадан үзінді	Мінезі
Аян		
Садық		
Есікбай		
Автор бала		



**6-тапсырма.** Повестегі оқиғаның шиеленіскен тұсын тауып, талдаңдар.



**7-тапсырма.** Мәтінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

*Уақыт мөлшері: 10 минут.*

1. Түнде сырғанақ теуіп жүрген кім? Сырғанақ теуіп жүрген баланың қандай мінезін байқауға болады?
2. Мәтінді тыңдап, көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойыңдар. Бос орынға қойған сөздердің мағынасын түсіндіріңдер.

Шыдай алмай, жүгіріп сырғанаққа бардым – міне, қызық, шана теуіп жүрген ... екен. Ай жарығында анық көрінді: жүзі ... қағып, екі иінінен алқына дем алады. Тонының екі етегі далпылдап, шананы көшенің басына қарай сүйрете жүгірді. Мені көріп бұрылды да:

- Жүр, ойнайсың ба? – деп дауыстай сөйледі.
- Қойшы, түн жарымында есі дұрыс адам ойнай ма?
- Ойнағанда қандай! Түу, сен өзі мынадай айлы, ... .. шанамен сырғанаудың қандай керемет екенін білмейді екенсің ғой. Айлы түнде шанаға ... .. бітеді... – деді де, Аян жүгіре жөнелді.



**8-тапсырма.** Аяның көңіл күйін білдіретін үзінділерді талдаңдар. Қарамен жазылған сөздерге назар аударыңдар.

Үзінді	Көңіл күйі	Себебі...
Жарғақ сары тон киген Аян күлімдеп тұратын қара көзі шарасынан шыға жауаңдап, өңі боп-боз, есігінің алдында тұр екен.		
Ол қып-қызыл боп, қара терге түсе еңтігіп, алабұртып, елден ерекше даурыға сөйлеп, сақылдап күлумен болды.		
Аян қараңғы бұрышта бір уыс боп бүрісіп, екі алақанымен бетін басып солқылдап жылап отыр екен. Ұзақ жылады. Онан соң көзін сүртті де, қорадан шықты. Сыртқа шыққан соң көрдім, көзі қып-қызыл боп кетіпті.		



**9-тапсырма.** Автор нешінші жақтан сөйлейді? Өз ойы мен пікірін қалай білдіреді? Автордың Аянға деген көзқарасын білдіретін сөздерді тауып, дәптерге жазыңдар.



**10-тапсырма.** Шығармадағы көріктеу құралдарын тауып, кестені дәптерге толтырыңдар.

Мәтіннен үзінді	Көріктеу құралы	Мағынасы
<p>Ызғырық жел онан сайын суытып, қар ұшқындай бастады. Тұтасқан қап-қара аспан тұншықтыра салардай боп ауыл үстін тұмшалап тұр. Ит үрді. Тура жалғыз көзді дөудің иті құсап ұлып үрді.</p>		
<p>Аян батырлық туралы ертегі айтқанда, біз – алым-жұлым киінген қара борбай балалар бір сөтке жадау қалпымызды ұмытып, шетімізден көк семсерді жарқ-жүрқ еткізіп, ат ойнақтатып жауға қарсы арыстанша шабатын нағыз қас батырдай сезінуші едік өзімізді.</p>		
Өз үзіндіңді қой...		



11-тапсырма. Берілген кестені дәптерге толтырыңдар.

Шығармадан үзінді	Кейіпкерлердің мінезі	Менің пікірім
<p>Аян оған жасқаншақтай қарап: – Қойсаңшы енді, – деп күңкілдеген сайын, Есікбай ыржақтап кеп, қайта-қайта оның басынан тоқай алып, аяғынан шалып, мазасын кетірді. Ыза болған Аян ақырында:</p>		

– Төбелесесің бе? – деген.  
Есікбай оны мазақтай түсіп:

– Сенімен бе, қойшы-ей! – деп кеп, сілекейін Аянның бетіне жаға салды. Мұнан әрі шыдау мүмкін емес еді.

– Мен бұл көшенің ортасында төбелеспеймін. Жүр, анау сайға. Ел көрмейтін жерге барып төбелесейік, – деді Аян.

– Қойшы-ей, мынау дөй ғой-ей, – деп Есікбай сілекейін Аянға тағы жақты.

– Жүр, ал, Есікбай көкеңнің жұдырығын иіскегің кеп тұрса. – Ол енді Аянды итермелей түсіп, сайға қарай жүгірді.

Аян оны белдесуге жібермей, екі қолынан ұстай алды да, жата беріс тастап ыңқ еткізді. Бірақ үстінен басып соққан жоқ. Қатты жығылған Есікбай біразға дейін тұра алмай, ыңқылдап жатты. Аян болса, бұлаққа барып бет-аузының қанын жуып, ақ жейдесін киіп, түк білмеген, түк көрмегендей үйіне қайтты.



**12-тапсырма.** Аянның басынан өткен оқиғаларды саралай отырып, эссе жазыңдар. Эсседе Аянның отбасындағы жағдай мен оның тағдырының ерекшелігін айтып, болашақта ол қандай бала болады деген сұраққа жауап беріңдер.





**13-тапсырма.** Шығармада Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы ауыл тұрмысы қалай суреттелген? Мәтіндегі баланың әлеуметтік жағдайын білдіретін сөздерді пайдаланып, сыни хабарлама жасаңдар.



**14-тапсырма.** Сол кездегі ауыл балаларының және қазіргі балалардың өмірін салыстырып, кестені дәптерге толтырыңдар. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын дебат түрінде талдаңдар.

Соғыс жылдарындағы балалардың ойыны, ермегі	
Соғыс жылдарындағы балалардың еңбек етуі	

Қазіргі балалардың ойыны, ермегі	
Қазіргі балалардың еңбек етуі	

## ОРАЛХАН БӨКЕЙ (1943–1993)

Оралхан Бөкей 1943 жылы 28 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы Қатон-Қарағай ауданына қарасты Шыңғыстай ауылында туған. 1963 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне сырттай оқуға түседі де, оны 1969 жылы тамамдайды. 1970 жылы Алматы қаласындағы «Жазушы» баспасынан шыққан «Қамшыгер» атты алғашқы жинағы қаламгер ретінде танытты. Осы баспадан оның «Үркер» (1971), «Қайдасың, қасқа құлыным?» (1973), «Мұзтау» (1975) әңгімелері мен повестері шығарылды. Оралхан Бөкейдің «Өн саларды шағылдар» (1978), «Үркер ауып барады» (1981), «Біздің жақта қыс ұзақ» (1984) әңгімелері мен повестері «Жалын» баспасынан жарық көрді. 1986 жылы оның «Құлыным менің» драмалық шығармасы «Өнер», ал 1987 жылы «Ұйқым келмейді» деп аталатын әңгімелері «Жазушы» баспасынан шықты.



«Құлыным менің» (1974), «Текетірес» (1976), «Қар қызы» (1982), «Зымырайды поездар» (1984), «Жау тылындағы бала» (1985), «Мен сізден қорқамын» (1987) пьесалары қазақ және орыс тілдерінде республикалық, облыстық, сондай-ақ бұрынғы одақтас республикалар театрларында қойылған.

Оралхан Бөкей – есімі дүниежүзіне танымал жазушы. Оның шығармалары әлемнің көптеген тілдеріне (орыс, ағылшын, француз, неміс, жапон, араб, қытай) аударылған. Оралхан Бөкейдің туындыларынан «Кісікиік» (1985, режиссері М. Смағұлов), «Сайтан көпір» (1986, режиссері Д. Манабаев) көркем фильмдері қойылды.



Көркем шығармада адамның өмірі, олардың өзара қарым-қатынасы, наным-сенімі, ой-сезімі, мінез-құлқы жинақтала суреттеледі.

Осындай жинақталған адам образын **типтік образ** деп айтамыз.



**1-тапсырма.** Оралхан Бөкейдің өмірі мен шығармашылығы туралы шағын хабарлама дайындаңдар. Хабарламада жазушының өзің білетін басқа да шығармалары туралы айтып беріңдер.



**2-тапсырма.** Өңгіменің толық мәтінін хрестоматиядан оқыңдар.

## ТОРТАЙ МІНЕР АҚ БОЗ АТ

(Өңгімеден үзінді)

Біздің ауыл Салықсалғанның иығында отырған. Шілденің дәл ортасы болса да, бұл жерде қоңырсалқын, бұлтсыз күндері тамылжыған тамаша мезгіл басталушы еді. Не ыстық емес, не суық емес жайлаудың жайма-шуақ сәтінде төбеңнен көкпеңбек болып төңкеріліп тұрар аспанға қарағайдың бүршігін лақтырып

ойнайсың. Қанша құласаң, ауырсынбайтын, қанша аунасаң, жапырылмайтын күлтеленген күреңсе балапан табанымызға кілемдей жұмсақ тиюші еді-ау.

...Біздің ішімізде менен екі-үш жас үлкендігі бар Тортай атты бала болушы еді. Әке-шешеден тым ерте айырылып, алыстан қосылар аталастарының есігінде жүретін. Қой аузынан шөп алмас жуас, құлағының сәл мүкісі<sup>1</sup> бар, бала болып көп ойнамайтын жасқаншақ еді. Бәрімізден гөрі ерекшелігі, таңертеңнен кешке дейін бас алмай кітап оқи беретін.

Тортай әсіресе мені жақсы көрді. Жанынан бір елі қалдырмайтын. Әкем – ферма меңгерушісі, үйде ішіп-жем мол, ит басына іркіт төгіліп жатушы еді. Шешемнің қолынан – бір, жолынан – екі алып, әр күн сайын Тортайға таситынмын. Ол мені алдап, тамақ үшін дос болмайтын, қайта «мен аш жүргенім жоқ, әкеле берме» деп ұрсатын-ды. Өз бейілімен, көңіл хошы болмаса, ләм деп аузын ашпайтын әрі құлағы қақас еститін болған соң, әңгімеге зауқы бола бермейтін. Тек менімен ғана оңаша сәттерде ағыл-тегіл әңгіме құрушы еді.



<sup>1</sup>Мүкісі бар – құлағы естімейтін.



Бір күні мен Тортайды көп іздеп, өрең таптым. Тұрған үйі аузына келгенін айтып ұрысып, қуып жіберіпті. Салықсалғанның ұшар басындағы қалың қамысты тас қорымның үңгіріне кіріп, от жағып жатыр екен.

...Ешкім жоқта жылаған секілді, оттың сәулесі тиген көзі қызарып, домбығып тұр еді.

– Әке-шешен іздеп жүрер, үйіңе қайт, қорықсаң, мен шығарып салайын, – деді Тортай. «Әке-шешен» деген сөзді қырсығып айтқандай болды. Ал әке-шешемнің тірі, жер басып жүргеніне мен кінәлі емес едім.

– Сенің жаныңа жата кетсем қайтеді? – дедім оттың шаласын ысырып.

– Қайтасың! – деді ол міз бақпай. Мен бүгін оны мүлдем танымай отырмын. – Қайтасың, әке-шешен менің басымды жарады.

– Жармайды. Сен мені қума, дос емес пе едік?

– «Ораза-намаз тоқтықта» ғана деген. «Тоқ бала аш баламен ойнамайды» деген.

Мен жауап бере алмадым, үндемеген қалпы мылқиып отыра бердім. Тортай мең-зең. Лаулаған отқа тесілген күйі күрсінді. Содан кейін нардан қарғып түсті де, тас үңгірдің тесігінен сыртқа қарады.

Тасошақтағы оттың сәулесі тас қабырғаларға түсіп, қоңырқай тартады. Төбеде тесік бар-ау деймін, тырс-тырс тамады бір жерден. Біз ертедегі ескі дүниеде отырғандай едік. Менің кеңсірігім ашып, біртүрлі жылағым келді.

– Тортай, – дедім.

– Ау, – деді.

– Өңгіме не ертегі айтшы.

– Баяғыда бір жетім бала болыпты, – деп бастады... баяғыда бір жетім бала болыпты... әрі қарай күңгір-күңгір, күбір-сыбыр ертекке айналды. Бүгінде менің есімде Тортай айтқан ертектің көбі қалмаған, тіпті сол арманшыл баланың өзін де ұмытқандай едім... Тек, «баяғыда бір жетім бала болыпты» деп басталушы еді, ал қалай аяқталғанын білмеймін, мүлдем есімде жоқ, қалай аяқталушы еді?.. Менің жадымда тамаша сақталғаны – ол тас үңгірде шөп төселген нардың үстінде жатып оқыған кітаптары мен



өзінің арман-қиялы туралы түн ортасы ауғанша айтқан күбір-күбір әңгімесінің еміс-еміс елесі ғана. Мені жып-жылы қойнына алып, ағалық ақылын айтатыны мен зеректігі еді.

– Бұл дүниеде мен бір тұтар, сырласар жалғыз-ақ нәрсем бар, ол – кітап, – дейтін.

– Әкем де, шешем де – сол кітап. Кейбірін екі-үш қайтара жалықпай оқып шықтым. Жалғыздығың, жетімдігің – бәрі-бәрі ұмытылып, басқа бір жұмақты өмірге сапар шеккендей боламын. Өттең, жағдай келсе, оқуымды одан әрі жалғастырып, Алматыға аттанар едім. Шынымды айтайыншы, кітап жазып, жазушы болғым келеді.

...Тортай көзі жайнап, астындағы жақпар тасты тебініп-тебініп қалғанда, ар жағындағы шатқалға құлап кетеді екен деп зәре-құтым қалмайды.

– Ақ боз ат демекші, түнде түсімде көк өгізім арғымақ болып, жер тарпып, кісінеп тұр. О несі екен? – деп, бұзауларымен бірге қаперсіз оттап жүрген өгізіне күн сап қарады.

– Тортай, сен түбі сол ақ боз атқа мінесің, – дедім мен шын көңіліммен.

– Қайдам, – деді ол тастан-тасқа секіріп, төменге түсіп бара жатып. – Қайдан білейін... Әкем марқұмның тақымы қотыр тайға тимей кетіп еді, қайдан білейін.

Күз жақындап, фермадағы барлық бала жайлаудан ауылға оқуға аттанғанда, тау басында бұзау бағып, жападан-жалғыз Тортай ғана қалған. Әрине, мен оны қимадым, қиналдым. Өзіммен бірге ала кететін шаманың жоқтығына жыным келді. Кетерімде ол маған ең сүйікті кітабын сыйлап тұрып айтты: «Мен үшін де оқы. Бәлкім, мен міне алмаған ақ боз атқа сен мінерсің».

– Сенің өз ақ боз атың бар емес пе?

– Жоқ, менің маңдайыма көк өгіз жазылған.

– Онда мен өз ақ боз атымды саған сыйға тартамын.



**3-тапсырма.** Не себепті әңгіме «Тортай мінер ақ боз ат» деп аталған? Әңгімені басқаша қалай атауға болады?



**4-тапсырма.** Әңгіменің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар. Шығарманың сюжеті бойынша жоспар құрыңдар.



**5-тапсырма.** Тортай мен Орашқа мінездеме беріңдер. Мәтіннен үзінді алып, үлгі бойынша кестені дәптерге толтырыңдар.

Мәтіннен үзінді	Бір сөзбен айтқанда...	Себебі...
Қой аузынан шөп алмас жуас, құлағының сәл мүкісі бар, бала болып көп ойнамайтын жасқаншақ еді.	Момын бала	Қой аузынан шөп алмас деген тіркес момын, жуас деген мағынаны білдіреді.



**6-тапсырма.** Мәтінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

**1-мәтін. Уақыт мөлшері: 10 минут.**

Көп нүктенің орнына қойған сөздеріңнің мағынасын түсіндіріңдер.

Тау арасында жылтылдатып от жағып, өн шырқағанда, лаулаған жалын ... тілін жалаңдатып күй шертіп, тау-тасты күңіретіп тұрғандай әдемі сезілуші еді-ау. Біздер, балалар, күні бойы өгіз үйретіп, бұзау жаямыз, үш уақ сиыр сауғызамыз. Ымырт үйіріле алтыбақан құрған азаматтардың маңайында арпалысып, тиіп-қашып, ... шулап ойнап жүргеніміз. Біздің ішімізде менен екі-үш

жас үлкендігі бар Тортай атты бала болушы еді. Әке-шешеден тым ерте айырылып, алыстан қосылар аталастарының есігінде жүретін. Қой аузынан шөп алмас ..., құлағының сәл мүкісі бар, бала болып көп ойнамайтын ... еді. Бәрімізден гөрі ерекшелігі, таңертеңнен кешке дейін бас алмай кітап оқи беретін. Қолына не тисе, соны талғамсыз оқитын Тортай ортамыздағы ..., аузымызды ашып тыңдар ... сықылды.



**7-тапсырма. 2-мәтін. Уақыт мөлшері: 7 минут.**

Әңгіме тақырыбын ашуда осы эпизодтың маңызы қандай? Мәтіннен түсінгендеріңді қорытып, Тортайдың арманын дәптерге қысқаша жазыңдар.



**8-тапсырма.** Автор бейнесін білдіретін сөздерді табыңдар. Автор нешінші жақтан сөйлейді? Не себепті?



**9-тапсырма.** Әңгімеден ауыспалы мағынадағы тіркестерді теріп жазыңдар. Олардың мағынасын түсіндіріп, кестені дәптерге толтырыңдар.

Ауыспалы мағыналы тіркес	Мағынасы



**10-тапсырма.** Шығармадағы табиғат көрінісіне назар аударыңдар. Автор суреттеулерде қандай сөздерді қолданған?



**11-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Тортайдың таудағы үңгірде жалғыз қалуының себебі не?
2. Тортай қандай кітаптарды оқыды? Ол кітаптар туралы не айтты?
3. Тортай кім болғысы келді? Арманына жете алды ма?
4. Ораш неге ұялды? Ол Тортайды көруге неге шыға алмады?



**12-тапсырма.** «Жусан иісі» повесі мен «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесін салыстырыңдар. Аян мен Тортайдың тағдырларының ауыр болуына қандай жағдай себеп болды? Екі бала армандарына жете алды ма? Неге олардың ертегісі «Баяғыда бір жетім бала болыпты...» деген сөздермен басталады?

Шығарманың атауы	Ұқсастығы	Айырмашылығы



**13-тапсырма.** «Арман болған ақ боз ат» деген тақырыпта эссе жазыңдар. Эсседе өз армандарың туралы айтуды ұмытпаңдар.



**14-тапсырма.** «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесінде көтерілген тақырыптың мәнін ашып, сыни хабарлама дайындаңдар.

## ҚАЛМАҚАН ӘБДІҚАДЫРОВ (1903–1964)



Жазушы, ақын, аудармашы Қалмақан Әбдіқадыров 1903 жылы Қызылорда облысы Шиелі ауданында дүниеге келген. Алғашқы өлеңдер жинағы «Жалшы» деген атпен 1928 жылы жарық көрді. Осыдан бастап оның өлең-жырлары, әңгімелері республикалық газет-журнал беттерінде басылып тұрды.



Қ. Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» повесі 1954–1959 жылдары қайта басылып, 1970 жылы орыс тілінде жарияланды. «Алатаудың бауыры» (1935), «Амантай» (1936), «Тапқыш» (1937), «Тәтті қауын» кітаптары бар.

Қ. Әбдіқадыров аударма саласында да жемісті еңбек етті. Ол Шығыс әдебиетінің классиктері Фирдоуси, Науаи өлеңдерін (1948), қырғыз А. Тоқомбаев, орыс жазушысы В.М. Кожевников шығармаларын аударған. Оның аудармасымен «Мың бір түннің» 4 кітабы үш рет басылды. Қ. Әбдіқадыровтың осы еңбегі – өлемдік әдебиеттің алтын қазынасына жататын туындының ең үздік аударма нұсқасының бірі.

Жазушы жауынгерлік «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған. Шиелі ауданындағы қазақ орта мектебі Қалмақан Әбдіқадыровтың есімімен аталады.



**1-тапсырма.** Жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы қосымша дереккөздерді пайдаланып, шағын хабарлама дайындаңдар.



**Көркем бейне** – әдеби шығармада жинақталған түрде суреттелетін өмір құбылысының нақтылы көрініс-қалпы, кейіпкердің ой елегінен өткізіліп, қорытындылап жасалған бейнесі.

Жазушы көптеген адамдарға тән қасиет-сипаттарды жинастырып, екшеп, іріктеп алып, бір адамның бойына сыйғызып бейнелейді.

**Зәки Ахметов**



**2-тапсырма.** «Қажымұқан» повесінің кейіпкері – белгілі қазақ палуаны Қажымұқан Мұңайтпасовтың өмірі мен ерлік істері туралы зерттеу жүргізіңдер.



**3-тапсырма.** Повестің толық нұсқасын хрестоматиядан оқыңдар.

## ҚАЖЫМҰҚАН

*(Повестен үзінді)*

### Қар күреген бала

Ақпан-қаңтардың сақылдаған сары аязы. Қыламықтап қырау ұшқындап, барлық заттың сыртына мұздан сауыт кигізіп тұрды. Қызылжар қаласының орталық бір көшесіндегі қорада, үлкен сарайдың темір қақпасы кең ашылып, ішінен «ауппалаған» дауыс естіліп жатты. Бұл саудагер Иван Ногичтің қоймасы еді. Күзде сойылған малдың еті мен майы енді ішкі Ресейге жөнелтіліп, оны таситын 60 пар ат-шана жұмсайтын кіреші бай Орлий Масликов кіресін алып еді. Отыз пұт май құйып қатырған кеспекті он адам жабылып, орнынан қозғалта алмай жатты. Сарай ішіндегі дауыс – солардың үні.

Қораны басқан қарды күреуге жалданған он алтыдағы жас бала сарайға қайта-қайта қарай берді.

– Ей, сенің әкеңнің аты кім? – деді бұрме қара тонды қойманың басқарушысы.

– Оны қайтесің?

– Сұраймын.

– Құда түсейін деп пе едің?.. Айтатыныңды айта бер, – деді кішкене қара көзін жымитты қараған бала.

– Сен онда неге қарайсың? Қарыңды күре де, тиісті тиын-тебенінді алып, құры. Бөгде нәрсеге бұрылып қараудың саған қанша керегі бар? Соншалық сарайдың есігіне қарай бересің...

– Сен маған сонда не істеп жатқандарыңды түсіндірші.

– Тау көтеріп жатыр.

– Сонда сарайға кірген тау көтерілмей жатыр ма? Шуылдап, басымды ауыртты. Өздері адам ба, шөпті «сырғауыл көтеріп келдік» деген бақсының жыны ма?!

– О-хо-хо! Мынаның сөзі отыз пұттан гөрі ауыр жатыр екен. Жібер сарайға, көтерілмей жатқанның не екенін көрсін, – деді тұлыпты көмілтіп киіп, қақпа аузында тұрған саудагер.

– Ей, бар енді. Өне, мырза көріп тұр.

– Көрсенеме... – деп қар күреген бала есік алдында тұрғандарды қаңбақтай қақтырып, сеңдей соқтырып, қаға-маға сарайға кіріп келді. Басқаны бөрліктірген аяз оған шыбынсыз жаз сияқты. Үстінде мақталы жыртық шапан, биялайын беліне қыстырып, баскиімін қолына ұстап, қимылдап жүрген кісілерге аңырая қарады. Тұрған орнынан жарты кездей ғана жерге өрең жылжыған кеспектің қасына жақындап, иығымен қағып, астындағы қалың тақтайды сықыр еткізді.

– Көтерілмейтін тауларың осы ма?

– Саған жеп-жеңіл көрініп тұр ма?

– Әй, тәйірі-ай... Соны да сөз деп айтып тұрсыңдар-ау. Тау дегенге таңырқансам, бұл шелектей-ақ ыдыс қой. Он кісі жабылып, қаланы «ауппалап» бастарыңа көтеріп жүргендерің осы ма? Өздерің шетке ысырылып, тиейтін шананды есік алдына әкеле беріңдер. Әй, әдемі тұлыптылар, қалбалақтап жүріп, бір жерлеріңді қақтырып аларсыңдар, кейін қаш!

– Мынаның сөзі қандай дөрекі! Қожайындарға қалай түйеден түскендей сөйлейді, – десті, мұртына мұз қатқан жұмысшылар.

– Оны қоя тұр. Алдымен ауылдың алаңғасарының күшін көрейік! – деді іргеге қарай ысырылған екі мырза.

Бала еңкейе беріп, кеспекті иығымен нығырақ тіреп қағып жіберді. Астына салған ломдар мен қада ағаштар шатыр-күтір етіп, біріне-бірі қағылып, бастары шошандасты да, отыз пұт тоңмай құйған кеспек екі-үш қаққанда желге ұшқан ебелектей домаланып, сарайдың есігіне барып та қалды. Шой табан екі зауыт атын жеккен жүк шанаға кеспектің қалай барып түсіп қалғанын тұрғандардың көзі шалмай да қалды.

– Ей, мынауың не істеп жіберді?

– Не істегенін көрмей тұрмысың? Оның орнынан қозғай алмаған кеспекті шанаға апарып салып қойды.

– Айтайын дегенім ол емес-ау, қожайын, тегі осы кәдімгі адам ба?..

– Енді кім?

– Бір жақтан келген дию ма, пері ме, бірдеңе шығар өзі.

– Не де болса, оның көтере алмағанды бір өзі көтере салды, жарайды. Міне, саған елу тиын, – деді май салған кеспектің қожасы.

– Жиырма тиынды мен берейін, – деді Масликов кең, барқыт шалбарының қалтасына баржиган семіз қолын сұғып жатып.

– Майлы бай, қанша қорбаңдасаң да, қолына бір сомдық сары шұнақ ілінбеді-ау, – деді екі бай бірін-бірі өзілмен қағытып.

– Сен енді байыдың. Қар күрегеніңе тиын алма, – деді қораны күретіп жатқан қамбашы.

– Уәделескен он бес тиынды әкел. Мен бай кісі емеспін, ол маған тамақ болады. Жетпіс тиынды ауылдағы тарығып отырған әжеме жіберем, – деді жалпақ қайың күрекпен шөмелеген қарды биік қорадан асыра атып жатқан, беті бұрқыраған термен буланған бала.

– Орлий, сен мына қазақты қолыңа түсіріп ал. Кірекешіңе мұндай адам керек қой. Ол реті келгенде жиырма кісінің жұмысын істейді. Жотасына қарашы, буыны қатпаған бала, шойыннан құйған алыптардың ескерткіші сияқты...

– Өзім де соны ойлап, жиырма тиын сыйлап тұрмын. Бірақ ол жиырма кісінің тамағын да ішеді ғой. Өзің айтқандай, буыны қатпаған бала, созыла беретін резеңке қанар сияқты болады.

– Немене, саған үсіген картоп пен Есілдің сасыған шабағы жетпей ме? Бере бер астырып...

– Иә, оның да есебін табармын. Қысы-жазы құмырсқадай шұбыртып, жүргізіп отырған кіреге мұндай күш керек. Өсіресе ұзақ сапарға таптырмайды.

Бала қарын күреп болып, тиынын алған соң, Масликов қойындөптерін алып, балаға жымия қарап, өңгімеге кірісті.

– Бала, сен қайдан келдің, ө?.. Мен білем, сен Қызылжардікі емес. Қай болыс, қай ауылдікі?

– Ақмола облысы, Сарытерек болысы, Құрама ауылынан.

– Өкеңнің аты кім?

– Мұңайтпас Ернақов.

– Өз атың кім?

– Мұқан. Оны қайтесің?

– Сенімен тамыр болғым келіп тұр...

– Тамыр болып ат мінгізесің бе?

– Жарайды, мінгізейін. Сен маған жігіт боласың, дұрыс па?



– Болайын, айына не бересің?

– Мен саған бәрін берем. Тамақ менен болады. Сенің киімің жоқ, киім берем, сондай айлық берем, айың бір сом сексен тиын.

– Ей, тамыр, оның аз ғой. Рас, мен жұмыс іздеп келдім. Әжем, әке-шешем бар, кедей кісіміз. Ең болмаса, менің тапқаным солардың қант, шай, нанына жететін болсын, аздап қосыңқыра.

– Менен басқа кісі саған сексен тиыннан артық бермейді. Мен сені аяп, үлкен жігіттерге беретін айлық беріп тұрмын. Оның үстіне мына алпамсадай денеңе, оны киіммен жабдықтауға, ішетін тамағыңа екі-үш жігітке беретін қаржым артық шығатынын білесің бе?!

Бала ойланып тұрып-тұрып, келісімін берді.

Келешектегі әлемдік палуан Қажымұқан Масликовқа осылай келіп жалшылыққа тұрды.

\* \* \*

Мұқан Масликовтың үйіне келген күні жалпы кіреші жалшылар жататын жатақханаға орналасты. Сабан төселіп, пеш қойған сарайдың бір бұрышы тиді. Сонда түнеп шықты. Ертеңіне қожасы Мұқанды өз үйінің ауызбөлмесіне шақырып, отыз пұт кеспекті доп қылып домалатқан дәуді өзінің қатын-балаларына, қонақтарына көрсетіп, оның көп жігітінің бірі болғанын айтты. Күшті баланы айнала қарасып, бойын аршындап, салмағын өлшеп, Масликовтың кереметтей етіп айтқанына сенбеді.

– Бұл қалай отыз пұт көтереді? Бойы жиырма кез<sup>1</sup>, салмағы 200 қадақ<sup>2</sup>. Рас, мойны, қол-аяғы жуандау. Бірақ отыз пұт жүкті көтеруі мүмкін емес, – деп, есепшісі өзінің өгіз өлшейтін есебін айтты. Өз сөзін қостамағанына Масликов та ренжіп:

– Жарайды, ендеше, Мұңайтпасовтың кереметін кейін көрерсіңдер, – деді.

– Ал, бала, қалай ұйықтадың? Жатақхана жылы ма екен? Жігіттердің арасы көңілді болар? Олар домбыра тартады, өлең айтады, карта ойнайды. Шынында да, біздің үйден сендердің жатақханаларың қызық...

<sup>1</sup> Кез – бір метр.

<sup>2</sup> Қадақ – 400 грамға тең.

Қажымұқан біртүрлі көңілсіздік кейпін көрсетіп:

– Қожайын, мен оншалығын білмеймін, түнімен ұйықтағаным жоқ, – деді.

– Неге? Ішінде ұрыс, жанжал көп пе екен? Жанжалдасса, төртеу-бесеуі жиылып отыз пұт болмайды, лақтырмайсың ба, шетінен...

– Жоқ, айта көрмеңіз... әжем ұрысқан, жаман болады деген. Менің төбелес, жанжалға жаным қас.

– Енді неге ұйықтай алмадың?

– Ұйықтай алмағаным, төсеген сабанның арасында тышқан бар екен. Олардың шиқылдаған дауысын естісем, зәрем кетеді.

Масликовтың үй іші, өзі қосылып қарқылдап, көздерінен жас аққанша күлді. Оның қорқатыны жататын жердегі тышқан екенін енді ұққан қожайын ойлана қарап, сөздің соңында күлген жоқ.

– Міне, отыз пұт көтерген палуан... Тышқаннан басқа неден қорқасың?

– Онан басқа еш нәрседен қорықпаймын.

– Қасқырдан ше?

– Ой, тәйірі, қасқыр, аю, қабан дегендер – ит емес пе, иттен кісі қорқа ма? Тек мына адам жататын жерде тышқанның шиқылдағаны жаман...

Мұқанды асүйінің ауызбөлмесіне жататын етті де, өзіне екі ат, бір шана беріп, отын әкеліп тұру жұмысын тапсырды.

### Жаяу сүйреген шана

Сағаттың тіліндей айналған күн өте берді. Мұқанның қарағайды қамыстай қаусатып, қолымен тартып құлатқаны, талай ауыр жүкті жалғыз тиегені аңыз болып айтылып жүрді. Челябинск, Қазан, Уфа, Самараға бірнеше рет барып та қайтты. Бойы өсіп, буыны қатая түсіп, он сегіздегі жігіт болды.

Қыс ортасы ауып, ақпанның ішінде үсті-үстіне төпеп қар жауып, Қызылжар айрықша суытты. Масликовтың үйіне отын да, шөп те шақ келмеді. Ауыр жұмыс қайда болса, Мұқанды сонда жұмсау әдетке айналды.

Айдың аяғына таман ішкі Ресейге кеткен көліктер келіп, қаладан жиырма шақырым жердегі шөпке Мұқанның қасына төрт шана қосып, бес көлік жіберді.

Масликовтың үй ішіне Мұқанның ауыр мінез, тілалғыш, төртіптілігі қатты ұнаған еді. Ол қандай жұмыс тапсырылса да орындап келуіне әбден сенді. Сондықтан:

– Митька (оны Масликовтың үй іші «Мұқан» деуді қиын көріп, «Митька» деп атап кетті), мүмкіндігің болғанша шөпті тез жеткізуге тырыс. Басқаларға қарамай, шөбінді алдымен тиеп ал да, келе бер. Жолдан келген аттар тілін тістеп аш тұр, – деді қожасы.

– Жарайды, – деді тілалғыш Мұқан.

Түн ортасы ауа жүріп кеткен шөпшілер қар басқан соқпақпен жүру ауыр болып аттарын болдыртып, өрең деп, түсте шөпке жетті. Мұқан жақсы деген екі атты таңдап жексе де, ауыр жол аттарын болдыртып тастады. Аяз сорып, әлсіреп келген жігіттер төбе болып қар басқан шөпті көріп, үрейлері ұшты. Оның қарын аршу үшін бір күн айналу керек сияқты. Жолдастары қарды қай жағынан аршып, шөпті қалай тиеу керегін кеңесіп, әртүрлі тәсілдерін айтып, көп тұруға айналды.

– Сұлдеміз сүйретіліп шөбіне өзер жетіп едік, енді мұны аршып алу азабы шөппен бірге сүйегімізді шанаға салар, – деді тоңып, жақ жүні үрпиген біреуі.

– Масликовтың бір сом сексен тиыны сол сүйегің үшін берілгенін шөптің басына келгенде білдің бе?.. – деді шақ денелі сары жігіт.

– Мұның өзін мына бір жерден ашу оңай болар: үйінді қардың ойпаттау жері екен. Шөптің түбіне шейін шана сыйғандай етіп, қарын алсақ, төбесін басқан қарды кейін көреміз, – деп, тағы біреуі үйілген шөпті айнала басып, төбе болып кеткен қарды төбесіне шығып көріп жүрді.

Оған дәті шыдамаған Мұқан боран үріп, шөптің шеті көрініп тұрған бір бұрышына келді де, жігінің арасына бастырықты ырғап-ырғап сүңгітіп жіберіп, иығымен көтеріп тастады. Шөп-мөбімен үйілген қар жел аударған түндіктей төңкеріліп түсті.

– Ой, мынау не істеді өзі?.. – десті, қалай ашып алудың амалын таппай, есі шығып тұрған жолдастары. Оған Мұқан жа-



уап қайырмады. Бастырықты тағы бір сұғып, екінші көтеріп тастағанда, үйілген шөптің жартысы ашылып қалды. Бір айыр шөпті аттарының алдына апарып салды да, шанасын доғарып сүйреткен бойы жақындатып әкеп, шөпті тией берді.

– Ей, сен не істеп жатырсың? Көмбе қарда атты қалай жекпексің, батып кетеді ғой, – десті жолдастары.

– Менің оны өлшеп, ой тауысуға уақытым жоқ. Қожайын айтты, бітті, менің шөпті тез жеткізуім керек. Осыдан басқа маған түктің керегі жоқ.

– Мына күртiк қар атты көтере алмайды деп тұрмыз ғой.

– Атты көтермесе, мені көтереді. Менің атқа шейін сүйреп баруға мұршам келеді ғой деп тұрмын.

– Соны қойшы, нан жеп, әл жинайық та, сонан кейін қалай тиеп алуды ойласармыз, өйтеуір, бала төбесін ашып, азапты жеңілдетті ғой, – десті, суынған бойларын жылытқалы, беттерін уқалап, қолын қолына соғып, жүгіріп жүрген жігіттер.

Жолдастары нандарын жеп болғанша, Мұқан шөпті таудай қып тиеп болып, бастырығын тартып, жетегінен ұстап, ит шанадай сүйретіп, аттарының қастарына апарып қойды да, ол да нанын жеді.





\* \* \*

Мұқан атын жегіп, жеті-сегіз шақырымдай шыққанда, қарсы алдынан боран соға бастады. Үйе тиелген шөпке қарсы соққан қарлы жел шөп арасын көтеріп, өңменінен итергендей тіреп, аттың аяғын қия басқызбады. Аттардың жүргенінен тұрғаны көбейді. Күн батып, дүлей қараңғы түн басталды. Мұқан шананы сүйрелеп, атқа көмектесті. Айыр шаншып, артынан да итеріп көрді. Шекеден аққан тері өңіріне тамып, түйір-түйір мұз болып қатып жатты. Қалаға жеті шақырым қалғанда, бір ат аяғын басуға мұршасы келмей, төртаяқтап тұрып алды. Біза кернеген шөпші айырын шананың артына көмейлете шаншып қойды да, үрінді қарға көміліп тұрған шананы итеріп кеп жібергенде, жүре алмай тұрған ортаға жеккен ат, жетек сынып, бүктелген бойынша шананың астына шалқасынан түсті. Жанына жеккен ат қайырылып, сыртқа шығып кетті. Мұқан шананы кейін итеріп, астындағы атты босатқанша, ол өліп кеткен еді. Шөпші біраз демін алып отырды да, өлген аттың қолдауынан божыны екі қабаттап өткізіп алып, кеудесін көтеріп, шөптің бастырығынан байлады да, басы көтеріліп салбырап тұрған бөксесін иығына салып тұрып, шананың үстіне лақтырып жіберді. Өзі бел көтергіш қайысты шанаға байлап, қалған атқа пар болып шөпті сүйреп, қаланың шетіне шейін алып келді. Қалаға кірген соң, ол ат та аяғын басудан қалды. Оны шананың артына байлай салып, өзі жүкті сүйрей берді. Ел тұрып, қорасының айналасын күрей бастағанда, адам сүйреткен дәу шана шөп бір атты үстіне салып, бір атты артына байлап, Масликовтың қорасына кірді. Бұл алып күштің кім екенін білу үшін, Масликовтың қорасына келгенше топ-тобымен қала адамы шананың артынан ерген еді.

Төбедей болып шөп үйілген шана қораға атсыз кіргенде, Масликовтың үй іші, жалшы жігіттері үрейлене далаға шығысты.

– Ойбай, ат қайда?.. Иттің баласы, – деп жан дауысы шықты байдың.

– Жоқ деген атың шананың үстінде, бір атың шөптің артында байлаулы, қожайын, далада қалған еш нәрсең жоқ, – деді бала. Қожайын өлген атты көріп:

– Шақырыңдар городскойды, мына шошқаға акт жасасын, – деді.

Екі городовой келіп:

– Сүйрет шананы, шөп, атымен. Полицмейстерге алып барамыз, – деді.

Үсті-басы термен буланып, аппақ қырау басқан Мұқан үстіндегі өлген атымен шананы сүйретіп, полицмейстердің қорасына кетті.

**Тұлып** – мал немесе аң терісінен тігілген ішік.

**Кіре** – жалдамалы күш көлігі.

**Кірекеш** – жүк тасушы.



**4-тапсырма.** «Қар күреген бала» және «Жаяу сүйреген шана» бөлімдерінің сюжеті бойынша жазушы көтерген негізгі идеяны анықтаңдар.



**5-тапсырма.** Мұқанның күштілігі мен аңқаулығын білдіретін сөздерді дәптерге теріп жазыңдар. Мағынасын түсіндіріңдер.

Үлгі:

Шығармадан үзінді	Мағынасы	Менің ойымша...
...отыз пұт тоңмай құйған кеспек...	Пұт – салмағы 16 килограмға тең ауырлық өлшемі. Кеспекте 480 кг тоңмай болған.	Баланың алып күш иесі екенін білдіреді. Көп кісі жабылып көтере алмай жатқанда Мұқан өзі жалғыз көтерді.



**6-тапсырма.** «Жаяу сүйреген шана» бөлімінің шарықтау шегі мен оқиғаның шиеленіскен тұсын тауып, мәнерлеп оқып беріңдер.



**7-тапсырма.** Мұқанның мінезін сипаттап айтыңдар.



**8-тапсырма.** Мәтінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

**1-мәтін. Уақыт мөлшері: 7 минут.**

Мұқанның мінезі мен күшінің ерекшелігін білдіретін сөздерді дәптерге теріп жазыңдар.



**9-тапсырма. 2-мәтін. Уақыт мөлшері: 10 минут.**

Көп нүктенің орнына түсіп қалған сөздерді қойып, мағынасын түсіндіріңдер.

Баланың мінезі ауыл адамдарына біртүрлі қызық көрінетін еді, өзге баладай ... ол білмейді, ауыр жүк арқалағандай жайлап жүріп, балалар жиналған жерге баратын. Өзге бала ... ойнаса, ол сиыр, жылқының ... жинап, өз алдына ойнай береді, жанындағы балалардың еш нәрсесіне тимейді. Өзіне соқтыққанды аямайды да. Кейбір балалардың өке-шешесі келіп, Мұқанды қорқытайын десе, ... қаша да алмайды. Оның жүгірдім дегеніне аяғы ұзындар аяңдап жүріп-ақ жетіп алады. Біреудің жекіп айтқан сөзіне оның қайтаратын жауабы жоқ, бетінен қорыққан белгі де білінбей, қысық көзінің қиығымен қарайды да тұрады. Оны кейбіреулер ұрады да, бірақ бала болып ... білмейді. Ол адамдар ауылдың анасындай болған Айсарыдан кешірім сұрап:

– Мұқаның біздің Сарманды сабап тастапты. Мен қорықсын деп құйрығына бірер тартып жіберіп едім, оған ренжіген жоқсыз ба? – десе:

– Бірер шапалақты маған шақса, оның атын Мұқан қояр ма едім. Ондайды ол айтпайды, – дейді Айсары.

Сөйтіп, Мұқан ... .. да, біреудің ... .. да кісіге айтпайтын болды.



**10-тапсырма.** Автор әңгімені нешінші жақтан баяндайды? Автордың кейіпкерлеріне деген көзқарасын білдіретін эпизодтарды тауып, мәнерлеп оқыңдар.



**11-тапсырма.** Хрестоматиядан «Балуан Шолақпен кездесу» атты бөліммен танысыңдар. Мәтіннен троп түрлерін тауып, талдаңдар.

Үлгі:

«Япыр-ай, бұлар тұншығып қалған шығар» деп тұрғанда, үйіріп соғып, үйіліп қалған төбе қар қарс-қарс айырылып, қазанның қақпағындай төңкеріліп түсіпті.

...Сол Алатаудай үйілген қарды алақанымен ысыра салыпты дейді...

**Градация:** үйіріп соғып, үйіліп қалған төбе қар... *Қардың көп екенін дамыту арқылы көрсеткен.*

**Теңеу:** қазанның қақпағындай... *Қақпаққа ұқсатады. Алатаудай үйілген... Алатаудай биік деп тауға теңеп тұр.*

**Гипербола:** алақанымен ысыра салыпты... *Ұлғайтып айту себебі, адам биік болып үйілген қарды алақанымен ысыра салуы мүмкін емес.*



**12-тапсырма.** «Жаяу сүйреген шана» бөлімінде суреттелетін оқиғаның орнын анықтай отырып, кейіпкерлердің бейнесін сипаттап, дәптерге жазыңдар.





**13-тапсырма.** «Көптің көмегі» бөлімін хрестоматиядан оқыңдар. Не себепті бөлімді автор «Көптің көмегі» деп атаған?



**14-тапсырма.** Хрестоматиядан «Халықтың ескертулері», «Парижде» бөлімдерін оқып, Мұқанның дүниеге келуі мен балалық шағы, Париждегі сан қырлы өнері туралы айтып беріңдер.



**15-тапсырма.** «*Күш атасын танымас*» деген тақырыпта эссе жазыңдар. Эсседе кейіпкерлердің қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдаңдар.



**16-тапсырма.** Шығарма тақырыбын ашатын сыни хабарлама жасаңдар.



## ТӘУЕЛСІЗДІК – ҚАСИЕТ ТҰНҒАН ҰЛЫ ҰҒЫМ

### ЕРЛАН ЖҮНИС

(1984 жылы туған)



Ерлан Жүніс 1984 жылы 7 қарашада Алматы облысының Жамбыл ауданында туған. Мектепте оқып жүрген кезінен поэзияға құштар жастың «Жыр-перзент» деген алғашқы жинағы 2001 жылы жарық көрді. Осы жылы республикалық «Абай оқулары» байқауында Бас жүлдені жеңіп алды. 2002–2007 жылдар аралығында М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің «Әлем тілдері» факультетінде оқып білім алған. Республикалық «Қазақ әдебиеті» және «Айқын» газеттерінде, «Кентавр» әдеби апталығында қызмет еткен. Қазақстан Жазушылар одағында референт-кеңесші болған.

2006 жылы Халықаралық «Шабыт» шығармашыл жастар фестивалінде «Әдебиет» саласы бойынша Гран-При және Президент Кубогін иеленді. «Киелі түндердің дұғасы», «Егіз кітап» («Twinbook») (2011), «Хаяс» (2013), «Ғаусар» (2014), «Үміт жырлары» (2015) атты жыр жинақтары жарық көрді. 2012 жылғы Мемлекеттік стипендияның және «Дарын» жастар сыйлығының иегері.



**1-тапсырма.** Ақын Ерлан Жүністің ел, туған жер, Отан туралы тағы қандай өлеңдерін білесіңдер? Басқа да ақындардың тәуелсіздік тақырыбындағы өлеңдерін тауып, салыстырыңдар.



**2-тапсырма.** Өлеңнің толық мәтінін хрестоматиядан оқыңдар. Берілген үзіндіні жаттап алыңдар.

## МЕНІҢ АТЫМ – ТӘУЕЛСІЗДІК

...Алып қорғанның құлағанын көрдім,  
Небәрі алты жасымда,  
Алып тұлғалар жылағанын көрдім,  
Бастарын сүйеп ғасырға.  
Алып таулардың шайқалғанын көрдім,  
Алты жасымда соны ұқтым:  
Алып сөздерді айта алғанын көрдім,  
Ат төбеліндей халықтың.  
...Жылаған жоқпын,  
сұраған жоқпын анамнан,  
Сол күні жаңа өнұран айтып оралған,  
Сол түні неге ұйықтамай маған бір аңыз айтып шыққанын  
Ұл жайлы Күннен жаралған.  
Түсінбесем де тыңдаймын,  
Онсыз да оны жесірлік салған жасытқан еді мұң-қайғы...  
Көзінің жасы сөйлеген түнді ұқпасам да,  
Аңыз ұнаған  
Жаралған Күннен Ұл жайлы!  
Деген де шығар «бодандық жайлы білмесін»:  
Сен түсін, дәуір, сонау бір қанды жыл, кешір!  
Тарихтан дәріс оқитын менің анашым орта мектепте  
Ұлына бірақ айтпапты кісен, құлдық пен түрме бүргесін.  
Ерлікті айтқан, үйретпеді ол ездікті,  
Ұстатқан қалам, ұстатпады ол кездікті,  
«Құлыным, сенің тарихың басқа» деген тек,  
Ол, бөлкім, менен Сөз күтті!  
Ал бүгін, енді,  
Тарихты өзім білемін,  
Жолдарды сезем жонарқамменен мыңжылдар өткен ұлы елім.  
Ұлылық жайлы ойлайды басқа,  
Жап-жас шақ  
Ұлы қорғандардың күйреуін көрген жүрегім –  
Алты-ақ жасында ақырын көрген алыптың!  
...Тәуелсіздік ше?  
Ол – менің тегім,  
ұлдарыма оны дарыттым.

Тәуелсіздік – мен,  
 ол – менің асқақ аңызым,  
 Болмысы ол ұлдың өзіңнен туған,  
 Жарық Күн!



**Лирика** – поэзияның негізгі үш (эпос, лирика, драма) түрінің бірі. Көлемі жөнінен эпосқа қарағанда әлдеқайда ықшам, қат-қабат оқиғалы сюжеті жоқ, одан гөрі отты сезім басымдау, композициясы бас-аяғы жинақы бір алуан ойға құрылады.

Лириканы идеялық-тақырыптық негізіне сай, мазмұнына қарай топтап, бірнеше салаға бөлу орынды: саяси лирика, философиялық лирика, табиғат лирикасы, махаббат лирикасы...

**Лирикалық образ** – сыршыл өлең-жырлардағы ақынның бейнесі, оның ішкі бітімі; ақынның мың иірім көңіл күйінен – нәзік сыры мен сылқым сезімінен өріліп жасалған өзгеше кейіпкер.

**Зейнолла Қабдолов**



**3-тапсырма.** Өлеңнің идеясы неде? Не себепті ақын: «Тәуелсіздік – мен, ол – менің асқақ аңызым», – деп өлеңді аяқтайды?



**4-тапсырма.** Өлеңдегі лирикалық кейіпкердің тәуелсіздік туралы ойын білдіретін сөздерге назар аударыңдар.



**5-тапсырма.** Кестені үлгі бойынша теориялық талдау жасап, дәптерге толтырыңдар.



Өлеңнен үзінді	Теориялық талдау	Менің пікірім
Алып мүсіндер қирағанын көрдім, Сұлаған жаудай жебеден.		
Темір шымылдық түрілерін көрдім, Сахнаға шықты жас өмір!		
Тәуелсіздік – мен, ол – менің асқақ аңызым, Болмысы ол ұлдың өзіңнен туған, <b>Жарық Күн!</b>		



**6-тапсырма.** Берілген үзіндідегі қарамен жазылған сөздердің мағынасын түсіндіріңдер.

**Алып сөздерді айта алғанын көрдім,  
Ат төбеліндей халықтың.**

\* \* \*

**Аңыз ұнаған  
Жаралған Күннен Ұл жайлы!**

\* \* \*

**Тәуелсіздік ше?  
Ол – менің тегім,  
ұлдарыма оны дарыттым.**



**7-тапсырма.** Тәуелсіздік ұғымының кластерін дайындаңдар. Ақынның хрестоматияда берілген «Менің жолым» өлеңіндегі негізгі ойдың «Менің атым – Тәуелсіздік» өлеңімен үндесетін тұстарын тауып, талдау жүргізіңдер.



**8-тапсырма.** Мәтінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырманы орындаңдар.

*Уақыт мөлшері: 7 минут.*

Лирикалық кейіпкердің өткенді еске алғанын, болашаққа үмітпен қарағанын білдіретін сөздерді тауып, талдаңдар.



**9-тапсырма.** Өленді басқаша қалай атауға болады?



**10-тапсырма.** «Тәуелсіздік тұғыры» деген тақырыпта эссе жазыңдар.

## АСҚАР АЛТАЙ (1963 жылы туған)



Асқар Алтай 1963 жылы 12 ақпанда Шығыс Қазақстан облысының Зайсан қаласында туған. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. «Қыр мен қала хикаялары» (1998), «Алтай новелласы» (2001) повесть, әңгімелері, «Нарық нақыштары» (2003) және «Қызыл бөлтірік» (2006) атты ұжымдық жинақтарда прозалық шығармалары, «Казино» әңгімелері (2008) жарық көрген. «Қызыл бөлтірік» кітабы Халықаралық Сорос қорының бас жүлдесі – Грантын жеңіп алған. Қазақстан Жазушылар одағының Жастар арасындағы прозашылар форумының (1989–1990), Т. Айбергенов атындағы сыйлықтың, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты.



**1-тапсырма.** Жазушы Асқар Алтайдың тағы қандай шығармаларын білесіңдер? Жазушы шығармашылығына шағын зерттеу жүргізіңдер. Зерттеуде жазушы әңгімелеріндегі табиғат суретіне мән беріңдер.



**Пейзаж** (французша  *paysage*  – мекен, өлке) – белгілі бір жердің, мекеннің, табиғаттың көрінісі. Әдеби шығармадағы жаратылыстың, яки табиғаттың көркем бейнесі. Жазушы әдеби шығармада образдық-метафоралық жүйенің арқауы ретінде табиғат келбетін пайдаланады.

Көркем пейзаж жасау суреткердің дүниетанымының кеңдігіне, рухани және материалдық мәдениеттерді жете білуіне байланысты. Ассоциация арқылы поэзиялық сұлулық тудырады, ой-шеңбер өрісімізді кеңейтеді.

Пейзаж ұлттық тілдің нәзік, мөлдір, терең сырларын, сөздің музыкалық, поэзиялық, көркемдік қасиеттерін жарқырата ашуға ұйтқы болса, екінші жағынан, шығарманың ішкі мазмұнын, идеялық сапасын байытады.

**Серік Негимов**



**2-тапсырма.** Өңгіме оқиғасына назар аударыңдар.

## ПРОПИСКА

(Өңгіме)

*Желтоқсанда із-түзсіз кеткендердің  
рухына бағыштаймын.*

**Автор**

Күн ұзарған, түн қысқарған көкектің көрі қыздай қылтың-сылтың басы. Өскеменнен түсте шыққан автобус Ұлан арқылы Самарға тікелей асып, Ертіс түсіп, Күршімнен бір-ақ шығуға бел байлаған. Көкек келсе де, наурыз жылымығының қайырма қызыл шұнағы қала ішін дірдек қақтырып, Ұлан асуына қарай созылған ұзақ жол беті сиыр жалағандай. Жып-жылмағай көк мұз. Алдыарты бірдей тартатын шағын сары автобус ішіндегі азғана жолау-

шыларды селкілдете ұрып, соқтырып келеді. Күн аяздан шаңытып тұр. Автобустағылар өзді-өзімен шүйіркелесіп, қайсыбірі жорта қалғып отыр. Жолаушылар арасында нәресте құшақтаған жас келіншек қыңқылдаған сәбиін уатумен әлек. Ең артқы орындықта отырған Архат олардың іс-әрекетіне көз жіберіп, көңілсіздеу күйде көзін жұмған.

Суыр малақайын көкжелкесіне ысырып, автобустың қабырғасына шалқая отырып, Архат ойға батты. Жолаушылар автобус іші жылы болса да қымтана түсіп, күбір-сыбырлары азайған. Кедір-бұдыр сүргіленген тақтайдай тасжол іші-бауырды солқылдатып, адамның зықысын кетіре лоқ-лоқ ұрып қояды. Жол ұзақ. Кемінде алты сағат жүру керек. Адамды отыра беруден қажытып-ақ жіберді. Жеткенше зарығып боласың!.. Бұл Күршімге асығып та келеді. Туған жеріне жеті жылдан астам уақыт өткенде оралды-ау, бұл. Өне келем, міне келем деп жүріп өмірдің ағымымен келе алмаған. Жол түскені – бүгін. Онда да төрт ай бойы сергелдеңге түсіріп, құрдастары «Сергелдең Сері» атаған паспортқа отыру мәселесі болмаса, әй, келе қоймас еді. Тірлік деген – сол.

Мұнда бірақ ұзақ болмас. Өрі кетсе – үш ай. Екі қолға бір жұмыс: табылса – жеңіл-желпі қызмет, табылмаса – қара жұмыс. Көңілге демеу – Шірікаяқта тұратын үлкен ағасы, соның үйінде тұрмақ. Ол да ауру: әйтеуір, ептеп-септеп елмен бірге күн кешіп жүр. Жеңгесі орысша өскен, шайпау болатын. 1979 жылы жазда әкесі қайтыс болғаннан кейін, бұл аға-іні, жалғыз анасымен Алматыға көшкеннен бері тұңғыш көргелі отыр. Қазір екі баланың анасы, бәлкім өзгерген де шығар. Араласпай кеткелі де қай заман: аттай жеті жыл... Аға-жеңгесі бірақ сыртқа теппес. Бауыры ғой. Басына іс түсіп келеді ғой, басқа қайда барады? Қаны емес пе?! Қайдам, ондай қылық танытуы да ғажап емес. Қазір екі туып, бір қалғанына да қиғаш қарайтын болып кетті ғой. Егер ауырсынып жатса, бір сыныптасының үйінде пәтерге тұрар. Ер жігітке сол да сын болып па! Ең бастысы – паспортқа «пропискаға» отырып, бес жүз сом ақша тауып, Алматыға қайту. Ағасы, әрине, бес жүз сомды бере алмайды. Ол – анық... Осы бір бес жүз сом болмағанда, қызметке орналасып-ақ кетер еді. Бәрінен де төрт ай



бойы сергелдеңге салынғанын айтсаңшы. Сол бір желтоқсанның бұрқағы болмағанда, құда да тыныш, құдағи да тыныш, Алматыға іргелес ауылға паспортқа отыра қояр еді. Сол бір сұмдық көтеріліске тайқы маңдайы тап келіп, қызуқандылықпен килікпегенде, қалың тұманда адасып қалған адамдай сандалмас па еді... Желтоқсанның ызғары әскерден «запастағы офицер» болып оралған мұны да қарыды ғой. Ақыры, астана түгілі, маңындағы өзі тұрған ауылға да тұрақтай алмады.

Тұрақтатпады ғой... көрші-қолаң «желтоқсаншы» екен деп шығармағанда, ал Николай бригадир мұның туған ағасы Дәуреннен өшін бір алуға қолайлы сөт туды деп: «Інісі әскерден келе салып, 17-ші желтоқсаннан 21-іне дейін үйінде қонған жоқ. Ел декабристермен бірге Алматыда болыпты деп жүр... Анық-қанығын анықтаңыздар! Ағасы коммунистік партия мүшелігіне кандидат болса да «сенімсіз адам», інісінің іс-әрекетін жасырып отыр. Тексеріңіздер!» – деп «донос» жазып, Мемлекеттік Қауіпсіздік комитеті мен Ішкі істер орнына жазбағанда... Өкініш жоқ бірақ, көтеріліске 18-і күні дәрігер жездесін әдейілеп ертіп барып тұрып қатысты. Таяқты да жеді... жегізді де! Көңілде ғана әлдеқандай алаң, шарасыздығына налу ғана бар. Ал органдағылар Қаскелеңде тергеп-тексеріп үш сағат ұстады. Дәлел болмағандықтан, қоя берді. Ана бір Базиев деген капитан, өзінің ұлты балқар екен, сол қол ұшын берді...

Тыста суырып соққан жел қаңтардың аяғында қағынған бурадай бұрқырап, көлікті жүргізбеуге айналған. Осыдан бір-екі жыл бұрын ғана бір автобус жолаушы осы Ұлан асуында шала-шарпы үсініп қалған. Қазір де кей жолаушылардың есіне сол жай түскен-ді. Абырой болғанда, ешқайсысы бір-біріне тіл қатпады. Боранның аужайын өркім өзінше түюде.

Аздан кейін автобус тоқтауға айналды. Наурызда ғана жауған қалың күпсекті көтеріп, борап жауған жылбысқымен араласқан аласапыран аруақтанып-ақ алғандай. Қыстай қанша күресе де, қабақ-қабақ көтерілген күрежолдың үсті дәл қазір адам айырғысыз. Шофер жігіт талай жүріп жүрген жолы болғандықтан, ой жобамен қарды бұза-жара сылбыр қозғалып келеді. Кенет сары автобус бір

жағына қиқаң ете лықси беріп, бір жамбасына қарай ошарыла құлады. Бағанадан бері сыр білдірмей шыдап отырған жұрт у-шу болған күйде сол жақтағылардың үстіне ауды. Сол қабырғасына қисая құлаған автобустың моторы өшіп, едені көтеріліп кеткен. Үлкендер мен қыз-келіншек әйелдердің улап-шулаған дауысын баса, капот үстінен мойнын созған шофер ақырып жіберді: «Тоқтатындар, паниканы! Жігіттер, мен есікті ашамын қазір, басқалардың шығуына көмектесіңдер! Автобусты тезірек тұрғызып алуымыз керек. Қар басып қалса, қайран болмай қалады. Давай, жігіттер!»

Артқы есік ашылған бойда тыстағы боран ішке лап қойып, аждаһадай ұйтқып ала жөнелді. Есіктен құйылған қар Архаттың да ашық өңіріне сау етіп, мойны мен алқымын мұздай қарыды. Архат бірінші болып қырынан жатқан автобустың үстіне көтерілді. Ат құлағы көрінбес боран орай да борай борап, екпінімен қаңбақ құрлы көрмей жұлып түскісі бар. Тысқа тағы бір жігіт шықты. Қалғандары іште. Іштегі жігіттер көмектесіп, жолаушылар көкке қарап қалған жылы автобустың есігінен біртіндеп шыға бастады. Ең соңынан шофер көрінген.

Жас балалы келіншек пен үш-төрт қартаң әйелдерден басқалардың бәрі де, шофердің айтуымен, автобусты аяғынан тік тұрғызуға кірісті. Алдымен оң жақ дөңгелектер көтеріліп кеткен жолдың сорабы екі тік күрекпен жанталаса тазаланды. Бұған төрт жігіт тартылған. Автобустың ұзына бойы белуардан ойылды. Ондағы мақсат: бір қырынан жатқан автобусты түзеген кезде төрт дөңгелегі тең басуы үшін. Іле-шала қисая қырындаған автобустың сол жағынан омбы қарды тізеден кешкен отыз шақты адам жабыла ырғып, шофердің айтқанындай өз орнына дік еткізді. Қожанасырдың моласындай қисайған көлік қалыпқа келісімен, бәрі де қуаныса қауқылдасып, жабық есік аузына жақындады. Шофер есікті ашып, жолаушылар ішке өткен. Машина оталмаса да, шофер Архат пен тағы бір жігітке автобустың алдын аршуды бұйырды. Ол екеуі лып ете түскен. Әп-сәтте ұйтқыған боранмен арпалыса тазалаған болып, қайта ішке енді. Шофер автобусты оталдыра қоймапты. Капотты ашып тастап, әлденені шұқылап жатыр.

Іші бағанағы ұрмақ жылуынан айырылыпты. Кейбіреулер аяғын резеңке төселген еденге сатырлата соғады.

Үш жас жігіт жиналмалы есікті айқара аштыра бере тыста құтырынған қарлы құйын ішке қарай қотарыла құйылсын. Бірақ ана үшеуі ештеңені елемегендей іле-шала шығып кетті. Олар кетісімен іштегілер жолдарының оң болуын тілесіп, аз уақыттан кейін үндемей қалысты. Боран бақсыдай автобусты айнала асыр салып үйіріледі. Шофердің қасында егделеу бір адам мен тағы бір жігіт көмектескен болып жатыр. Басқалар күдікпен күтулі, ішінде өзі де бар...

Далада бөрідей ышқына ұлыған боран, іште ызғарлы аяз. Архатты үзік-үзік ойлар жайлаған.

– ...Асығыспын, ауданға кетіп барам. Ертең келерсің деген өзіңіз емес пе едіңіз, – деп Архат Жетісу ауылының ауылсоветі Қақатаевтың алдында әскери формамен сымша тартылып тұрып еді-ау!..

– Айтсам, айтқан шығармын. – Қақатаев үстелге салбыраған қабағын көтерген. – Дәл мына жағдайға байланысты РОВД-дан инструкция алатынымды қайдан білейін?!

– Инструкцияның маған қандай қатысы бар, аға? Отан алдындағы борышымды өтеп келдім...

– Өз басыңа ештеңе деп тұрғаным жоқ. Өзірге күте тұр. Армиядан енді келсең, өлі «пропискаға» уақыт бар. Астананың іргесіндегі ауылмыз. Декабристердің дүрбелеңі... – деп Қақатаев күмілжи берді. – Сондықтан да сондай инструкция берілген... Тоса тұр.

Одан Алматыға ат басын бұрды ғой бұл. Мұнда да дүңк-дүңк дүрсіл дауыс қарсы алған.

– ...Төрт ай жүрсең қайтейін! Ауылың паспортқа тұрақтандырмаса, кімнен көресің, өзің де кінәлі, – деп орнынан тұрды қара торы келген подполковник.

– Жолдас подполковник, ауылсовет көлеңкесінен қорқып отыр. Анадағы оқиғадан кейін қала маңындағы колхоз-совхозда бүкіл паспортқа тұрақтанушылардың тізімін жергілікті совет арқылы алып, тексеру жүргізіліп жатыр. «Көбісінің адресі жоқ, үйді-үйде «жоғалған» пропискалылардың әрқайсысына 300 сомнан



штраф салып жатырмыз. Мен сені бұл іс бітпей отырғыза алмаймын, өйткені өзің түсінесің ғой, заманның кең-мол кезінде ауылда тұрақтанғандар қаңғып-қаңғып кеткен. Қайда жүргені белгісіз. Оларды түгелдей тауып, шығарғанын шығарып, шығармайтынын тізімге алып болмай, ешкімді де пропискаға ала алмаймын! Жеп отырған нанымнан айырылар жайым жоқ. Нұсқауды бұзуға хақым тағы жоқ!» – деп жолатпайды. Жұмысқа «пропискасыз» алмайды. Мамандығыммен ауылда да, Қаскелең ауданында да орын жоқ. Қалада орын бар екен, бірақ алдымнан «прописка» шықты тағы да. Үйдің көлеміне тұратын адамдармен қосқанда, мен сыйып тұрмын, аға. Жақын туысымыз ғой.

Архаттың сөзін орнынан атып тұрған ұзын бойлы подполковник бөліп жіберді:

– Легендаңның түкке де қажеті жоқ мен үшін. Отырмайсың! Қалаға кіргенше – қараспан алған сорлысындар, кірсеңдер – басбұзар бұзақысындар... Сенсіз де қаладағы кердендердің лаңы аз емес.





– Жолдас подполковник, мен сізге бұзық емеспін! Арғысы – әскерден төрт ай бұрын келген солдатпын, бергісі – запастағы офицермін өзіңіздей.

– Енді неғыл дейсің, фамилияң бөлек... Марш!

– Сонда қайда бармақпын? В конце концов – шетелден қашып келгем жоқ қой...

– Қайда барсаң – онда бар. Мен сені шақырғам жоқ. Давай, марш отсюда! – деп зілденді.

– Сіздің олай деуге хақыңыз жоқ. Мен – Совет азаматымын.

– Сен мені үйретейін дедің бе? Өзің кешегі декабрьге қатысқан қу шығарсың... – Подполковник сынай қарап, кекете жөткірінді.

– Қатыссам – қатыстым... Оған бірақ дәлеліңіз жоқ сіздің! – Архат та шарт кетті. – Декабрист деп дүре соқсаңыз да...

– Хватит! Товарищ гражданин, сейчас же идите, иначе я буду вас посадить!

– Не имеете право!

– Ох, как имею!.. Арестую вас, как неповиновение закону.

– Пусть так, товарищ подполковник! Лучше в камере сидеть, чем без надежды бродить... Мне уже некуда! Что хотите, то и делайте. Я буду рад!

– Ты что, серьезно что ли? Мен отырғыза алмаймын бәрібір. Сен ауылда тұрасың, әскери учетың да сонда. Все! – Подполковник атшаптырым кабинеттің төрінен есікке адымдай беттеді. Калинин ауданы милиция бастығының соңынан Архат еріксіз ере шыққан...

Енді міне, бойы тоңазып, қарадай елегізіп Алтай биігіндегі бұрқақта бұйығып отыр. Әлгі бір алас-күлес ақ түтекте атып шығып кеткен албырт азаматтар қайда жүр екен деген дерексіз ой оралды. Адасып кетер ме екен, әлде жол таба алар ма бұлыңғыр бұрқақта?! Өз атамекені ғой бірақ...

Беттен алып, төске шапқан қарлы желмен жолаушы автобусы Ұлан асуында үш сағаттан аса алысып, ақыры Самар жазығына еңкейер тік шатқалға іліккенде пышақкесті тыйылған-ды. Бұл кезде күн бесіннен ауып, бұлыңғыр аспан асты мен терең шатқал ішін қараңғылықтың хабаршысындай зәрлі көлеңке иелеген. Сары автобус кілт тоқтады. Шофер орнынан көтеріліп, ту сыртын жа-

уып тұрған Алтай барысы суретті плакатпен жапсырылған жалпақ өйнек шетінен кеудесімен көрініп, Ұлан асуынан айтқанға көнбей, өз бетімен кеткен үш жас жігітті жолаушылардың есіне түсірді.

Олар із-түзсіз кетіп, ізім-қайым болғанына көп болмаса да, жұрт жадынан шығып та үлгергендей... Әркім-әркім әртүрлі долбар жасап, бәлкім асудан аман-есен асып, әлде бір қыстаққа жеткен шығар деп топшылаған. Алдымызда кетіп бара жатқан болар дегендерге шофер үзілді-кесілді «жоқ!» деді. Асудағы алас-қалас ақ түтек арасында қалып қоймады ма, тау басы мекенсіз ғой деген күдік кім-кімнің де көңілін жайлаған... Бірақ жамандыққа қимаған, ауыздарының батылы жетпеген – бұлдыр үмітке сенген. Олардың қайда бара жатқанынан да жолаушылар хабарсыз болып шықты. Самар мен Күршім – екі ауданның қайсысынан екені белгісіз.

Айналасы екі жүз шақырым аймақтың ауа райы құбылмалы-ақ.

Сары автобустағылар Самарға сағат жетіден аса жетті. Шофер асуда бой бермей кетіп қалған үш жігіт жайлы тиісті орынға хабарлады... Іңір ілінген. Мұнда екі-үш адамды түсіріп тастап, екі-үш жолаушыны отырғызып алып тартып кетті. Олар Ертіске жеткенде түн түнегі қымтап, ай туған. Кәрі өзен үстінде аяз күшті болушы еді, бүгін бірақ қалың қар мен көк мұзды астынан солқылдата ерітетін өлкек соғып тұр екен. Өлі түсе қоймаған мұз үстінен қызыл су жүріп, жылым пайда болып, жарық ай сәулесі мен көтерілген селдір бу арық малдың шарбысындай жұп-жұқа перде тұтыпты.

Алып өзеннің арғы жағасы көрінер емес. Ол жақта бұларды күтіп тұрған да еш көліктің жыпылықтатқан жарығы көзге ілікпеді. Сары автобустан түскен жолаушылар көрлі Ертісті бойлай соққан өлкек пен мамыра-жай жайылған қызыл суға қарап тұрды да, амалсыз автобусқа енді. Жас балалы әйел жылаған сәбиін емізіп алуға жолаушылардың орын-орындарына түгел жайғасуын күтті...

Елдің артынан енжарлау енген Архат қана. Қызыл су жүріп жатқан ұлы Ертістің арғы бетіне өте алмады. Өлі мұз жібіп, жетер

жеріне жеткізбеді. Өткелсіз өзенге не шара?! Бұл бірақ алмағайыпта Алматыға сыймаса да, атан атамекені Алтайына табанын тіреп, ертең-ақ ал көңілі бүрлеп шыға келер.

Жолаушылар мінген автобус Самарға кері қайтты. Оған көкқаяз тасжолға шағылған жалғыз ай ілескен. Асуда бүрқақ, өзенде өлкек соққан құбылмалы күн түнге ауысқан. Архат Күршімге күнбе-күн жете алмады. Ал бүрқақта бұлаңытып кеткен бұлайдай жігіттер сол бойы оралмады... Архат ымырт аязынан тітіркеніп қойды.



**3-тапсырма.** Өңгімені композициясына сай бөлімдерге бөліп, тақырып қойыңдар. Шығарманың фабуласын анықтап, сюжетін баяндап беріңдер.



**4-тапсырма.** Өңгіменің идеясы қандай? Не себепті «Прописка» деп аталған? Шығармада қандай тарихи оқиға туралы айтылады? Топта талдап, ойларыңды ортаға салыңдар.



**5-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, табиғат суретіндегі көріктеу құралдарын теріп жазыңдар.

*Уақыт мөлшері: 7 минут.*



**6-тапсырма.** Архат пен подполковниктің диалогін рөлге бөліп, мәнерлеп оқыңдар. Диалог арқылы автор қандай оқиғадан хабар бергенін айтыңдар.



**7-тапсырма.** Архаттың ішкі алай-түлей әлемі мен пейзаж суретінің үндесуін анықтаңдар. Автор табиғатты суреттеу арқылы кейіпкердің толғанысын қалай көрсеткен?



**8-тапсырма.** Әңгімені оқып, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Басты кейіпкердің өмірінде қандай оқиға болып өтті? Архат қайда, не үшін кетіп барады?
2. Автобуста отырған адамдар кімдер? Оларды автор қалай суреттейді?
3. Архат неге пропискаға отыра алмады? Алтай табиғатының қатал мінезін автор қандай сөздермен берген?
4. Қалай ойлайсыңдар, Архат өз мақсатына жете ала ма?
5. Не себепті автор автобустан шығып кеткен үш жігітті әңгіменің соңында есіне алды?
6. Әңгімені басқаша қалай атауға болады?



**9-тапсырма.** Берілген үзінділерге талдау жасаңдар.

Әңгімеден үзінді	Көріктеу құралдары
...Ұлан асуына қарай созылған ұзақ жол беті <b>сыыр жалағандай</b> . <b>Жып-жылмағай көк</b> мұз.	<b>Сыыр жалағандай</b> – теңеу. <b>Жып-жылмағай көк</b> – эпитет.
...наурыздың <b>ақша</b> қарын жамылып, <b>самарқау</b> жатыр.	
...қалың <b>тұманда</b> адасып қалған адамдай сандалмас па еді...	
Автобус <b>тасбақаша</b> төрттағандап ілбіп келеді.	
<b>Ат құлағы</b> көрінбес боран.	





**10-тапсырма.** Автор әңгімеде неліктен кейіпкерлерін орысша сөйлеткен? Диалогтерді талдай отырып, кейіпкерлердің мінез ерекшелігіне назар аударыңдар.



**11-тапсырма.** «Желтоқсан желі» тақырыбында эссе жазыңдар. Эсседегі басты кейіпкердің желтоқсан оқиғасына қатысы қандай?

## РАСУЛ ҒАМЗАТОВ (1923–2003)

Расул Ғамзатов – Дағыстанның халық ақыны. 1923 жылы 8 қыркүйекте Дағыстанның Хунзах ауданында дүниеге келген. 2003 жылы қайтыс болған. Шығармалары 1937 жылдан жариялана бастаған. «Біздің таулар», «Атамекен», «Туған жылым», «Ағаға арнау», «Дағыстан көктемі», «Соңғы баға» жыр жинақтарында, «Әкемен тілдесу», «Тау қызы», «Ананы аялаңдар» поэмаларында туған жердің сұлулығын, халық даналығын, ұлттық дәстүр ерекшелігін сүйіспеншілікпен жырлаған. «Жарық жұлдыздар», «Менің атам», «Тырналар» атты поэмалар мен өлеңдер жинағы, Кенжеболат Шалабаевтың аудармасымен «Менің Дағыстаным» повесі қазақ тілінде жарық көрген.



**1-тапсырма.** Өлеңді жаттап алыңдар.

## АНА ТІЛІ

Адам деген не көрмейді түсінде,  
Жатыр екем бүгін қабір ішінде.  
Дағыстанның кең аңғары, күн ыстық,  
Көкірегімде орнаған бір тыныштық.

Асау өзен арқырайды жарды ұрып,  
Жұрт тараған, жалғыз мені қалдырып.  
Мен жатырмын үнсіз туған жерімде,  
Жер болады балғын тәнім менің де.

Мен жатырмын қара жерге табына,  
Көрмейді ешкім, келмейді ешкім маңыма.  
Тек қырандар шаңқылдайды шың жақта.  
Бұғылар кеп ыңырсыды бір жақта.

Кетті ғой деп қыршын ғана жасында,  
Жыламайды ешкім молам басында.  
Анам қайда, досым қайда күндегі,  
Жарым қалай жатқанымды білмеді.

Бар адамнан жатырмын тек бөлек мен,  
Бір дауысты естіп қалдым кенеттен.  
Естідім мен осы арадан үнін де,  
Екі кісі сөйлесті авар тілінде.

Мен жатырмын жер астында көз жұмып,  
Мына екеуі күбірлейді сөз қылып:  
Ғасан деген бір кісінің қулығын,  
Әли деген бір кісінің сұмдығын.

Естідім де сөзін ана тілімнің,  
Бойым жылып, лезде мен тірілдім.  
Балгер де емес, дәрігер де емес емдейтін,  
Тек өзімнің тілім екен сөйлейтін.

Өзге бір тіл емдер басқаларыңды,  
Мен онымен айта алмаймын әнімді.  
Егер тілім ертең болса құрымақ,  
Мен дайынмын өлуге де бүгін-ақ.

*Аударған Сағи Жиенбаев*



**2-тапсырма.** Өлеңнің құрылымдық жүйесіне және көріктеу құралдарына талдау жасаңдар.

Үлгі:

Адам деген //не көрмейді //түсінде, а 11

Жатыр екем //бүгін //қабір ішінде. а 11

Дағыстанның //кең аңғары, //күн ыстық, б 11

Көкірегімде //орнаған //бір тыныштық. б 12

Төрт тармақты, үш бунақты, 11–12 буынды, егіз ұйқас. Кең – эпитет.

**Көкірегіне тыныштық орнауы** ауыспалы мағынада айтылып тұр.



**3-тапсырма.** Лирикалық кейіпкердің ана тілі туралы айтқан сөздерін дәптерге теріп жазыңдар. Мағынасын түсіндіріңдер.



**4-тапсырма.** Повесті оқып, идеясын анықтаңдар. Автордың тіл туралы айтқан негізгі ойын дәптерге жазып алыңдар.

## МЕНИҢ ДАҒЫСТАНЫМ

(Повестен үзінді)

### Сөз

Авар тіліндегі «миләт» сөзінің екі мағынасы бар: «ұлт» және «қам».

– Ұлтының қамын ойламаған адам дүние қамын ойлап жарытпас, – дейтін әкем.

– Ұлтының қамын ойламаған адамның қамын ұлты да ойламас болар, – деп, қостар еді Әбуталып.

– Тауық та, қаз да, қаптесер де ұлт бола қоймас, бірақ адамдардың ұлты болуы керек қой, – дейтін менің шешем.

Өзі бір ұлт, бірақ екі республика болады, біздің көрші осетиндер солай. Бір республика, бірақ қырық ұлт та болады. «Халықтың да, тілдің де үйілген бір тауы екен», – депті Дағыстан жайында бір жолаушы.

«Мың басты айдаһар», – дейді Дағыстанды жаулары.

«Алуан бұтақтары бар бөйтерек», – дейді Дағыстанды достары.

«Дүниенің жүзінен қолыңа күндіздің өзінде шырақ алып іздесең, мұнша адамы аз, бірақ халқы көп жерді таппассың», – дейді екен келушілер.

...Менің білетінім сол – біздің жерде бір арбада келе жатқандар бес тілде сөйлесуі мүмкін де, егер жол айрығына бес арба келіп тоқтаса, онда отыз тілде сөйлесіп кете береді.

...Тағы бір өңгіме бар, Хунзахтың ханы Гидатлиге тыңшы жібереді, оған годеканда, базарда сол жерліктердің өңгімесін тыңдап, не пікірі бар екенін біліп кел деп тапсырады. Тыңшы баруын барғанмен, тез оралады.

– Иә, білдің бе бәрін?

– Түк те білгем жоқ.

– Ол қалай?

– Әркім өз тілінде сөйлейді. Олардың тілі бізге мүлде түсініксіз.

...Дағыстанда тоғыз тілде кітап шығады. Ал қаншама тілде ән шырқалады десеңші. Әр кілемнің өзінше өрнегі бар. Әр қылыштың өз жазуы бар. Бір қолда соншама саусақ қалай пайда болған? Бір Дағыстанда соншама тіл қалай пайда болғанын ғалымдар өзінше дәлелдей берсін. Ал менің әкем былай деп айтатын:

«Алланың елшісі қашырға мініп ап, жер бетін аралап келе жатып, өзінің үлкен қоржынынан әр халыққа тіл үлестіріп жүріпті. Қытайлықтарға барып қытай тілін берген. Арабтарға барып араб тілін берген. Гректерге грек, орыстарға орыс, французға француз тілін берген. Тілдің неше түрі болса керек: бірі әуенді, бірі сазды, бірі қатқыл, үшіншісі сырлы, өрнекті, төртіншісі нәзік, әсем дегендей. Мынадай олжаға қарық болған халықтар кәдімгі адамша сөйлеп, өз тілінде шүйіркелесіп қалады. Тілдің арқасында біреуді біреу танып, бір халық екінші көрші халықты біліседі.



Сонымен, қойшы, өлгі қашыр мінген кісі біздің Дағыстанға жетеді. Жаңа ғана грузиндерге, кейін Шота Руставели өзінің поэмасын жазған грузин тілін беріп, кейін Коста Хетагуров өз сонеттерін жазатын осетин тілімен аралап шыққаны сол екен. Кезек бізге келіп жетіпті.

Алайда сол күні Дағыстанның тауларында қарлы құйын соғып кетпесі бар ма! Аңғардың қары алай-түлей бұрқырап аспанға шығып, түкті көрсетпей, жолды да, мекенді де жауып тастапты. Қара түнекте тек желдің ысқырғаны, жартастың гүрсілі. Қойсудың төрт саласының күркіреп тасығаны ғана естілсе керек.

– Қой, болмас, – дейді тілді үлестіруші мұртына мұзы қата бастаған соң, мына алай-түлейде мына жартастарға өрмелеп жүре ме сол.

Сөйтеді де, ол қоржынның түбінде өлі үлестірілмей қалған қос уыс тіл бар екен, соны біздің тауларға шаша-шаша салады.

– Таңдағандарыңды алыңдар, – дейді жөне.

Шашылған тілдерді боран алып қашып, тастан-тасқа, шатқалдан-шатқалға жеткізсе керек.

Сол кезде бүкіл дағыстандықтар үйлерінен шыға-шыға келіседі. Мың жылдар бойына күткен мына ырысқа, алтын нөсерге бірін-бірі итермелей ұмтылып, тұра-тұра жүгіреді. Бас салып, жармасып, қымбат дәнді тиген-тигенінше үлесіп алады.

Сонда әрқайсысы өз тілін тауып алады.

Үлестіріп алып, саклясына паналап, боранның басылуын тосады.

Таңертең тұрса, күн жарқырап, кешегі қардан түк қалмаған. Қараса – тау! Енді ол – «тау». Енді оны атымен атауға болып қапты. Қараса – теңіз! Ол енді – «теңіз». Оның да аты бар. Енді көзге көрінгеннің бәрін атауға болады. Не деген рақат! Мынау – нан, міне – мама, мынау – сакля, бұл – ошақ, мынау – ұл, мынау – көрші, өне, адамдар.

Жұрт далаға жүгіре шығып, бөрі үн қосып: «Тау», – деп айқай салған екен. Бақса, әрқайсысынікі өртүрлі шығады. «Теңіз!» – деп айқайлайды. Тағы да әр басқа. Содан былай авар, лезгин, даргин, құмық, тат, лак болып кете барады. Содан былай соның бөрі

Дағыстан болып аталады». Адамдар қойдан, қасқырдан, жылқыдан, шегірткеден ажырап, жіктеліп шығады. «Жылқы адам болуға бірдеңесі сәл-пәл жетпей қапты», – деседі. Ай, Алланың елшісі-ай! Сонда сен боран мен биік құздан қорқамысың! Көрмей, дөнеме етпей, бізге төге салармысың, соншама тілді? Бұйткенің не қылғаның? Жүрекпен, мінезбен, әдетпен, салтпен, бар тұрмыс күйімен қанша бауыр, жақын адамдарды бөліп, бөлек тіл бітірермісің.

Жә. Жарайды, соған да рақмет. Тілдің жаманы жоқ. Қалғанын өзіміз көріп алармыз. Бір-бірімізге жол тауып, ақтығына келгенде ортақ тіл жасап, бір-бірімізді ажыратпайтын болармыз.

Одан соң бізге Ақсақ Темір, арабтар, Иранның шахы келді, өз тілдерін бізге теліп баққысы келді. Алайда қолымызды қанша тартқылағанмен, саусақтарымыз жұлынған жоқ, біздің ағашымызды қанша теңселткенмен бұтақтарымыз сынған жоқ.

Ана тілім менің! Сен маған ризасың ба, білмеймін, бірақ менің тірлігім – сенсің, мен сені мақтан етем. Сонау тұңғиық терең жер түбінен жарыққа, күнге, жасыл шөпке асыққан бұлақ суындай ана тілімнің сөздері жүрегімнен қайнап шығып, алқымыма тіреледі. Ернім күбірлейді. Өз күбіріме өзім құлақ тігем, ана тілім, саған құлақ тігем, сонда маған бейне тұңғиықтан шымырлап шыққан таудың асау өзені елестейді. Мен судың бүлкіл қаққан дыбысын сүйем. Мен болаттың сыңғырын ұнатам, қынабынан суырылған екі қанжардың бір-біріне соғылған дыбысын сүйем. Осының бәрі менің тілімде бар. Сондай-ақ махаббат сыбырын да жақсы көреді.

Уа, менің ана тілім, сені де жұртқа білгізу маған өте қиын, сенің алуан түрлі үнің неткен әсем еді, авар боп тумаған кісіге үйрену де қиын оларды, о, егер біле қалсаң, оларды айту дүниенің рақаты емес пе, шіркін!

Халық көп, әр халықтың өз әдет-салты бар. Бар жерде солай. Адам дүниеге туады. Бір халықта баланы шоқындырады. Бір халықта сүндетке отырғызады, үшіншісінде туғаны туралы куәлік жасатады. Енді адам көмелетке келген кезде өзге төртіп, өзге салт. Оған қыз айттырады. Қыз айттыру деген, шынында да, салт. Ал үйленген соң, өзге салт тағы басталады. Дағыстанның үйлену

салты мен кәде-жорасын айтуға ұзақты күн жетпейді. «Дағыстан халықтарының салттары» деген кітапты қалағандарыңызға сыйлауға болады, үйге барған соң оқисыздар.

**Жоқ, Дағыстан, ол тек географиялық ұғым емес. Оның өз кескіні, өз мақсаты, өз арманы бар. Ортақ тарих, ортақ тағдыр, ортақ қасірет, ортақ қуанышы бар.**

**Жә, сонау тіл үлестіруші жолаушым, сен тауларымызды, ауылдарымызды, жүректерімізді аттап кетпей, шапағатыңнан құр қалдырмағаныңа рақмет!**

**Өз тілдерінде өлең айтып, ой ойлаған барлық жан, сендерге де рақмет!**

### **Менің ұлым авар анасы үйреткен тілді ұмытуға тиіс емес**

Тау ішінде өз тілін қастерлемейтін адам сый-құрметтен жұрдай болады. Шұбар тілмен жазылған жырын да ешқашан тау-ана оқымайды.

Күндердің күнінде Парижде бір дағыстандық суретшіні кездестірдім. Революциядан кейін іле-шала Италияға оқуға кетіпті де, итальян қызына үйленіп, еліне қайта алмай қалыпты. Тау ішіндегі дәстүрге үйреніп қалған әлгі дағыстандық жігіт көпке дейін өзінің жаңа отанына үйрене алмай жүріпті. Жержүзін талай шарлап, алыстағы бөтен елдердің жарқ-жұрқ еткен астаналарында да болыпты. Бірақ, қайда барса да, туған елін аңсап, зарыққан сезім соңынан қалмай-ақ қойыпты. Осындай сезімнің бояу арқылы бейнеге қалай айналдырылғанын көргім келді де, «өзің салған суреттерді көрсетші» деп өтіндім.

Бір суреттің аты «Елді аңсау» екен. Суретте байырғы авар киімін киген итальянка (суретшінің әйелі) бейнеленген. Ол тау ішіндегі бұлақтың басында тұр, қолында – атақты гоцатлин шеберлері нақыштап жасаған күміс құмыра. Тау баурайында – қайғырып, тұнжырап тұрған авардың тас ауылы. Ауыл үстіне төніп тұрған таулар бұдан да бетер қайғырып, тұнжыраулы. Тау төбесін тұман басқан.



– Тұман, – деді суретші, – көздің жасы. Таудың баурайын тұман басқанда, тастың тілім-тілім әжімін бойлап, мөлдір тамшы ағады ғой. Тұман – бұл мен.

Екінші суреттен тікенек бұтаның басында отырған құсты көрдім. Ал бұта болса, жалаңаш тасты қақ жарып шығып, өсіп тұр. Құс сайрап тұр да, оған өз үйінің терезесінен қайғылы бір тау қызы қарап тұр. Менің суретке назар аударғанымды байқап қалды да:

– Бұл аварлардың көне аңызының желісі бойынша салынған сурет, – деп түсіндірді суретші.

– Қандай аңыз бойынша?

– Құсты ұстап ап, торға қамап қойыпты. Торға түскен құс күні-түні бірдей: «Елім, елім, елім, елім, елім», – деп қақсай беріпті... Соңғы жылдар бойы тап осылай қақсап жүрген мен сияқты... Құс иесі ойлапты: «Мұның елі қандай екен, ол қайда болды екен? Мүмкін, мұның елі жұмақтағы ағаш өсіп, жұмақтағы құс мекендейтін гүл жайнаған тамаша бақ секілді шығар? Мен осы құсты далаға қоя берейін де, оның қай жаққа ұшып кеткенін көрейінші. Сонау алыстағы ғажап елдің жолын көрсетсін маған» деп ойлап, тордың қақпағын ашып, құсты босатып жіберіпті. Құс он қадам ұшып барыпты да, жалаңаш тасты қақ жарып, өсіп тұрған тікенек бұтаға қоныпты. Осы бұтаның жапырағының арасында оның ұясы бар екен. Мен де өз еліме, өзімді-өзім қамаған тордың терезесінен қарап жүрмін ғой, – деп аяқтады әңгімесін суретші.

– Елге неге қайтқыңыз келмейді?

– Кеш қой. Кезінде туған жерімнен жанып тұрған жас жүрегімді алып кетіп едім. Енді еліме қаудыраған қу сүйегімді қайтаруға хақым бар ма менің?

Парижден оралысымен, әлгі суретшінің туған-туысқандарын іздеп, тауып алдым. Таңғалғаным сонша, оның шешесі әлі тірі екен. Суретшінің туған-туысқандары жиналып, өздерінің елден безіп кеткен, туған жерін жат жерге айырбастап жіберген ұлы жайындағы әңгімемді күңіреніп, қайғы-қасіретпен тындады. Бірақ маған ұлына кешірім еткен секілді болып көрінді. Олар оның тірі жүргеніне қуанды ма, қалай, әйтеуір, кенеттен шешесі:



– Сендер аварша сөйлестіңдер ғой? – деп сұрады менен.

– Жоқ. Біз тілмаш арқылы сөйлестік. Мен – орысша, ал сенің балаң – французша.

Ұлының өлгенін жаңа ғана естігендей боп, суретшінің шешесі бетін қара орамалмен жауып ала қойды. Үйдің шатырын тырсылдатып, далада жаңбыр жауып тұр. Біз Аварда тұрмыз. Ал жердің екінші жағында, Парижде Дағыстанның адасқан ұлы да, мүмкін дәл осы сәтте жаңбырға құлақ салып отырған шығар... Біраз үндемей отырғаннан кейін, суретшінің шешесі айтты:

– Сен қателестің, Расул, менің ұлым баяғыда өліп қалған. Сенің көргенің – менің ұлым емес. Менің ұлым өзім үйреткен, авар анасы үйреткен тілді ұмытуға тиіс емес.

*Аударған Кенжеболат Шалабаев*



**5-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Үзіндідегі аңыздарды теріп алыңдар. Олардың повесть сюжетіне өсері қандай?
2. Дағыстанда «сөз» дегенге қандай мағына береді?
3. Суретші не себепті тұманды салды? Ол туған жеріне деген сағынышын қалай білдірді?
4. Суретшінің анасы неге оны өлдіге санады?



**6-тапсырма.** Берілген эпизод повестің композициялық жүйесінде қандай орын алады? Автордың ана тілі туралы толғанысын «Ана тілі» өлеңіндегі ойлармен салыстырыңдар.

«Ана тілім менің! Сен маған ризасың ба, білмеймін, бірақ менің тірлігім – сенсің, мен сені мақтан етем. Сонау тұңғыық терең жер түбінен жарыққа, күнге, жасыл шөпке асыққан бұлақ суындай ана тілімнің сөздері жүрегімнен қайнап шығып, алқымыма тіреледі. Ернім күбірлейді. Өз күбіріме өзім құлақ тігем, ана тілім, саған құлақ тігем, сонда маған бейне тұңғыықтан шымырлап шыққан таудың асау өзені елестейді. Мен судың

бүлкіл қаққан дыбысын сүйем. Мен болаттың сыңғырын ұнатам, қынабынан суырылған екі қанжардың бір-біріне соғылған дыбысын сүйем. Осының бәрі менің тілімде бар. Сондай-ақ махаббат сыбырын да жақсы көреді.

Уа, менің ана тілім, сені де жұртқа білгізу маған өте қиын, сенің алуан түрлі үнің неткен әсем еді, авар боп тумаған кісіге үйрену де қиын оларды, о, егер біле қалсаң, оларды айту дүниенің рақаты емес пе, шіркін!»



**7-тапсырма.** Автор бейнесін анықтап, оның туған тіл туралы айтқан ойын, авторлық фразеологизмдерді дәптерге теріп жазыңдар.



**8-тапсырма.** «Тіл құдіреті» тақырыбында сұхбат жасаңдар. Сұхбатта *ана тілі, туған жер, Отан, отбасы, ата-ана* сөздерін пайдаланыңдар.



**9-тапсырма.** Хрестоматиядан повестің «Үй» бөлімін оқып, қысқаша айтып беріңдер.



**10-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, суретшінің салған суретіндегі бейнелер туралы айтып беріңдер.

**1-мәтін. Уақыт мөлшері: 5 минут.**



**11-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, қанша халықтың тілі аталғанын анықтаңдар.

**2-мәтін. Уақыт мөлшері: 5 минут.**



**12-тапсырма.** Расул Ғамзатовтың шығармаларын тіл туралы жазылған басқа да ақын-жазушылардың шығармасымен салыстырыңдар. Ерекшелігі мен ұқсастығын анықтаңдар.



**13-тапсырма.** «Ана тілің – арың бұл» деген тақырыпта эссе жазыңдар. Эсседе қазіргі уақыттағы тіл мәселесі туралы ойларыңды ортаға салыңдар.



## СӨЗ СОҢЫ



– Қымбатты оқушылар! Бір жыл бойы біз сендермен көркемсөз мұхитының тамшысын ғана таттық. «Туған жерім – аялы алтын бесігім» бөлімінде «Аяз би» ертегісінің ақылды, тапқыр кейіпкері арқылы халқымыздың дана дүниетанымын білдік. Әл-Фарабидің өлеңдеріндегі сағыныштан туған өлкеміз қайда жүрсек те, жадымызда, жүрегімізде болатынын түсіндік. Айбынды Доспамбет жыраудың толғауларындағы жер мен Отанға деген сезімдерден еліміздің байлығын сақтап, қорғау керек екеніне назар аудардық.



– «Абайды оқы, таңырқа!» бөліміндегі ұлы ақын Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен қарасөздерінен көп тәрбие алдық. Абай мұрасын әлі де оқып-білуге талпыну керек.



– «Мен – балаң, жарық күнде сәуле құған...» деген бөлімде қазақтың қайсар ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың алдына қойған мақсат-мүддесінен өз ой-арманымызды анықтадық. Біз де оқу оқып, білім алып жатқанымызды сезініп, С. Мұратбековтің «Жусан иісі», О. Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат», Қ. Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» шығармаларындағы кейіпкерлермен қоса тіршіліктің талай соқпағына сапар шектік.



– «Тәуелсіздік – қасиет тұнған ұлы ұғым» бөлімінде қазіргі қазақ әдебиеті өкілдері Е. Жүніс пен А. Алтайдың өлең, әңгімелеріндегі жаңа тынысты байқадық. Тәуелсіздіктің маңыздылығын ойымызда бекіте түстік. Ал авар ақыны Р. Ғамзатовтың туындыларынан қай халықтың болмасын өз ана тілі бәрінен биік, асқақ тұратынын түсіндік.



– Жас достар! Келесі оқу жылына дейін өз білімдеріңді одан әрі толықтыру үшін жаз бойы мұғалімнің ұсынған, өздерің қызыққан көркем шығармалардан қол үзбеңдер. Көркем шығарма оқу арқылы өз ойларыңды нақтылы әрі терең етіп жеткізуді үйренесіңдер. Сапарларыңа сәттілік тілейміз!



## МАЗМҰНЫ

Сөз басы .....	4
----------------	---

### ТУҒАН ЖЕРІМ – АЯЛЫ АЛТЫН БЕСІГІМ

Аяз би ( <i>Ертегі</i> ) .....	7
<b>Алып Ер Тұңға</b>	
Алып Ер Тұңғаны жоқтау .....	19
<b>Әбу Насыр әл-Фараби</b>	
Қашықтасың туған жер.....	25
Тіршілікте құрыштай бол төзімді.....	27
<b>Доспамбет жырау</b>	
Қоғалы көлдер, қом сулар .....	30
Айналайын Ақжайық .....	32

### АБАЙДЫ ОҚЫ, ТАҢЫРҚА!

<b>Абай Құнанбайұлы</b>	
Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін .....	39
Ғылым таппай мақтанба.....	41
Бірінші сөз .....	44
Жетінші сөз.....	47
Отыз бірінші сөз.....	50

### МЕН – БАЛАҢ, ЖАРЫҚ КҮНДЕ СӘУЛЕ ҚУҒАН...

<b>Сұлтанмахмұт Торайғыров</b>	
Шығамын тірі болсам адам болып .....	55
Шәкірт ойы .....	57
<b>Сайын Мұратбеков</b>	
Жусан иісі ( <i>Повестен үзінді</i> ).....	63
<b>Оралхан Бөкей</b>	
Тортай мінер ақ боз ат ( <i>Әңгімеден үзінді</i> ) .....	78
<b>Қалмақан Әбдіқадыров</b>	
Қажымұқан ( <i>Повестен үзінді</i> ) .....	86
Қар күреген бала .....	86
Жаяу сүйреген шана.....	90

## ТӘУЕЛСІЗДІК – ҚАСИЕТ ТҮНҒАН ҰЛЫ ҰҒЫМ

**Ерлан Жүніс**

Менің атым – Тәуелсіздік .....99

**Асқар Алтай**

Прописка (*Әңгіме*) ..... 103

**Расул Ғамзатов**

Ана тілі ..... 113

Менің Дағыстаным (*Повестен үзінді*) ..... 115

Сөз..... 115

Менің ұлым авар анасы үйреткен тілді

ұмытуға тиіс емес ..... 119

Сөз соңы..... 124

О қ у б а с ы л ы м ы

**Ақтанова Айман Советқызы**  
**Жундибаева Арай Канапияқызы**  
**Жүмекенова Ләйлә Кәкенқызы**

## **ҚАЗАҚ ӨДЕБИЕТІ**

Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық

Редакторы *А. Хасенова*  
Суретшісі *Б. Ералиева*  
Көркемдеуші редакторлары *З. Ауельбекова, Д. Сабитаева*  
Техникалық редакторы *Ү. Рысалиева*  
Корректоры *Ү. Бахова*  
Компьютерде беттеген *Ә. Омарова, Д. Айтжанов*

ИБ № 054

Теруге 25.01.2018 берілді. Басуға 17.05.2018 қол қойылды. Пішімі 70x90<sup>1/16</sup>.  
Офсеттік басылым. Офсеттік қағаз. Өріп түрі «мектептік». Шартты баспа табағы 9,36.  
Есептік баспа табағы 7,21. Таралымы 40 000 дана. Тапсырыс № 3436.  
«Атамұра» корпорациясы», ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.  
Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,  
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

